

## **Атырау облысының 2010 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы**

Екінші сайланған Атырау облыстық Мәслихаты кезектен тыс XVI сессиясының шешімі 2002 жылғы 6 ақпандағы NN№183-II. Атырау облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 21 наурызда N 840 тіркелді.

Облыстық әкімияттың 2002 жылғы 17 қаңтардағы N 79 "Атырау облысының 2010 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы" қаулысын талқылап, екінші сайланған облыстық Мәслихаттың XVI сессиясы шешім етті:

1. Облыстық әкімият ұсынған "Атырау облысының 2010 жылға дейінгі

Стратегиялық даму жоспары" бекітілсін (NN№1 қосымша).

2. Қалалар және аудандар әкімдері, облыстық департаменттер, басқармалар мен шаруашылық субъектілері "Атырау облысының 2010 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының" жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

Облыстық

Мәслихат ХУІ сессиясының

төрағасы

Облыстық

Мәслихат хатшысы

Атырау облысының 2010 жылға дейінгі

Стратегиялық даму жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 U010735\_ "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Жарлығын орындау барысында облыс әкімияты қаулы етеді:

1. Атырау облысының 2010 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары (NN№1

қосымша) мақұлданысын және Мәслихаттың кезекті сессиясына бекітуге ұсынылсын.

2. Қалалар мен аудандар әкімдері, облыстық бөлімдер, департаменттер мен басқармалар жылына екі рет - 5 қаңтарға және 5 шілдеге облыстық экономика және кәсіпкерлікті дамыту басқармасына Атырау облысының 2010 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат беріп отырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары

Е.М.Досмағамбетке жүктелсін.

I бөлім. Атырау облысының 2010 жылға дейінгі даму үлгісі

II бөлім. Әлеуметтік саясат

1. Халық санының стратегиясы (демографиялық дамуы)
2. Білім реформасының стратегиясы
3. Денсаулық реформасының стратегиясы
4. Жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау стратегиясы

III бөлім. Өнеркәсіптік-технологиялық саясат

IV бөлім. Агроиндустриялық саясат

V бөлім. Көлік инфрақұрылымы

VI бөлім. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстары

VII бөлім. Салық-бюджеттік саясат

VIII бөлім. Инвестициялық саясат

IX бөлім. Күтілетін нәтижелер

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауымен белгіленген

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму Стратегиясының алдын ала кезеңін іске асыру мақсатында Атырау облысы әкімінің 1998 жылғы 26 сәуірдегі N 156-шешімімен Атырау облысының 1998-2000 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының Стратегиялық жоспары қабылданып, жүзеге асырылды.

Облыстың 2010 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімді перспективасының міндеттерін шешуге бағытталған.

I бөлім

Даму үлгісі

1. Бастапқы жағдайлар

Мұнайгаз өндіру және өңдеу, ауылшаруашылығы және балық салалары облыс экономикасының басым бағыттары болып табылады, оның басым үлес салмағы отын-энергетикалық кешеніне тиеді.

2001 жылы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 436,2 млрд. теңгеге жетті, жалпы көлем индексі 2000 жылға қарағанда 116,8 % құрады. Өндіріс көлемінің өсуіне жалпы облыс көрсеткіші үлесінің 94 пайызынан артығын құрайтын мұнай өндіру саласы

кәсіпорындарының және әлемдік рыноктегі көмірсутегі шикізаты бағасының жоғарғы деңгейі есебінен қол жеткізілді.

2001 жылы тау-кен өнімдерін өндіру өнеркәсібінде 404,0 млрд.теңгенің өнімі өндірілді, жалпы көлем индексі 2000 жылмен салыстырғанда 18,2% артты.

15,6 млн. тонна мұнай өндірілді, ол 2000 жылғы деңгейден 15,9 % артық.

Өңдеу өнеркәсібінде 2001 жылдың қаңтар айынан желтоқсан айына дейінгі кезеңде 26.3 млрд.теңгенің өнімі өндіріліп, 2000 жылмен салыстырғанда өндіріс көлемі 4,1%-ға артқан.

Электр қуатын, газ және су өндіру және тарату көлемі 5,8 млрд.теңге құрады. Электр қуатын өндіру және тарату 7,7%, бумен және ыссы сумен қамту 7,4%, су жинау, тазалау және тарату 20,7% көбейген.

Кәсіпорындар мен мекемелердің инвестициялық белсенділігі артты. 2001 жылы негізгі капиталға инвестиция жұмсау көлемі 182,1 млрд.теңге құрады, 116,1 мың текше метр тұрғын үй тапсырылды.

Ауылшаруашылығы өндірісінде шамалы төмендеу байқалады. Өткен жылы ауылшаруашылығы өнімінің жалпы көлемі ағымдағы бағада 4,9 млрд.теңге құрады, яғни 2000 жылға қарағанда 3,2%-ға кем.

Сыртқы сауда айналымы құрылымында шикізаттық бағыт басым болып отыр. 2001 жылы сыртқы сауда айналымы 2000 жылмен салыстырғанда 6,1 %-ға азайып, 2,7 млрд. Америка Құрама Штаттары долларын құрады. Экспорт көлемі 2,1 млрд. Америка Құрама Штаттары долларын, импорт - 0,6 млрд. Америка Құрама Штаттары долларын құрады. Экспорттың импорттан басымдығы 3,5 есе.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны, осы салада жұмыс істейтіндер саны, өндірілетін өнім көлемі тұрақты өсуде. 2001 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 12745 бірлік болды, яғни 2000 жылғы көрсеткіштен 8,2% артық.

2001 жылы шағын кәсіпкерлік саласында өндірілген өнім көлемі 17,4 млрд.теңге, жұмыс істейтіндер саны - 32,9 мың адам, 2000 жылға қарағанда өсім 104,2% құрады.

Мұнай өндіруші сала кәсіпорындарының тұрақты жұмысы, еркін теңге бағамының енгізілуі, облыстың ірі салық төлеушілерінің мониторингісін жүргізу және қазыналық органдары тарапынан салықтарды әкімшілік қадағалауы салық түсімінің неғұрлым көбеюіне мүмкіндік берді.

Салық және бюджетке түсетін басқа төлемдер сомасы 2002 жылдың 1 қаңтарына болжамдағы 94,9 млрд.теңге орнына 146,4 млрд.теңге құрап 154,0 %-ға орындалды.

2002 жылдың 1 қаңтарына облыс бюджеті, болжамдағы 46,8 млрд. теңгенің орнына, нақты 48,5 млрд. теңге түсті, 104,0% орындалды.

Облыстың тұрақты халқының саны 2001 жылдың 1 қарашасына жүргізілген санақ қорытындысы бойынша 449,4 мың адам болды.

Облыс халқының үлесі Қазақстан Республикасы халқы жалпы көлемінің 3,0% құрайды.

Облыс халқының саны табиғи өсу есебінен көбеюде. Атырау облысы халық саны бойынша Қазақстан Республикасының батыс аймағындағы облыстар ішінде үшінші орын алады.

Еңбек нарығын сипаттайтын талдау жұмыс сұрап келушілер санының жыл сайын өсіп отырғанын көрсетеді.

Экономика саласында жұмыс істейтіндер саны кемуінің негізгі себебі

өткен жылдары жұмыс көлемінің азаюынан қызметкерлерді жұмыстан босату, жұмыс көлемінің қысқаруы, өндірісті саралау және қайта құрылымдау, төлем қабілеті жоқтығынан кәсіпорындарды тарату, сондай-ақ жасырын жұмыссыздық болып табылады.

2002 жылдың аяғына облыс бойынша жұмыссыздық деңгейі экономикалық белсенді халықтың 4,6% құрады. 2001 жылдың аяғында бұл көрсеткішті тоқтап тұрған кәсіпорындарды сауықтыру, жаңа өндірістерді іске қосу, соның ішінде шағын кәсіпкерлік желісі бойынша, қосымша жұмыс орындарын ашу және жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру есебінен 4,3% дейін кемітуге қол жетті.

## 2. Мақсаты

Ұзақ мерзімді бәсекелестік қабілеттегі - экономика негіздерін құру.

2010 жылға қарай жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім деңгейін екі есе арттыру.

## 3. Даму үлгісі

Өнеркәсіп әлеуметін арттыру.

Инфрақұрылымды дамыту.

Инвестициялық саясат.

Бюджет-салық саясаты.

Әлеуметтік саясат.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту.

Экология және қоршаған ортаны қорғау.

### 3.1. Өнеркәсіп әлеуметін ұлғайту

#### 3.1.1. Тау-кен өндіру өнеркәсібі қуаттарын дамыту

Тау-кен өндіру өнеркәсібі қуаттарын дамыту құрылықтағы сияқты Каспий теңізі қайраңында да жаңа кен орындарын іске қосу есебінен 2010 жылға дейін мұнай өндіру көлемі 75,9 млн. тоннаға және газды 12 млрд. текше метрге көбеюіне байланысты болады.

#### 3.1.2. Өңдеу өнеркәсібі қуаттар дамуы

Өнеркәсіп өнімі көлемін орта есеппен 110-120% көбейту, соның ішінде:

мұнай өңдеу бойынша "Атырау Мұнай өңдеу зауыты" ашық акционерлік қоғамында жаңғырту және өңдеу тереңдігін арттыру есебінен;

Полипропилен химия өндірісі және одан шығатын өнімді қалпына келтіру бойынша ("Полипропилен зауыты");

Мәшине жасау кешені ("Заман-Нефтемаш") - "Шельф" акционерлік қоғамы бойынша;

Полиэтилен құбырын шығару бойынша, "Шеврон Мұнайгаз Инк" компаниясы; қуаты 1 мың тонна/сағат күкіртті түйіршіктеу қондырғысының құрылысын салу оны жол құрылысында пайдалану.

3.1.3. Мұнай мәшине жасау өнеркәсібі саласын дамыту

Тапсырыстарды көбейту ("Заман-Мұнаймаш" және "Шельф" акционерлік қоғамы):

"Қазақойл" ұлттық мұнай компаниясынан.

"ҚазТрансОйл" жабық акционерлік қоғамынан.

Әскери тапсырыстар алу:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінен.

Айырбастау бағдарламасын жүзеге асырудан.

3.1.4. Құрылыс индустриясының дамуы

Қызылқоға және Махамбет аудандарындағы балшық кен орындарын пайдаланып, кірпіш зауытының құрылысын жобалау және салу. Аққыстау кенті кірпіш зауытындағы қабырғалық материалдың Құрманғазы ауданының кен орнынан сапасы жоғары балшықты жеткізу негізінде оның тұздылығын азайту есебі мен сапасын және бояғыштар есебінен көркемділігін арттыру. "Индерқұрылыс индустрия" жабық акционерлік қоғамында шығарылатын өнімдердің номенклатурасын кеңейту: қабырғалық панелдер, ғанышты картон, жаяу жол плиткасы, кірпіш, керамзит-бетонды, арқақабырға және төбелік блоктар, құм, қиыршықтас және басқа инерциялық материалдар.

Құрылыс және құрылыс индустриясы объектілері

Тұрғын үй: Муниципалдық облигацияларды шығару есебінен екінші деңгейдегі банкілерден ипотекалық несиелеуге несие қаржы алу;

"Тұрғын үй жинағы" тетігін енгізу, ипотекалық несиелеуді дамыту;

"Тенгизшевройл деревнясының" университет жақ жағалаудағы тұрғын

үйлер, "Финтрако" тұрғын үй қалашығының, басқа инвесторлар есебінен 500 пәтердің құрылысы "Бонита Инжиниринг" тұрғын үй кешені;

600 пәтерлік "Қазақойл-Ембі" ашық акционерлік қоғамының тұрғын үй кешені, "Даир" жауапкершілігі шектелулі серіктестігінің тұрғын үйі;

42 пәтерлік "Алматыгорстрой" элиталық тұрғын үйлері қонақ үйі және мейрамханасы бар CRE тұрғын үйі, "Шамаев А" жеке кәсіпкерлігінің 30 коттедждік тұрғын үйлер кешені;

Қонақ үйлер:

"Ақ жайық", "Атырау" қонақ үйлерін жаңарту;  
жеке кәсіпкер Жамалитденовтың мейрамханасы бар үш қабатты қонақ үйі;  
"РСД" тобының 90 орындық қонақ үйі;  
"Ренко-Кат" қонақ үйін салу;  
"Шағала" қонақ үйіне жапсырма құрылыс;  
Бизнес-офистер:  
Құрманғазы алаңындағы 2-3 бизнес-офис;  
Теңізшевройл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің офисі;  
"Казтрансойл" жабық акционерлік қоғамының офисі;  
"Атырау Плаза" Бизнес орталығы, "Алматыгорстрой" Бизнес орталығы,  
"Каспий ЛТД" Бизнес орталығы;  
"Capital Real Estate" бизнес-орталығы, "Свифт" компаниясының  
офисі; "Каспий ЛТД" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің офисі;  
Супермаркет:  
500 орындық мейрамханасы бар "Абылайхан" сауда кешені;  
"Меркур ТАУН" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің автоорталық  
кешені;  
Мейрамханалар:  
"Заманмұнаймаш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мейрамханасы  
мен боулинг орталығы;  
Ойын-сауық объектілері:  
"Атыраунефта" салтанат залы;  
"Қазақойл" Атырау мұнай өңдеу зауытының дене шынықтыру кешені;  
"Каспийстройконтракт" мәдени көңіл көтеру кешені;  
"Сорочинка" демалыс аймағы;  
Университеттің спорттық кешені;  
Екі қабатты "Отау синема" кинотеатры;  
Құрылыс индустриясы:  
полиэтилен құбыры зауыты - 2002 жылдан бастап "Шеврон"  
корпорациясының инвестициясы;  
кірпіш зауыттары (инвесторлар іздестіру);  
асфальт зауыты ("Алматыинжстрой");  
металл жабынды зауыты;  
темір-бетон бұйымдарының зауыты (инвесторлар іздестіру);  
гипсокартон зауыты (2001 жылы іске қосылды).

### 3.1.5. Импорталмастыру

Республикадан тыс жерлерден әкелінетін тауарлардың номенклатурасы бойынша электрондық мәліметтер базасын құру және олардың отандық зауыттарда және кәсіпорындарда шығару мүмкіндігі, соның ішінде топтар

бойынша:

Жабдықтар, қосалқы бөлшектер;

Құрылыс материалдары және қызмет көрсетулер;

Мұнай химиясы өнімдері;

Тамақ және өңдеу өнеркәсібінің тауарлары;

Сервистік қызмет көрсетулер.

Ішкі ресурстарды және жұмыс істеп тұрған қуаттарды пайдалану жөнінде шетел және отандық компаниялармен жұмыс.

Үкіметпен және басқа орталық атқарушы органдармен тиісті нормативтік құжаттарды дайындау үшін өзара қарым қатынас жасау, импорт алмастыру бағдарламасы бойынша іс-шараларды жүзеге асыру.

Ақпараттық кеңістік және өзара тиімді ынтымақтастық құру үшін әр түрлі көрмелер, конференциялар, жәрмеңкелер өткізу.

Компаниялардың халықаралық үлгідегі "Сапа сертификаты және менеджменті" 9000-9005 сериясына сәйкес сапалы өнім шығаруға көшуі.

### 3.1.6. Ауылшаруашылығы даму бағыттары

2001-2002 жылдарға арналған ауылшаруашылығы өндірісін дамытудың аймақтық бағдарламасын іске асыру;

Экономикалық реформаны тереңдету, шағын және орта бизнес субъектілерін қаржылай қолдау, село халқының жұмыспен қамтылуын арттыру;

Мемлекеттік ресурстардан Пилоттық жоба бойынша ауылшаруашылығы өндірісін несиелендіру;

Асыл тұқымды шаруашылықтарды дамыту, мал басының, соның ішінде мүйізді ірі қара басының санын 5,1% көбейту, түйені - 2,9% және мал шаруашылығының өнімділігін 2,5% және өсімдік шаруашылығын 5,6% арттыру;

Көтерме-дайындау құрылымы, мәшине-технологиялық стансалар жүйелерін дамыту ;

Өсімдік зиянкестерімен және ауруларымен күрес;

Ирригациялық жүйені дамыту.

### 3.1.7. Балық шаруашылығы

Балық шаруашылығы су айдындарына күрделі мелиорация жүргізу (Жайық -

Каспий теңізі арнасында, өзен, еріктерде, табиғи уылдырық шашатын орындар түбін тереңдету жұмыстары);

Жаңа бекіре балығын өсіретін зауыт салу;

Жаңа технологияны игеру және енгізу (креветка өсіру, тауарлық бекіре шаруашылығы);

Балық аулайтын шаруашылықтарды техникалық жағынан қайта жарақтандыру ("Өзен-Теңіз" үлгісіндегі кемелер, балық аулайтын жабдықтар сатып алу),

балық өндеуді жақсарту;

Құрманғазы ауданында "Атыраубалық" акционерлік қоғамының балық өндеу зауытын салу.

### 3.2. Инфрақұрылымды дамыту

#### 3.2.1. Теңіз мұнайгаз инфрақұрылымын дамыту

Теңіз мұнайгаз инфрақұрылымының дамуы Каспий қайраңындағы мұнай мен газдың айтарлықтай қорының ашылуына байланысты.

Жолдары:

Облыс әкімшілігінің Батыс Қазақстан инфрақұрылымын дамыту жөніндегі үйлестіру комитетінің жұмысына қатысуы, "Аджип Казахстан Каспион Оператинг", "Тенгизшевройл" басқару органдарындағы өкілдігі;

Теңіз терминалының дамуына әр түрлі қаржы көздерінен қаражат, жабдықтау базасын және тағы басқалар тарту;

Теңіз мұнайгаз инфрақұрылымын дамытумен айналысатын компаниялар үшін

салық төлеу және ынталандыру тетіктерін дайындауға қатысу.

#### 3.2.2. Тұрба құбыры тасымалының дамуы

Облыста айтарлықтай өндірістік база құрылып қалыптасуда. 2001 жылдың қарашасында жылдық өткізу қабілеті 28 млн. тонна, ұзындығы 1580 шақырым Каспий тұрба құбыры консорциумының "Теңіз-Новороссийск" мұнай құбыры пайдалануға берілді, екінші кезеңін іске қосу қуатын 67 млн. тоннаға жеткізуге мүмкіндік береді.

Үлкен Шаған-Атырау мұнай құбырының, баламалық экспорттық құбырларының құрылысы.

#### 3.2.3. Қала және кенттерді көріктендіру

Жерді құрғату дренаждық жүйесін құру;

Нөсерлік канализацияның құрылысы;

Жолдар салу;

Кварталдарды көркейту;

Парктерді көгалдандыру және ұйымдастыру.

#### 3.2.4. Көлік инфрақұрылымының дамуы.

Өйғаш өзені арқылы Ресей жақтың қатысуымен (50%) көпір салу;

"Қазақстан Теміржолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорынның қаржысы есебінен Атырау қаласының темір жол вокзалын жаңарту аяқталды;

Атырау қаласы өзен портын жаңарту-инвестор іздеу;

Жайық-Каспий теңізі арнасының табанын тереңдету жұмыстарын үнемі жүргізу;

Атырау қаласында Жайық өзені арқылы қосымша 1 жаяу жүргіншілер көпірін салу.

3.2.5. Мәдениет, спорт және денсаулық сақтау саласының дамуы:  
Теледидарламаны жаңғырту және облыстың барлық аудандарын  
Қазақстандық арналардың телехабарлар желісімен қамту;  
Атырау мәдениет қайраткерлері мен жас дарындардың ел ішінде және  
шетелдерге гастрольге шығуларын ұлғайту;  
Атырауға отандық және шетелдік шығармашылық ұжымдарды гастрольге  
шақыру;  
Көкшетауда Атырау облысының мәдениет күндерін өткізу;  
Кіші саз академиясында классикалық саз сыныптарын ашу;  
Симфониялық оркестр құру;  
Дарынды балалар үшін спорт және ат-спорты бөлімдерін және  
мектеп-интернатын кеңейту;  
Ипподром салу;  
"Буревестник" стадионын жаңғырту;  
Футболдан жоғары лига командасын құру;  
Компаниялар қаржысы есебінен білім қорын құру;  
"Бизнес-инкубатор" құру - "Тенгизшевройл" мекемесінің қаржысы бөлінді;  
Мектептер салу;  
Облыстық аурухана мен Махамбет поселкесінде аудандық аурухананы  
тапсыру;  
Туберкулез мектеп-интернатын кеңейту;  
Туберкулезбен күресті күшейту;  
"Геолог" санаториясын жаңарту және оны жыл бойы жұмыс істеуге көшіру;  
"Мұнайшы" денешынықтыру-сауықтыру кешенін салу.

### 3.3. Инвестициялық саясат. Негізгі бағыттары

Қарызға алу лимиті бойынша (млн теңге) 2001 жылы:

а) Әлемдік Банктің қарызы есебінен жергілікті бюджетке несие:

Атырау қаласын сумен жабдықтау және санитариясы Пилоттық жобасы -  
759,0

б) Атырау облысының 2001 жылға арналған аймақтық Инвестициялық  
бағдарламасының жобасы:

Муниципалдық тұрғын үй құрылысы - 550,0

Облыстың 7 елді мекендеріндегі су тазарту қондырғыларының құрылысы  
- 431,0

Металл жабынды өндіретін шағын зауыттың құрылысы - 193,3

Елді мекендерді газдандыру - 930,0

Жол құрылысы - 519,6

Баспахана құрылысы - 127,4

в) Қайта құру және даму Еуропалық Банкісінің қарызы есебінен

жергілікті бюджетке несие

Атырау қаласының аумағын жерасты суларынан инженерлік қорғау - 903,0

2001 жылға арналған Республикалық бағдарламалар бойынша:

Атырау мұнай өңдеу зауытын қалпына келтіру - 308,0 млн \$;

Атырау аэропортының ұшу-қону алаңын қалпына келтіру - 20,0 млн \$;

Атырау-Орал автожолын қалпына келтіру (Жапония қарызы) - 34,0 млн \$;

Атырау-Астрахань автожолын жөндеу - 139,0 млн.теңге;

Доссор-Құлсары-Бейнеу автожолын жөндеу - 16,1 млн. теңге;

Атырау-Орал автожолын жөндеу - 17,3 млн. теңге.

2001 жылы тікелей инвестициялар жұмсалып есебінен:

"Тенгизшевройл" офисінің құрылысы;

"Тұрғын үйлер қалашығын" қалпына келтіру;

"ҚазТрансОйл" офисінің құрылысы;

"ҚазТрансОйл" тұрғын үйлерінің құрылысы;

"Ақ жайық" қонақ үйін қалпына келтіру;

"Атырау" қонақ үйін қалпына келтіру;

"Ренко Кат" офисін салу.

#### 3.4. Бюджет-салық саясаты

Қатаң қаржылық әкімшілік ету (басқару);

Бюджеттік бөліну;

Бюджеттік алулардың негіздемелік тетіктерін енгізу;

Салық салу базасын кеңейту, бюджетті толықтырудың қосымша көздерін қарастыру;

Нормадан тыс табиғатты пайдаланғаны үшін айыппұлды көбейту, жылу шығарындылары үшін төлемді енгізу, соның ішінде Тенгизшевройл мекемесі үшін.

#### 3.5. Әлеуметтік саясат

##### 3.5.1. Кедейшілікпен күрес

Әлеуетті жұмыспен қамтуларды айқындауға бағытталған шараларды әзірлеу;

Атаулы әлеуметтік көмек көрсету;

Жұмыссыздарды кәсіби дайындауға және қайта оқытуға тарту.

##### 3.5.2. Жоғары білікті жергілікті кадрлар дайындау және жұмыспен қамту

Жаңа жұмыс орындарын құрудың мониторингісін өткізу;

Жергілікті мамандарды бағдарлау және қайта даярлау жөнінде шаралар әзірлеу;

Білім үдерісінің сапасын арттыру жағдайын қалыптастыру;

Кәсіби дайындау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру жөніндегі аймақтық оқу орталығын құру.

##### 3.5.3. Аз қамтылғандарды және қарттарды қорғау;

Жылу төлемін азайту;

соның ішінде:

қызмет ұсынушылар есебінен соғыс ардагерлеріне 50% жеңілдік;

Барлық аз қамтылғандарды кәсіпорындардың қарамағына бекіту;

Әрбір отбасында бір адамның жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

### 3.6. Шағын кәсіпкерлікті дамыту

#### 3.6.1. Шағын кәсіпкерлікті дамыту

Кәсіпкерлік қызметтің дамуына қолайлы жағдай жасау;

Шағын кәсіпкерлік саласын кеңейтудің кешенді жолын әзірлеу;

Кәсіпкерлікке кадр дайындаудың тиімді жүйесін ұйымдастыру;

Каспий маңы аймағына тұрақты дамыту Орталығын құру;

Бизнес-инкубаторлар құру.

#### 3.6.2. Облыстағы шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымдары

Мақсаты:

Кәсіпкерлердің мүддесін кеңінен ұсыну және заң органдарымен мүдделерін қорғау жөніндегі қызметті үйлестіру, кеңес беру қызметін көрсету.

Бастапқы кезде кәсіпкерлерге бизнес-жобаларды жасауға көмектесу.

Инфрақұрылымдар:

Кәсіпкерлердің облыстық қауымдастығы (сондай-ақ, облыс аудандарында кәсіпкерлердің аудандық қауымдастығы және шаруа қожалықтары);

Біріккен ұлттар ұйымдарының даму бағдарламасының Кәсіпкерлікті қолдау орталығы;

Мемлекеттік емес ұйым "Атырау Бизнес Контакт";

Сауда-өнеркәсіптік палата;

Өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлердің республикалық одағының Атырау филиалы;

Пилоттық шағын несиелеу орталығы;

Іскер әйелдер қауымдастығы;

Жергілікті кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі "Шеврон Мұнайгаз Инк" бөлімі;

"Айрекс" Бағдарламасы (Жұртшылыққа Интернетті және тренингті тегін пайдалануды ұсыну).

### 3.7. Экология және қоршаған ортаны қорғау

#### 3.7.1. Қоршаған ортаны қорғау

Каспий экологиялық бағдарламасы;

Био әртүрлілігі жөніндегі орталық;

Теңіз деңгейінің тербелісі жөніндегі орталық;

2001 жылы Атырауда көшпелі мәжіліс өткізу;

"Экологиялық жағдайды сауықтыру және Каспий теңізінің Солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аумағын дамыту" мемлекеттік Кешенді бағдарламасын әзірлеу;

"Азғыр" сынақ алаңын оңалту;

"Тайсойған" сынақ аумағын жабу немесе бір бөлігін мұнай өндіру жұмыстарына қайта алу;

Экологиялық лабораторияны жарақтандыру - 185,0 млн. теңге бөлінді;

"Тенгизшевройл" мекемесінің газ шығарындыларына, "Аджип Казахстан Каспион Оператинг" мекемесінің шығарындыларына қойылатын талапты қатаңсыту;

Браконьерлікпен күресті күшейту;

Денсаулық және экология мәселесі бойынша Атырауда сәуір айында

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің көшпелі сессиясын өткізу;

Сарқамыс кентін көшіру;

Қоқыс өңдеу зауытының құрылысы;

37 елді мекендерінде су тазарту қондырғыларын орнату.

3.7.2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік-құқықтық базаның жағдайын жақсарту.

Нормативтік-құқықтық базаның нашарлығынан бюджеттің жоғалтқаны:

Жылу шығарындылары бойынша 1998-2000 жылдар ("Тенгизшевройл") кезеңінде - 1,2 млрд.теңге, соның ішінде жергілікті - 0,6 млрд.теңге.

Қалдықтарды орналастыру бойынша 1998-2000 жылдар кезеңінде ("Тенгизшевройл", күкірт) - 0,7 млрд. теңге, соның ішінде жергілікті - 0,35 млрд.теңге.

Мақсаты:

Әкімият жылу шығарындылары мен қалдықтарды сақтау үшін төленетін төлем бойынша нормативтік-құқықтық базаны жедел дамытуға белсенді араласатын болады.

3.7.3. Қоршаған ортаның құрамдас бөліктері бойынша табиғат қорғау шараларын іс-қимыл бағыттары

3.7.3.1. Мұнайгаз кешені қызметінің нәтижесінде Каспий теңізі суының ластануының алдын алу жөнінде:

Инженерлік-қорғау қондырғысының құрылысы;

Мұнай кен орындары мен барлау ұңғырларын түгендеу және жою;

Теңізге мұнай төгілуінің алдын-алу жүйесінің әсерін зерттеу;

Солтүстік Каспий биоресурстарының мұнаймен ластану әсерін зерттеу;

3.7.3.2. Топырақ-өсімдік жамылғысының тозуы:

Өндіру, тасымалдау және мұнай өңдеу техникасы мен жаңа технологияны енгізу, бұрынғысын жетілдіру;

Бұрыннан бар мұнай қоймаларын жою;

Ағынды қабат-қабат суларының төгілуін жою;  
Беталды пайда болған қоқыс үйінділерін жою;  
Өздігінен мұнай шығаратын ұңғыларды жою;  
Мұнай кәсіпшілігі аумақтарының радиоактивті ластануын жою.

### 3.7.3.3. Атмосфералық ауаның ластануы

Облыстық мұнайгаз кен орындарындағы ілеспе газ алауын жою;  
Мұнай кәсіпшіліктерінде және мұнай өңдейтін өндірістердегі технологияны жаңарту;  
Барлау бұрғылаудағы шығарындыларды азайтатын технологияны енгізу;  
Өнеркәсіптік кәсіпорындарда шаң-газ ұстайтын тазарту құралын қондыру;  
Отынның сапасын жақсарту, этилсіз бензин шығару.

### 3.7.3.4. Био әртүрлілікті сақтау

Жайық өзенінің жайылма атырауындағы су және жер ресурстарын кешенді пайдаланудың жаңа технологиясын енгізу;  
Жабайы жануарлар мен құстардың төлдейтін, ұялайтын, қыстайтын, көшіп-қонатын жолдарын қорғау;  
Шаруашылық жүргізудің жаңа нысандары негізінде биоресурстарды пайдалану және ұдайы өндіру;  
Ерекше қорғалатын жаңа аумақ құру;  
Каспий теңізін қоса аймақтық биоәртүрлілігін түгендеу және мониторингісін жүргізу;  
Ағаш отырғызу көлемін ұлғайту.

## II бөлім

### Әлеуметтік саясат

#### 1. Демографиялық даму стратегиясы

##### 1. Мақсаты

Халықтың санын көбейту.

##### 2. Ахуалды талдау

Атырау облысы халықтың көші-қон жылжымалылығы демографиялық жағдайға айтарлықтай әсерін тигізетін облыстардың біріне жатады.

Халықтың дамуы туралы статистикалық және қолда бар барлық мәліметтерді талдау, әсіресе соңғы он жылдықта, өмірдің ел алдына бірқатар күрделі демографиялық проблемалардың қойғанын көрсетті.

2000 жылы халық саны облыс бойынша 447,1 мың адам құрады, оның ішінде қалалық жерде - 260,6 мың адам, ауылдық жерде - 186,5 мың адам.

80-ші жылдардың ортасынан, әсіресе, 90-шы жылдары елдің демографиялық дамуында жана беталыстар байқалды. Бұған халықтың табиғи өсімінің азаюы, сонымен , бірге бұрынғы Кеңестер Одағының тарауына байланысты оның республикадан көптеп кетуі себеп болды.

Табиғи өсімнің жоғары деңгейіне қарамастан, облыстың халық саны соңғы жылдары олардың облыстан тыс жерлерге қоныс аударуына байланысты жәй өсуде.

Соңғы алты жылдағы халықтың орта жылдық санына талдау жасау, 2000 жылдың қорытындысымен бұл көрсеткіш 15,6 мың адамға немесе 3,4% азайғанын көрсетті. Сонымен қатар, соңғы жылы халықтың 1,0 мың адам шеңберінде өскені байқалады, яғни ол шетел компаниялардың көптеп келуіне, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және басқа облыстар мен көршілес мемлекеттерден жұмыс күштерінің құйылуына байланысты болуда.

Ең төменгі халық санының көрсеткіші 1998 жылға келеді, себебі 1996 жылдан бастап экономикадағы дағдарыс облыстан халықтың кетуіне, содан оның санының үнемі қысқаруына байланысты болды.

Облыстағы демографиялық ахуал туылудың кемуіне, өлім көрсеткіштерінің секірмелі болуынан қолайсыз деп бағаланады.

Экологиялық аясының ластануы, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың нашарлауы және басқа да бірқатар кері факторлар соңғы жылдары облыс халқының денсаулығы мен орта өмір сүру ұзақтығының төмендеуіне әкеліп соқтырды. Облыс бойынша ол 55-57 жыл. Ең төменгі көрсеткіш Мақат (52-53), Исатай (53-54), Жылыой (53-56), Қызылқоға (54-56) аудандарында және қалалық жерде (56-57) байқалады.

Нарықтық экономикасының әлеуметтік-экономикалық қиындықтары жас мөлшері құрылымының объективтік өзгерістерімен бірге бала туылуының тез азаюына себеп болды.

Демографиялық көрсеткіштер туу деңгейінің төмендеуіне, өлімнің жоғары деңгейіне және соған сәйкес халықтың табиғи өсімінің төмендеуіне, яғни бір-біріне байланысты процестермен негізделеді. Туылған бала саны 1995 жылдан 2000 жылға дейін 9620-дан 8235-ке дейін азайған.

Халықтың көші-қон ағымының жандану факторларының бірі болып экологиялық факторлар, қаржы-тұрмыстық проблемалар табылады.

Халықтың көші-қон аясындағы тиімді саясат саяси тұрақтылықпен облыстың дамуына көші-қонның әсерінің тиімділігін көздейді.

Әлеуметтік-экономикалық қиындықтар жас мөлшері құрылымдардың объективтік өзгерістерімен қатар бала туудың азаюына әкеліп соқтырды.

Қазақ әйелдерінің балалар санының орта есебі соңғы 10-14 жылда 4-тен 2-ге дейін, ал орыс әйелдерінің - 3-тен 1.5-ке дейін кеміген. Соңғы 10 жыл ішінде қазақ жанұяларында дүниеге келген балалар саны 35 пайызға азайған.

Өткен жылы облыста өлім көрсеткіші төмендеді. Тіркелген өлім саны 3631 адам құрады, бұл 1999 жылдың көрсеткішінен 2,1 пайызға кем. Бұл көрсеткіштің төмендеуі Индер, Қызылқоға аудандары мен Атырау қаласынан басқа облыстың барлық

аудандарында байқалды. Облыс бойынша жалпы өлім коэффициенті 1000 адамға шаққанда 8,9 құрады. Қалалық елді мекендерде бұл коэффициент 10,1, ал ауылдық жерде 7,9 құрады.

Өткен жылы 1999 жылмен салыстырғанда тіркелген некелер саны 424-ке

өскен. Осы кезеңде 644 ажырасу фактісі тіркелген (1999 жылы 543 болған).

Халық санының көбеюіне, сонымен қатар, белсенді көші-қон саясаты, шет елдегі қазақ диаспорасының өзінің тарихи отанына қайтып келуге ниетінің болуы ықпал етуде. 1999-2000 жылдарда облысқа Ауғанстан, Өзбекстан, Түркменстан, Иран Ислам Республикасынан 26 оралмандар отбасы көшіп келді.

#### 2.1. Мықты жағы

Халықтың жыныс-жастық құрылымы мен медициналық жасы оның жастығын көрсетеді.

Этникалық қазақтардың өз тарихи отанына қайта оралуы.

Тұрғын үй құрылысы дамуының басым бағыты, ипотекалық несиелендірудің, муниципалдық тұрғын үйдің, "Құрылыс жинақтары" бағдарламасының енгізілуі.

#### 2.2. Осал жақтары

Халық өлімінің өсуіне әсер ету факторларының күшеюі.

Кедейшіліктің деңгейі мен тереңдігінің өсуі, халықтың төлем қабілетінің төмендігі.

Ауру және өлім деңгейлерін төмендетуде медициналық шаралардың сай еместігі.

Тууды реттеуде аборттардың негізгі құралы болып қалуы.

Халықтың кетуін ұстау және келуін жандандыру жөніндегі шаралардың тиімсіздігі.

Қазақстанның басқа аймақтарына қарағанда тұрғын үйдің құны өте жоғары болуы.

#### 2.3. Мүмкіндіктер

Шет елдегі қазақ диаспорасының өзінің тарихи отанына қайтып келуге ниеттерінің болуы.

Қазақстанның бұрынғы азаматтарының қайтып келуінің өсу беталысы.

Тұрғын үй проблемаларын шешу.

#### 2.4. Қауіптер

Қоршаған ортаның жағдайының одан әрі нашарлауы.

Бірқатар елді мекендерде таза су көзінің жоқтығы.

Әлеуметтік инфрақұрылымның артта қалуы.

### 3. Стратегиялық міндеттер

Халықтың санының көбеюінде басты роль атқаратын халықтың табиғи өсуінде, сонымен қатар халықтың көшіп кетуін азайту.

Келесі он жылдықтың басты міндетіне сай халықтың қоныстану аясында негізгі міндеттер:

Тууды көбейту (тууды ынталандыру) мақсатында халықтың 90-шы жылдардың басындағыдай репродуктивтік тәртіп стереотипін сақтау және қайта қалпына келтіру.

Халықтың денсаулығын жақсарту мен қорғау.

Өлім деңгейін азайту және күтілімдегі өмір сүру ұзақтығын көбейту.

Көшіп кету процесстерін тоқтату және көшіп келуді жандандыру.

#### 4. Іс-қимыл стратегиясы

Бала туылғанда берілетін төлемдерді прогрессивті өсіру жүйесі бойынша, төлемдерді үнемі тағайындау арқылы тууды ынталандыру (жүктілік, бала туу және күту бойынша мемлекеттік жәрдемақы).

Жанұяларға, соның ішінде жастарға тұрғын үй проблемасын шешуге ықпал ету, тұрғын үйі жоқ жас жұбайларға бала тууына байланысты тұрғын үй несиелеріне қол жетуін қамтамасыз ету.

Жүкті әйелдерге көрсетілетін медициналық қызмет және тууына көмектесу ақысыз болуға тиіс.

Жұмыс жасайтын, соның ішінде жүкті, кішкентай бала тәрбиелеп отырған әйелдерді қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарлама жасақтап енгізу.

Көп және орташа балалары бар отбасылардың басымдылығын насихаттау (бір-біріне сүйеніш болуын, қарт ата-аналарына қамқорлықты бөлісу).

Жасөспірімдер мен жастардың назарларын тарту үшін білім беру мекемелерінде демографиялық білім енгізу.

Кеңес беру, ағарту және отбасыларын жоспарлау жөніндегі қызмет көрсетулерге қол жеткізуін қамтамасыз ету, аборт деңгейін азайту мақсатында белсенді контрацептивтік саясатты енгізу және дамыту.

Ерлер мен әйелдердің бедеулігінің алдын алу, бедеулікті болдыратын экологиялық проблемаларды шешу.

Иммиграциялық саясатта иммигранттарға әлеуметтік және тұрғын үй-тұрмыстық проблемаларды шешуде нақты қолдау көрсету, иммигранттардың аймақтың әлеуметтік және экономикалық жүйесіне тез еніп кетуіне жағдай жасау жөніндегі шаралар алу.

Білім бюджетінде оқытудың жаңа технологияларын енгізуге қаржы қарастыру.

Білім міндеттерін шешуге бюджеттен тыс қаржыларды тартуға бағытталған ынталандыру шараларын жасақтау.

Білім жүйесін қаржыландыру айқын болу керек. Шығындар туралы ақпарат қол жетерліктей болуға тиіс.

Мемлекеттік емес орта кәсіби білім алу ұйымдарында қаржы

жауапкершілігін заңдандыру және күшейту.

## 2. Білім беру реформасының стратегиясы

### 1. Мақсаты

Сапалы білім беру бағдарламаларымен қамту және оларды елдің қалың көпшілігіне тиімді жеткізілуін қамтамасыз ететін білім берудің қазіргі жүйесін құру.

### 2. Ахуалды талдау

Облыс білім беру жүйесі 192 жалпы білім беретін мектептерді, оның ішінде 14-бастауыш, 22-негізгі, 111,4 мың оқушылар саны бар 156-орта мектепті, сондай-ақ 541 оқушысы бар мектеп-балабақшаны, 613 оқушысы бар 3 арнайы-қосалқы мектепті, 1000 жұмыс істейтін жастар оқитын 3 кешкі мектепті, 8504 балалары бар 34 мектептен тыс мекемелерді қамтиды.

2001-2002 оқу жылының басында жалпы білім беретін мектептер жүйесі 9-ға артты. "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнынан 5 жалпы білім беретін мектеп беріліп (3 бастауыш және 2 орта мектеп), 3 бастауыш мектеп ашылды (Исатай ауданында-екеу, Қызылқоға ауданында-біреу), N-22 санды мектеп-балабақша орта мектеп болып қайта құрылды.

Қайта құру мен жаңадан мектептер ашудың есебінен шағын комплектілі мектептер саны 2001 жылы 30-дан 45-ке жетті.

Ұлттық мектептер желісі сақталды. 192 жалпы білім беретін мектептердің 127-сі ұлттық және 60-сы аралас мектептер, оларда қазақ тілінде 91,3 мың бала, яғни барлық оқушылардың 82% оқиды. Қазақ тілінде оқытатын мектептер саны көбейді. Облыста 84 мектепке дейінгі балалар мекемелері, 4 жеке меншік бала бақшалары жұмыс істейді. 2001-2002 оқу жылы 5-6 жастағы балалардың 8264-і мектепалды дайындықпен қамтылды: мектептерде 295 сыныпта 5586 бала, бала бақшаларда 106 топта 2678 бала дайындықтан өтті.

Мектеп-интернаттар желісі 25 мектеп жанындағы, 3 арнайы интернаттарды, санаториялық мектеп-интернатты, жетімдер мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған интернатты, балалар үйін, мінезінде ауытқуы бар балаларға арналған мектеп-интернатты, талантты балаларға арналған 2 мектеп-интернатты қамтиды, бұларда барлығы 4933 бала оқытылып, тәрбиеленуде.

Оқушылардың мектепке дейінгі мәселесін облыстық білім департаменті, қалалық және аудандық білім беру бөлімдері, облыс мектеп басшылары үнемі назарда ұстайды. Облыстық барлық мектептерінде жалпыға міндетті оқу қорлары құрылған.

2001-2002 оқу жылының басында облыс бойынша 12936 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілген, бұл 11,6% құрайды. Тегін ыстық тамақпен 1606 оқушы қамтылған. Облыс бойынша 33270 оқушы қоғамдық тамақтандырумен қамтылған, бұл-29,1%. Бұлардың ішінде тегін қоғамдық тамақтандыруды 3834 оқушы пайдаланады. Балалар мен жас өспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастыруға 2001 жылы 17,3 млн.теңге бөлінді.

Облыста мектеп кітапханалар қорларын оқулықтарымен, оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттерімен толықтыру жұмыстары жүргізіліп келеді. 188,2 млн.теңгеге оқулықтар, әдістемелік және көркем әдебиеттер алынды. Білім беру мекемелері толықтай компьютерлендірілді. Облыстың 16 мектебі Интернет желісіне қосылған.

Орта білім беру жүйесін жетілдіруде мынадай жетістіктер бар: 2000-2001 оқу жылы қорытындысында үздік оқушылар саны 13887 болды, бұл 1999-2000 оқу жылдармен салыстырғанда 275 оқушыға өсті, "4" пен "5"-ке оқитындар саны - 37833 бұл өткен жылғымен салыстырғанда 815 адамға көп. Сонымен, білім сапасы оқу жылының аяғында 47,4% құрады. Мектеп бітірушілердің 244-і айрықша аттестатқа ие болды, өткен жылғымен салыстырғанда 27-ге көп, облыстың 8 мектеп бітірушісі айрықша үлгідегі аттестат пен "Алтын белгі" алды. Негізгі мектептің 400 бітірушісі айрықша куәлік алды. 7374 мектеп бітірушілердің 3969-ы жоғарғы оқу орындарына оқуға түсті, бұлардың ішінде 188 бітіруші грантка, 198 бітіруші кредит бойынша, 3583 бітіруші ақылы негізде оқуға түсті. Негізгі мектеп бітірушілердің 100-ы орта білім беретін оқу орындарында оқуларын жалғастыруда.

Облыс мектептерінде 11,2 мың педагог қызметкерлер жұмыс істейді, олардың + 1200-і (10,6%) жоғары санатты, 2883-і (25,6%)- бірінші санатты, 3310-ы (29,4 %)-екінші санатты.

Облыста бастауыш және орта кәсіптік білім беретін 20 ұйым жұмыс істейді, олардың 10-ы кәсіптік-техникалық лицейлер, 7-і колледждер. Бұлардың ішіндегі 17 кәсіптік-техникалық мектептер мен колледждер облыстық бюджеттен қаржыландырылады, мемлекеттік емес 2 колледж және бір ведомстволық.

Білім беру мекемелерінің материалдық базасын нығайту мақсатында 315,0 млн. теңгеге инвентарлар алынып, 510,0 млн. теңгеге білім беру мекемелеріне күрделі жөндеулер жүргізілді.

2002-2005 ж.ж. және 2006-2010 жылдары кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын "Білім беру" аймақтық бағдарламасы жасалуда. Жастарға кәсіптік білім берудің аймақтық бағдарламасы жасалды.

### 2.1. Мықты жақтары

Білім беру мекемелерін 100% компьютерлендіру аяқталды. Мектептер мен мектепке дейінгі мекемелерде 5-6 жастағы балаларды қамтитын мектепалды дайындық енгізілді.

Мектепке бармайтын балалардың есебі жүргізіледі. Жалпы білім беретін 192 мектепке жалпыға міндетті оқу қорлары жұмыс істейді, қордың қаржысын қалыптастыру механизмі жасалды.

Жанұялық сипаттағы балалар деревнясы ашылды.

Облыстық білім беру департаментінің "Дене шынықтырудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы" ашылды. Жетім балалар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік қорғау жұмыстары жүргізілуде. Мектеп-интернаттар мен балалар үйлерінің материалдық базасын күшейту жұмыстары жүргізілуде.

Мектептерді талапқа сай ұстауға ата-аналарды қатыстыру қамтамасыз етілуде.

Оқулықтармен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен толық қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде.

2001 жылы білім саласын бюджеттік қаржыландыру 4683,9 млн.теңгені құрады.

Кәсіптік техникалық мектептер мен кәсіптік техникалық лицейлерде ақылы түрде оқитын студенттер санының өсуі, жұмыссыз жастарды оқыту, қайта оқыту байқалады. Білім берудің мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларында нарықтық экономика сұраныстарына сай мамандықтарға қайта даярлау бағдарламалары енгізілген.

Жалпы білім беретін мектептер жүйесінің, кәсіптік-техникалық мектептер мен лицейлердің, оларда оқитын оқушылар санының өсуі. Инновациялық сипаттағы білім беру мекемелерінде оқушылардың (талантты балаларды қолдау) жоғары пайызын қамту.

## 2.2. Осал жақтары

Кәсіптік білім беру мәселелерін шешуде облыс өндіріс орындары мен білім беру жүйесі арасындағы әріптестіктің нашар дамуы;

Білім берудің формальды емес бөлігі нашар дамыған, мектептен тыс ұйымдар жүйесі дамытылмаған;

Жалпы білім берудің мемлекеттік емес секторы нашар дамуда (3 ғана жеке мектеп бар);

Білім берудің барлық буындары материалдық оқу-техникалық жабдықтарымен нашар қамтылған;

Оқытудың сапалылығын қамтамасыз еткендігі үшін білім беру мекемелері мен қызметкерлерін материалдық ынталандыру жүйесі жоқ;

Оқыту мен тәрбиелеу арасындағы алшақтық балалар мен жас өспірімдердің алкоголь мен темекі өнімдерін пайдалануының өсуіне әкелеп соғады. Мектеп оқушыларын кәсіптік бағдармен оқыту және еңбек тәрбиесінің ролі әлсіреген;

Бюджеттік сала еңбеккерлерінің тұрмыс жағдайының төмен болуы;

Білім беру индустриясы жоқ.

## 2.3. Мүмкіндіктер

Мектептер салуға, мектептердің материалдық-техникалық базаларын нығайтуға демеушілерді тарту мүмкіндігі;

Жас таланттарды оқыту, қолдау, дамыту ісіне жоғарғы оқу орындарының оқытушыларын, ғалымдарды тарту;

Ақпараттық жүйенің дамуы, білім беру жүйесінде Интернетті пайдалану мүмкіндігі, оқыту технологиясы орталығын кеңейту, әр алуан санаттағы көпшілік үшін көп жоспарлы компьютерлік курстар ашу;

Болашағы зор жедел дамып келе жатқан мұнайлы аймақ, әлеуметтік инфрақұрылымдардың жеделдете дамуы.

## 2.4. Қауіптер

Халықтың жалпы өмір сүру деңгейінің төмендеуі аз қамтылған отбасынан шыққан балаларды әлсіздендіріп, нәтижесінде жалпы білім беретін мектептерде мектеп жасындағы балаларды оқытуды толық қамтамасыз етуге кері әсерін тигізеді.

Халықтың басым көпшілігінің, соның ішінде бюджет саласы қызметкерлері кірісінің төмендігі.

### 3. Стратегиялық міндеттер

Облыстың білім беру жүйесіндегі басты стратегиялық міндет халықтың тұрғылықты жері бойынша сапалы білім берудің баспалдақтарына қол жеткізуі.

Осыған байланысты білім берудің сапасын арттыруға, үздіксіз білім беру принциптерін енгізуге бағытталуы тиіс.

Білім беруді реформалау стратегиясы мына міндеттерді шешуді қамтиды:

Білім берудің сапасын арттыру;

Білім алу мен таңдауға тең қол жеткізетін шараларды ендіру;

Білім беру саласында әріптестікті дамыту үшін жағдай жасау

Тәрбиелеу мен оқыту ісіндегі бірлікті қамтамасыз ету;

Ғылым және білім берудің шын мәніндегі интеграциясын қамтамасыз ету;

Білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру және ресурстарды жұмылдыруды қамтамасыз ету;

Білім беруді басқару жүйесін жетілдіру;

Қаржыландыру жүйесінің тиімділігін арттыру.

### 4. Іс-қимыл стратегиясы

Алдағы уақытта мемлекеттік тілде оқытатын мектептер нығаюы тиіс. Мұнымен қатар орыс тілі мен әлем тілдерінің біреуін оқу міндетті болуы тиіс.

#### 4.1. Білім беру сапасын арттыру

Оқытудың деңгейіне бақылауды күшейту және оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру мақсатында әртүрлі пәндер бойынша, әдістемелік қызметті жандандыру;

Пәндерді тереңдетіп оқытатын инновациялық мектептер мен сыныптар жүйесін кеңейту, мекемелер мен өндіріс орындарында практикалар ұйымдастыру;

Мектеп кітапханаларын қажетті әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету;

Облыстағы инженер-педагогтардың біліктілігін арттыру жүйесін реформалау;

Оқытушы-мұғалімдер құрамына көмектесу үшін халықаралық ұйымдармен ("JSAID" тәрізді) ынтымақтастықты жалғастыру;

Жаңа буын оқулықтар шығаруға, оқу бағдарламаларын жасауға, білім беру жүйесін ақпараттандыруды дамытуға ат салысу;

Қолда бар кәсіптік-техникалық мектептер мен лицейлер, колледждер базасында шағын бизнес өндірістерін ашу;

а) N-7,8 кәсіптік-техникалық мектептерде, N-3 кәсіптік-техникалық лицейлерде ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін мини-цехтар ашу;

б) N-7 кәсіптік-техникалық мектебінде шағын жылыжай ашу;  
в) N-4,5,6 кәсіптік-техникалық мектептерде, N-3 кәсіптік-техникалық лицейлерде мәшине жөндеу шеберханаларын ашу;

г) N-3,8 кәсіптік-техникалық мектептерінде тігін цехтарын ашу;

д) N-3,4 кәсіптік-техникалық мектептерінде қонақ үй қызметкерлерін даярлау.

Кәсіптік білім беру жүйесін дамыту үшін алыс орналасқан елді мекендерде аудан орталықтарында - Махамбет, Миялы, Аққыстау, Мақатта филиалдар ашу, Құлсары қаласы мен Махамбет селосында колледждер филиалдарын ашу.

Индер ауданындағы кәсіптік-техникалық мектепті құрылыс материалдарын өндіретін өндіріс орнына арнап, мамандар даярлауға бағыттау. Мектеп-кәсіптік-техникалық мектеп, кәсіптік-техникалық лицей-колледж-институт үздіксіз оқытуға көшіру, бұл үшін алмаспайтын жоспар-бағдарламаларын жасау. Арнайы гранттар мен стипендиялар бөлу мақсатында талантты педагогтар мен дарынды балаларды ынталандыратын қор құру. Білім берудің сапасын арттыруды бақылау ретінде оқу орындарын аттестациялау мен лицензиялау механизмін жетілдіру.

4.2. Білім алуға және таңдауға қол жеткізудегі теңдікті қамтамасыз ететін шараларды енгізу

Атырау қаласында, Құрманғазы, Индер, Исатай аудандарында мектепке дейінгі мекемелер жүйесін дамыту.

Атырау қаласында дамуында кемшіліктері бар балаларға арналған бала бақша ашу.

Махамбет ауданындағы уақытша жұмыс істейтін балабақшаларды тұрақты тәртіп жұмысына көшіру.

Мектепке дейінгі дайындық пен мектепке дейінгі гимназиялар үшін әдістемелік оқу құралдары мен құжаттар пакетін жасақтау.

5-6 жасар балалардың мектеп алды даярлығын ұйымдастыру жұмыстары бойынша мектеп басшыларының облыстық семинарын өткізу.

Кәсіптік-техникалық мектептерде дамуында ауытқушылығы бар балалармен жұмыс істейтін мамандыққа оқытатын арнайы топтар ашу.

4.3. Білім беру жүйесінде әріптестікті дамыту үшін жағдайлар жасау

Жергілікті тұрғындардан жұмысшы мамандар даярлау үшін шетелдік компаниялармен әріптестік жүйесін дамыту (N-2 кәсіптік-техникалық лицейлердегі "Финтрако-Тепе" компаниялармен бірлесіп ашқан курстардай).

Аймақтық еңбек нарығындағы қажеттіліктерді ескере отырып, еңбек және әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту қызметі мен әріптестікті дамыту.

Шет тілдеріне оқыту курстарын ұйымдастыруда "Свифт техникалсервисез" компаниясымен әріптестік.

Колледждер мен кәсіптік-техникалық мектептер, кәсіптік-техникалық лицейлер бітірушілерін жұмысқа орналастыру қызметін ұйымдастыру.

4.4. Тәрбие және оқыту жүйелеріндегі бірлікті қамтамасыз ету

Кіші Өнер Академиясы ғимаратындағы жүзу бассейнін іске қосу.

Аудандардағы спорт мектептерінің базаларын жетілдіру, оларды кадрлармен қамту ісін жақсарту.

"Спидке қарсы", "Темекі шегуге болмайды" тағы басқа салауатты өмір бағдарламаларын дамыту.

Қазақстан Республикасының 2000 жылдың ақпан айының 25-де шыққан N-300 " Білім беру ұйымдары жүйесінің кепілді мемлекеттік нормативтері туралы" қаулысына сәйкес 19 шағын комплектілік мектептер ашу. Қираған мектептерді алмастыру үшін Атырау қаласында 4, Құрманғазы ауданындағы Сәкен Сейфуллин атындағы мектеп ғимаратын тұрғызу.

4.5. Ғылым мен білім берудің нақты интеграциясын қамтамасыз ету

Білім беру мекемелерінің Мұнай және Газ институтымен, Халел Досмұхамедұлы атындағы мемлекеттік университетімен әріптестігі.

Жоғарғы курс студенттерін ғылыми-ізденіс жұмыстарына тарту.

4.6. Білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру және ресурстарды жұмылдыруды қамтамасыз ету

Білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру жұмыстарына жаңа технологиялар орталығын кеңінен тарту.

Педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыру, Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университетімен әріптестік.

Кәсіптік білім беретін мекемелердің инженер-педагог қызметкерлерін біріккен кәсіпорындарда, шетелдік фирмаларда, отандық өндіріс орындарында сынау мерзімін өткізу:

"Жаңашылдар мектебі" жұмысын ұйымдастыру.

"Жыл мұғалімі", "Жыл мектебі", "Жыл кәсіптік-техникалық мектебі", "Жыл колледжі", "Жыл тәрбиешісі", "Жыл шебері" конкурстарды тұрақты өткізіп тұру және үздіктерді насихаттау.

2002-2003 ж.ж. бақылау алаңдарын жасау.

"Бинарлық оқыту" - политехникалық колледж.

"Модульді оқыту" - N-1 кәсіптік-техникалық мектеп "Дуальды оқыту" - N-6 кәсіптік-техникалық мектеп

Оқытудың жаңа технологиясы бойынша жалпы білім беретін мектептер жүйесін бақылау алаңдарын дамыту.

Кәсіптік білім беретін оқу орындарын "Модуль-1" компьютерлік сыныптармен қамтамасыз ету.

Облыстық жалпы білім беретін мектептерде әр алуан баламалы оқыту әдістерімен оқытатын бақылау сыныптары жасақталды. Атап айтқанда, оза оқыту (Индер, Құрманғазы аудандарында), эстетикалық тәрбие мектебі (Индер ауданында), шет тілдерін ерте оқу, бастауыш сыныптардағы жеделдетіп оқыту, бастауыш сыныптардағы

компьютерлік сауаттылық (Атырау қаласы), облыстың үш мектебі 5-11 сыныптарға арналған жаңа оқулықтарды енгізу жөнінде бақылаушы болып табылады, үш мектепте "Адымнан кейін адым" ("Шаг за шагом") бағдарламасы енгізілген.

#### 4.6.1. Кадрлармен қамтамасыз ету

Мұғалімге еңбек ақы төлеуде оқушылардың олимпиадалардағы, конкурстардағы жетістіктерін, орта арнайы оқу орындарына, жоғарғы оқу орындарына түсуін есепке алу әдісін жасақтау.

Гуманитарлық колледжін нарық талаптарына икемдеуді жалғастыру (ағылшын тілін оқытатын бастауыш сыныптар мұғалімі, ақпараттандыру мен есептеу техникаларын меңгерген бастауыш сынып мұғалімі тағы басқалар).

Жалпы орта білім беретін мектептерді Интернет желісіне, модемдік байланысқа қосуды 2003 жылы аяқтау.

#### 4.6.2. Оқыту-материалдық қамтамасыз ету мәселесі

Аудан орталықтарында оқулықтар мен оқу материалдарын ашық сататын арнайы кітап дүкендерін ашу.

Оқулықтар мен оқу әдістемелік әдебиеттер алынатын қаржыны орталықсыздандыру (жергілікті мекемелерге беру).

Оқулықтармен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету ісіне инвесторлар қаржысын тарту.

Оқытудың жаңа технологиялары орталығында бастауыш және кәсіби орта білім беру мекемелері үшін оқу және әдістемелік құралдар жасақтау жұмыстарына жетекшілік ететін шығармашылық топтар құру.

Кәсіби дайындау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру жөніндегі аймақтық оқу орталығын құру.

#### 4.7. Білім беру жүйесін жетілдіру

Жалпы білім беретін мектептер бухгалтерияларын орталықсыздандыру, өзін-өзі басқару принциптерін енгізе бастау.

Білім беру мекемелерін аттестациялаудың бекітілген кестесін, лицензиялар беру мен тіркеуден өткізудің мерзімдерін сақтау.

#### 4.8. Қаржыландыру жүйесінің тиімділігін арттыру

Білім беруді қаржыландыруда кредит және гранттар жүйесі арқылы жан

басын қаржыландыру принципі бойынша көшіруді жүзеге асыру қажет.

Жаңа технологияларды енгізіп оқытуға облыстық білім бюджетінде қаржы қарастыру.

Бюджеттен тыс қаржы қатыстыру арқылы білімді міндетті түрде алуға ынталандыру шараларын ойлап шығару.

Білім жүйесін қаржыландыру айқын болу керек. Шығындар туралы ақпаратты алу тиісті болсын.

Мемлекеттік емес орта кәсіби білім алу ұйымдарында қаржы жауапкершілігін заңдандыру және күшейту.

### 3. Денсаулық сақтау реформасының стратегиясы

#### 1. Мақсаты

Дәрігерлік қызметтердің көлемі мен сапасы, халықтың сұранысын қанағаттандыру және денсаулық қорғау даму жолдарын алдын алу, көпқұрылымдығы, сабақтастығы мен мүмкіндігі негізінде белгілеу.

#### 2. Ахуалды талдау

2001 жылы денсаулық сақтау органдарында дәрігерлік көмектерді дамыту мен жетілдіру, әсіресе ауылдық жерлерде, материалды-техникалық базаларды жақсарту және жаңа диагностикалық әдістерді енгізуде нақты жұмыстар атқарылды. Негізінен назар Мемлекеттік "Халық денсаулығы" бағдарламасын

орындауға бағытталды.

Қазіргі уақытта Атырау облысында 193 дәрігерлік ұйымдар, оның ішінде 174 (88,3%) мемлекеттік, 23 (11,7%) жеке меншікті секторлар халықтарға дәрігерлік көмек көрсетуде.

Денсаулық сақтау жүйесінде 3155 төсектік (оның ішінде 65 жеке меншіктік) 38 аурухана (оның ішінде 3 жеке меншіктік);

66 амбулаторлы-емханалық мекемелері;

21 фельдшерлік-амбулаториялық пункттер және 31 фельдшерлік пункттер;

75 орындық облыстық туберкулезге қарсы балалар санаториясы;

50 орындық Балалар Үйі;

Салауатты өмір салтын қалыптастыру Орталығы;

Паталогоанатомиялық бюро;

10 санитарлық-эпидемиялық стансалары;

Облыстық қан жинау орталығы;

60 орындық облыстық туберкулезге қарсы санатория жұмыс істейді.

Есепті кезеңінде орталықтандырылған қаржы есебінен компьютерлік томограф, эндоурологиялық үстел полимерлі реакция тізбекті лабораториясымен, 5 флюороаппараттар, 4 жылжымалы рентгендік қондырғылар, 2 фиброгастроскоп, 4 коллоноскоп және басқа аппаратуралар, 70-тен астам көліктер, барлығы 700 млн.теңгенің құралдары сатып алынды. "Шеврон Тексако" компаниясы облыстық туберкулезге қарсы диспансерге Ұтқыр (Мобильный) клиниканы өтеусіз сый ретінде берді.

Көптеген денсаулық сақтау нысандарының материалдық базасы жақсарды: 42 денсаулық сақтау нысандарында 400,0 млн.теңгеден астам соманың күрделі жөндеуі жүргізілді. Созылмалы бауыр ауруымен ауыратындарды емдеу орталығы мен 180 орындық жұқпалы аурухананың бірыңғай құрылысы қарастырылуда.

Облыста барлығы 1165 дәрігер қызмет жасайды, оның 487-нің (41,8%) квалификациялық категориясы бар.

Дәрігермен қамтамасыз етілуі 100 мың тұрғынға шаққанда 25,6.

Орта буынды медицина қызметкерлерімен қамту 100 мың тұрғынға шаққанда 60,8 құрайды.

Облыстың демографиялық көрсеткішінде кейбір сенімді динамика белгіленіп отыр: туу өсімі 18,5-тен 19,1-ге, тұрғындардың табиғи өсуі 9,4-тен 9,9-ға дейін, өлім көрсеткіші сол деңгейде - 9,2, нәресте өлімі 1996 жылдан бастап тұрақты төмендеді: 1996 жылы - 27,3; 2000 жылы - 18,6.

Азаматтардың денсаулығын жақсартуға бағытталған Атырау облысы денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруде стратегиялық позицияларды белгілеу және бекіту және тұрғындардың медициналық қызметтің сапасы мен көлеміне сұранысын қанағаттандыру мақсатында 2001 жылдың 24 шілдесінде облыстық әкімият "2001-2003 жылдардағы Атырау облысы денсаулық сақтау жүйесін реформалау мен дамыту тұжырымдамасы туралы" N 13 қаулысын қабылдады.

Аталған тұжырымдамада қала және аудандық емдеу-сауықтыру ұйымдарының қайта құрылымы қаралды: қала бойынша 12 қалалық жанұялық-дәрігерлік емханалар орнына, әйелдерге кеңес беру, балалар бөлімшесімен және 3 филиалымен 4 емхана құрылды. 3 аудан орталығында (Құлсары, Ганюшкино және Индер) қалалық емханалар ашылды, басқа аудандарда аудандық орталық аурухана құрамында аудандық емханалар құрылды. Ауылдың денсаулық сақтау саласы болашақта дамитын болады.

## 2.1. Мықты жақтары

Барлық селолық елді мекендерінің тұрғындары медициналық көмекпен қамтамасыз етілген, медициналық мекемелер медициналық қызметкерлермен толықтырылған.

2001-2005 жылдарда Атырау облысының әскер қатарындағыларға және жасөспірімдерге медициналық көмек беру үшін "Жасөспірім" атты мақсатты бағдарлама қабылданды. Аталған бағдарламаны тарату мақсатында 2001-2005 жылдарға 5396 мың теңге қаралды, оның 2001 жылға облыс бойынша бөлінгені 1800 мың теңге.

"Диабет" бағдарламасы қабылданды. Аталған бағдарламаға 3 жылға 232,88 млн.теңге қаржы бөлінді.

2001 жылдың тамызында Атырау қаласының және Атырау облысының тұрғындарына арнайы травматологиялық, ортопедиялық және нейрохирургиялық қызмет көрсету үшін, N-2 қалалық аурухананың травматологиялық, ортопедиялық және нейрохирургиялық бөлімшелері арнайы көмек көрсетуге барлық жағдайлары бар облыстық ауруханаға ауыстырылды. Диагностика, травма және буын ауруларын емдейтін 2 жаңа артроскоп алынды.

2001-2005 жылдарға селоның әлеуметтік-экономикалық даму аймақтық бағдарламасы жасақталып, таралуда, Атырау облысында 2001-2005 жылдарға есірткімен күресудің басты шаралар жоспары жасақталды.

Флюорографиялық әдіспен 263 550 адам қаралды (86,8 пайызы - үлкен жастағы адамдар). Істегі флюорографтар саны облыс бойынша 17.

Туберкулезді диагностикалау әдісімен 2001 жылы 143,4 мың бала қаралды, бұл барлық балалардың 96,8 пайызын құрайды.

Облыс бойынша "БЦЖ" егуден 7338 жаңа нәресте өтті, бұл барлық туған балалардың 99 пайызын құрайды.

Есепті мерзімде 40 төсектік 3 селолық учаскелік ауруханалар ашылды (Тасшағыл, Заурал, Кудряшов).

Ганюшкино селосында 60 төсектік облыстық туберкулезге қарсы санаториясы ашылды.

Облыстық паталогоанатомиясы бюросының, Махамбет аудандық орталық аурухананың, Индер ауданындағы Елтай жанұялық-дәрігерлік емханасының, Исатай ауданының Чапаев жанұялық-дәрігерлік емханасының, "Қызыл үй" және "Забурын" фельдшерлік-акушерлік пункттер ғимараттарының құрылысы аяқталды.

250 төсектік облыстық аурухананың жапсырма құрылысы аяқталуға жақын, пайдалануға тапсыру мерзімі шамамен 2002 жылдың наурыз-сәуір айларында.

Жоғары білікті мамандарды тарта отырып, тұрғындар арасында құрамында флюоровагон, вагон-емханасы бар қайырымдылық акциясы өткізілді. 6,0 мың адам қаралып, алғашқы шыққан паталогиялы науқастар облыстық мекемелерге, республикалық клиникаларға жіберілді.

Алматылық дәрігерлердің білімін көтеру Институты мен Атырау облыстық денсаулық сақтау департаменті арасындағы келісімге сай 6 көшпелі шаруашылық есеп циклі өтті.

Атырау медицина колледжі базасында дәрігерлер мен орта буынды медицина қызметкерлерін дайындау мен қайта дайындау үшін, Қазақстан Республикасы мен тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінің әр сатыдағы жоғары білікті мамандарын шақыра отырып, үнемі жұмыс жасайтын "Біліктілікті арттыру орталығы" курстары ұйымдастырылды.

## 2.2. Осал жақтары

Емханаларды амбулаторлы-емханалық тарификатор бойынша қаржыландыру, стационарларды - емханалық-шағын топтар бойынша, емделген жағдайлар бойынша көлемі мен көрсетілетін көмектің күрделілігін ескерумен.

Жеке медициналық практикалық жүйенің жеткіліксіз дамуы.

Облыста туберкулез ауруымен ауру деңгейі 100 мың тұрғынға шаққанда республикалық көрсеткіштен 23,9 пайызға жоғары.

## 2.3. Мүмкіндіктер

Қоғамдық бірлестіктердің, экологиялық үкіметтік емес бірлестіктердің, "JSAID" өкілдіктерінің, жеке қызмет көрсетуші дәрігерлер қауымдастығының денсаулық қорғау жөніндегі бағдарламасын жүзеге асыру тарату және жаңа деңгейде медициналық көмек ұсыну.

2002 жылға денсаулық сақтау нысандарының материалды-техникалық базасын жақсарту:

180 төсектік өте қауіпті індет (чума, тырысқақ) аурулары үшін қалалық типтік инфекциялық ауруханасының құрылысы.

Индер поселкесінде типтік аудандық аурухана құрылысы.

Облыстық аурухананың жапсырма құрылысының аяқталуы.

Құлсары қаласында "Игілік" инвестициялық жобасы есебінен аудандық орталық аурухананың жапсырма құрылысының аяқталуы.

Облыстық перзентхана базасында перинаталдық орталық ұйымдастыру

Котьяевка селосында санитарлы-аумақтық бекетін ашу.

Созылмалы түрдегі өкпе аурулы науқастар үшін облыстық туберкулез 90 төсектік ауруханасы құрылысының аяқталуы.

Облыс тұрғындарының денсаулығын зерттеу:

2002-2003 жылдар бойы облыс тұрғындарын туберкулезге жаппай тексеруден өткізу жұмыстарын жалғастыру.

Азғыр аймағы тұрғындарының денсаулығын болашақта мобильдік клиника-вагон көмегімен сауықтыру арқылы зерттеу.

В гепатитіне қарсы жасөспірімдерге егу өткізу (15-18).

Кадр мамандарының квалификациясын көтеру:

Республикалық онкологиялық, туберкулез және ана мен баланы қорғау ғылыми зерттеу институттарының филиалдарын ашу.

Білімділік көтеру орталығы базасында көшпелі шаруашылдық-есеп циклін өткізу.

В, С, гепатитімен ауыратын науқастарды емдеуде жаңа технологиялар енгізу.

2002-2006 жылдары емдеу-сауықтыру мекемелерінің іске қосылатын объектілері:

1. Атырау қаласындағы облыстық жүйке-тамыр ауруханасы.
2. Құрманғазы ауданы Ганюшкино селосындағы аудандық өкпе ауруханасы.
3. Мақат ауданы Доссор селосындағы аудандық өкпе ауруханасы.
4. 2 аудандық орталық ауруханалар құрылысы.
5. 5 жанұялық-дәрігерлік емханалар құрылысы.
6. 3 селолық учаскелік ауруханалар құрылысы.
7. 10 фельдшерлік-акушерлік пункттер құрылысы.

8. 5 фельдшерлік пункттер құрылысы.

9. Атырау қаласындағы балалар өкпе аурулар санаториясының асхана құрылысы.

#### 2.4. Қауіптер

Облыс тұрғындарын ауыз сумен жеткізіліксіз қамтамасыз ету эпидемиологиялық жағдайдың күшеюіне әкеліп соқтырады;

Экологиялық факторының күшеюі денсаулыққа ықпалын жасайды;

Есірткі мен адамдар иммунитетінің тапшылығынан болатын вирусты инфекцияны таратуы;

Базарда фармацевтикалық бұйым талабына жатпайтын дәрі-дәрмектің бары.

#### 3. Стратегиялық міндеттер

Қоршаған ортаға қауіпті, әлеуметтік-мағыналы аурулардың дамуы мен тууын ескертудегі сауықтыру шараларын күшейту;

Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының қызметін нығайту;

Тұрғындарға берілетін медициналық көмекті толықтай жетілдіру, алғашқы медико-санитарлық көмекті күшейту, жанұялық дәрігер жұмысын дамыту;

Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді толықтай жетілдіру, аймақ деңгейінде медициналық және фармацевтикалық кәсіпкерлікті дамыту.

#### 4. Іс-қимыл стратегиясы

##### 4.1. Медициналық қызмет көрсетудің сапасын көтеру:

Тұрғындарды алғашқы медико-санитарлық көмекпен қамтамасыз ету;

Жеке практикалы дәрігерлер санын көбейту;

Медицина персоналдарының білімділігін көтеру, мамандарды жаңа медициналық жабдықтармен оқыту.

##### 4.2. Денсаулық сақтау жүйесінің материалды-техникалық базасын нығайту

Жаңа аурухана мен емханалар тұрғызу;

Фельдшерлі-акушерлік бекеттерде, ауруханаларда диагностика мен емдеуде жаңа сауықтыру технологияларды енгізу және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу.

##### 4.3. Кадрмен қамтамасыз ету облысында:

"Мединформ" жабық акционерлік қоғамымен (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің Республикалық ақпараттық есептеу орталығының) бірге медициналық кадр базасын қолдау үшін жұмыстар жүргізілуде;

Есеп, қорытынды және медициналық қызметкерлерді қажет етуде "Кадрлар" автоматтандырылған басқару жүйесімен қамтамасыз ету бағдарламасы жасақталды.

Денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру, басқару және ұйымдарды толық жетілдіру, оның ішінде:

Отбасылық амбулаториялар жанынан күндізгі стационарларды ұйымдастыру;

Медициналық қызмет көрсетулерді қаржыландыруды орталықсыздандыру.

## Жұмыстылықты қамтамасыз ету және халықты әлеуметтік қорғау стратегиясы

### 1. Мақсаты

Жұмыстылық саласындағы негізгі мақсат - әр отбасының кем дегенде бір мүшесін жұмыспен қамту, жұмыста жоқ халықты еңбекке тартуды ынталандыратын жаңа жұмыс орындарын ашу белгіленуде, жұмыссыздық деңгейін облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету процестеріне қауіп төндірмейтін параметрлерге дейін азайту.

Халықты әлеуметтік қорғау аумағында негізгі мақсат - халықтың кедейшілік деңгейін төмендетуге, қайыршылықты жоюға, халықтың өмір жағдайын жақсартуға бағытталған, тиімді қызмет ететін халықты әлеуметтік қамту жүйесін құру.

#### Мақсаттар:

Көбіне мемлекет есебінен жүзеге асқан әлеуметтік қамту жүйесінен, тек қана мемлекет немесе жұмыс берушінің емес, сондай ақ әрбір жеке адамның қатысуын қажет ететін, әлеуметтік сақтандыру принциптеріне көшу.

Экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша жалданып жасайтын қызметкерлердің еңбек ақы деңгейін көтеру.

Атаулы әлеуметтік көмектің тиімділігін арттыру, атаулы әлеуметтік көмек беру механизмін жетілдіру.

Жұмыссыздарға әлеуметтік қолдау көрсету.

### 2. Ахуалды талдау

Облыстағы экономикалық өзгерістер, бір жағынан, мүгедектік, маскүнемдік, нашақорлық, жарақаттану сияқты жағымсыз әлеуметтік құбылыстарды жандандырып, кедейшілік, жұмыссыздық, халық санының тұрақты өсуін мінездейтін, әлеуметтік қамтуды қажет ететін балалар панасыздығын тудырып отыр.

Облыстағы кедейшілік деңгейі жұмыссыздықтың едәуір өсуіне, экономиканың нақты секторындағы өндірістің құлдырауына, экономикалық қызметтің кейбір түрлерінде, атап айтқанда денсаулық сақтау, білім беру салалары мен ауыл шаруашылығында, еңбек ақының төмен деңгейімен, халықтың нақты табыстарының азаюымен байланысты. 203,5 мың адам экономикалық белсенді халықтың (бағалау бойынша) 4,3 пайызы жұмыссыздар.

Халықтың аз қамтылған жіктеріне көрсетілетін мемлекеттік әлеуметтік көмек мөлшері негізінен нақты өмір сүрудің ең төменгі деңгейін қамтамасыз етпейді, соған байланысты осындай төлемдердің тиімділігін азайтады. Мәселен, орташа жан басына шаққандағы жиынтық табысы кедейлік шегінен аспайтын аз қамтылған отбасыларының балаларына төленетін бірыңғай жәрдемақы мөлшері 2002 жылдың 1 қаңтарына дейін 775 теңге құрады (Қазақстан Республикасының республикалық

бюджет туралы Заңымен жыл сайын белгіленетін бір айлық есепті көрсеткішінің деңгейінде). Соған байланысты 2002 жылдан бастап атаулы әлеуметтік көмектің орта мөлшері мүлдем басқа критерийлер бойынша белгіленетін болады.

Жалпы халықтың табысында зейнетақы мен мемлекеттік жәрдемақыларының үлес салмағы өсу беталысы байқалады, бұл еңбек жасындағы өзін асыра алмайтындар санының өскендігін көрсетеді. Бұндай жағдай, әсіресе, селолық жерлерге тән.

Сонымен, еңбек нарқы потенциалының деңгейі жоғары болғанымен оның тиімділігі төмен. Жұмыссыздар арасында негізінен кәсіби даярлығы төмен, ұзақ мерзім жұмыссыз болуына байланысты ішінара немесе толықтай біліктілігін жоғалтқан адамдар бар.

Ауыл халқының кәсіби және еңбектік жағынан құлдырау процесі байқалуда. Әсіресе жастар арасындағы жұмыссыздық аландатушылық туғызуда.

### 2.1. Мықты жақтары

Жұмыстылықпен қамтуда:

Жұмыспен қамтудың белсенді саясаты.

Жаңа жұмыс орындарын құру, шағын кәсіпкерлікті дамыту.

Шетелдік қатысы бар ұйымдарда шетел кадрларын жергілікті мамандармен ауыстыру.

Шағын бизнесті дамыту үшін халықтың аз қамтылған жіктігін несиелендіру ережелеріне сәйкес шағын несиелендіру.

Халықты әлеуметтік қорғауда:

Халықтың әлеуметтік-осал жіктеріне көмектің ең төменгі көлемін көрсетудегі мемлекеттің конституциялық міндеттерін орындау.

Арнайы мемлекеттік жәрдемақылар мен атаулы әлеуметтік көмектердің уақытылы төленуін қамтамасыз ету.

Атқару билігінің барлық деңгейінде кедейшілік проблемасын шешу

халықтың аз қамтылған жіктеріне әлеуметтік қолдау қажеттілігін түсіну және мән беру.

### 2.2. Осал жақтары

Жұмыспен қамтудағы:

Жеңіл және тамақ өнеркәсіп салаларындағы өндірістің құлдырауы, жұмыс көлемінің қысқаруы, жұмыс күшіне сұраныстың азаюы.

Жұмыссыздарды кәсіби оқыту жүйесінің төменгі тиімділігі мен нәтижелілігі, жұмысшылар мен мамандарды салалық фирмаішілік даярлау және қайта даярлаудың жоқтығы.

Кәсіпорындар үшін бұрынғы жұмыс орындарын сақтауға және жаңа жұмыс

орындарын ашуға ынтаның жоқтығы.

Жұмыссыздарды кәсіби даярлау бағдарламаларымен төмен қамтылуы.

Жұмыспен қамту жөнінде әлеуметтік әріптестіктің дамымауы.

Шетел кадрларын жергілікті мамандармен біртіндеп ауыстыру.

Халықты әлеуметтік қорғауда:

Мемлекеттік әлеуметтік көмектің жеткіліксіз атаулануы және қол жетерлігі.

Халықтың өмір сүру деңгейі мен кедейшілік тереңдігін өлшеуге, отбасының жиынтық табысын белгілеу ыңғайын таба алмау.

Көрсетілетін әлеуметтік және материалдық көмектің төмен деңгейлігі.

Жұмысты, еңбекке қабілеттілікті және табысты жоғалтуға байланысты, әлеуметтік тәуекелділік пайда болған жағдайда, халықты өзін-өзі қамтуға үйрету саясатының жоқтығы.

### 2.3. Мүмкіндіктер

Жұмыспен қамту аумағында:

Жорамалданған экономикалық өсім.

Жаңа жұмыс орындарын ашу үшін кәсіби деңгейді көтеруге инвестициялар.

Шағын кәсіпкерлік пен жеке кәсіпкерліктің дамуы.

Жұмыссыздар үшін ақылы қоғамдық жұмыстардың түрлері мен нысандарының кеңеюі. Жұмыс күшін қоғамдық жұмыстарда белсенді пайдалануды жорамалдайтын экономика секторларының болуы.

Халықты әлеуметтік қорғауда:

Мемлекеттік әлеуметтік шығындарды халықтың осал топтарының пайдасына қайта бөлу.

Әлеуметтік сақтандырудың әр түрлерін енгізу арқылы өзін-өзі қамту қол жетерлік механизмін жасақтау.

Әлеуметтік саясатты жүзеге асыруда әлеуметтік нормативтердің ролін арттыру.

Сақтандыру және зейнеткерлік жүйелерінің параметрлерін оңтайландыру.

Жергілікті бюджеттердің міндеттерін реттеу.

### 2.4. Қауіптер

Жұмыспен қамтуда:

Кейбір экономикалық қызмет түрлеріндегі еңбек ақы деңгейінің төмендігі.

Жасырын, заңсыз жұмыстылық ауқымының басқаруға көнбейтін өсімі.

Село халқының қалаға бақылаусыз көшіп-қонуы.

Ұзақ мерзімді (жылдан астам) жұмыс жасамайтын азаматтар санының өсуі.

Халықты әлеуметтік қорғау аумағында:

Әлеуметтік қамту жүйесіне қатысу мен әлеуметтік төлемдер арасындағы

байланыстың жоқтығы.

Зейнеткерлік қамтудағы саясаттың жетілмеуі.

Халықтың жинақтаушы зейнеткерлік жүйесіне толық қатыспауы.

Азаматтарды есепке алу және идентификациялау жүйесінің жетілмеуі.

Мемлекеттік әлеуметтік көмектің жеткіліксіз атаулануы мен қол жеткіліктігі.

### 3. Стратегиялық міндеттер

Жұмыспен қамту стратегиясына мына міндеттерді шешу кіреді:

Кәсіби оқыту жүйесінің тиімді дамуын қамтамасыз ету.

Ұлттық менеджменттің, кәсіпкерлік табының қалыптасуына ықпал ету.

Жұмыс берушілерді бұрынғы жұмыс орындарын сақтауға және жаңа жұмыс

орындарын ашуға ынталандыру, шағын бизнес пен жеке кәсіпкерлікті дамыту ықпал ету мәселелерін қарастыру.

Халықтың әлеуметтік осал жіктерін жұмыспен қамтуға ықпал ету.

Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру экономикалық мақсатқа сай келтіру.

Еңбек көші-қонды ұйымдастыру жөнінде шаралар алу.

Әлеуметтік қорғау стратегиясына мына міндеттерді шешу кіреді:

Мемлекеттік әлеуметтік көмектің атаулылығын қамтамасыз ету.

Халықтың өмір сүру деңгейінің мониторингісін жүргізу, кедейлерді есепке алу жүйесін жетілдіру.

Халықтың нақты табысының өсуін қамтамасыз ету.

Әлеуметтік проблемаларды шешуде әлеуметтік әріптестіктің дамуына жағдай жасау.

### 4. Іс-қимыл стратегиясы

Жұмыспен қамту проблемасын шешу мақсатында жұмыстылық саясатының қысқа және орта мерзімді мақсаттары арасында нақты айырмашылық жүргізу:

Қысқа мерзімді мақсаттар (2001-2005 жылдар кезеңі) - бұл жұмыссыздықтың алдын алу және жұмыс іздеушілерге, оларға уақытша материалдық көмек көрсетумен қатар, жұмысқа орналасуға ықпал ету.

Орта мерзімді жоспардағы (2005-2010 жылдар) басты мақсат - экономикадағы ауытқуларды түзеу арқылы жұмыс күшіне сұранысты ынталандыру, инвестициялық қызмет пен жаңа жұмыс орындарын ашуды ынталандыру, адам капиталының сапасын арттыру, дұрыс еңбек ақы мен табыстарға кепілдік беру, кедейшілікті азайту.

#### 4.1. Кәсіби даярлық жүйесінің тиімді дамуын қамтамасыз ету.

Кәсіби даярлық басты міндеттердің бірі болуы керек, оның мақсаты- еңбек нарығында кәсіби дағдыны, білімді дамыту, жаңа жұмыс орынды іздеуде мүмкіндіктерді кеңейту арқылы бәсекелестікті арттыру. Басты назар халықтың осал

бәсекелестік категорияларына аударылатын болады: жұмысқа орналасу үшін кәсіби оқуды қажет ететін алғашқы рет жұмыс іздеушілерге, мүгедектерге, ұзақ мерзім жұмыс жасамайтындарға, әйелдерге, көп балалы аналарға, жастарға.

Жалпы облыс бойынша кәсіби оқыту еңбек нарығының жұмыс күшіне деген қажеттілігіне бейімделетін болады: мұнай және газ кеніштеріне, ауыл шаруашылығына, өнеркәсіпке, құрылыс және коммуналдық шаруашылыққа. Лицензия бойынша тартылған шетел жұмысшы мамандарын алмастыруға қажет мамандықтар бойынша жұмыссыздарды кәсіби даярлау және қайта даярлаудың икемді жүйесін ұйымдастыру. Сонымен ішкі еңбек нарығын қорғау және жергілікті кадрлардың жұмыспен қамтылуы қамтамасыз етіледі.

#### 4.2. Жұмыссыздарды қайта даярлау ұйымдастырудың мүмкіндіктерін іздестіру.

Жұмыссыздарды қайта даярлау және оқытуда нақты мақсатты белгілеген дұрыс: оларды міндетті түрде жұмысқа орналастыру. Бұл бағытта жұмыспен қамту қызметтері ұйымдастыратын бағдарламаларының тиімділігін арттыру қажет. Жұмыссыздарды қайта даярлаудың тиімділігін арттырудың басқа, одан да тиімді жолы ұзақ мерзім жұмыста жоқ жұмыссыздар есебінен жұмысқа орналастыру мәселесі бойынша ұйымдармен, кәсіпорындармен бірігіп іс атқару.

Соған байланысты, жұмыссыздардың қайта даярлау курстарындағы оқуының ақысын ұйымдардың өздері төлеу және оларды сол кәсіпорында жұмысқа орналастыру механизмін зерттеу қажет.

Проблемалардың бірі - облыстың еңбек нарығында жеткілікті мөлшерде білікті жұмыс күшінің жоқтығы, әлемдік стандарттар деңгейінде мамандарды даярлау және қайта даярлауды жүргізе алатын білім мекемелерінің жетіспеуі. Осы жағдайды ескере отырып, облыс әкімшілігі оқу орталығын ұйымдастыру жөнінде инициатива көтерді, оның мақсаты шетел мамандарын ауыстыру үшін жергілікті жұмыс күшін даярлау, қайта оқыту және сертификациялау.

#### 4.3. Ұлттық менеджменттің, кәсіпкерлік тобының қалыптасуына ықпал ету.

Кәсіпкерлікте оңды нәтижелер алу үшін несиелік қорларға қол жеткізуді қамтамасыз ету.

Қосымша жұмыс орындарын құру үшін кәсіпкерлік пен шағын бизнестің дамуын қолдау және белсенді ынталандыру, соның ішінде шетел капиталын тарту есебінен.

Босаған қызметкерлерді жұмыспен қамту үшін ірі жұмыс берушілерге өздерінде шағын кәсіпорындар мен кооперативтер құруларына ықпал ету.

Жаңа жұмыс орындарын құратын, соның ішінде халықтың осал қорғалған категорияларына, жұмыс берушілерді көтермелеу жүйесін жасақтау.

4.4. Әртүрлі салалық одақтар құруға мүмкіндік жасау және олардың қызметін қаржыландырудың сенімді көзімен қамтамасыз ету.

Өз кәсіпорындарына қызметкерлердің кәсіби даярлығы мен қайта даярлығын ұйымдастыруға, фирма ішіндегі менеджментті жақсартуға ықпал ететін әртүрлі салалық, арнаулы қауымдастықтар, одақтар құру практикасын кеңейту.

Құзырына қазіргі менеджмент қағидаларын енгізу және өнімділікті арттыру мәселелері кіретін ұйым тағайындау мәселесін қарастыру.

4.5. Халықтың әлеуметтік осал жіктерін жұмыспен қамтылуына ықпал ету

Жұмыспен қамту бағдарламасында жыл сайын халықтың әлеуметтік қорғаусыз категорияларын жұмысқа орналасуына ықпал ету жөніндегі бөлімдерді көздеу.

Жыл сайын әйелдерді, жастарды жұмыспен қамту, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссия есебінде тұратын жасөспірімдерге мамандық таңдауға және оларды кәсіби оқуға жіберуге көмек көрсету, жетім-балалар мен ата-ананың қамқорынсыз қалған балаларды, ешбіреуі де жұмыс істемейтін отбасы мүшелерін, оралмандарды және т.б. ұйымдар мен мекемелерге уақытша жұмысқа орналасуына көмектесулер көзделген шешім қабылдау.

4.6. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырудың экономикалық мақсатқа сәйкестігі

Экономикалық мақсат жолына арналған - өнімді жұмыстылықпен қамтуға бейімделген қоғамдық жұмыс философиясын өзгерту. Осыған орай қоғамдық инфрақұрылымдардың дамуына арналған қоғамдық жұмыстар Бағдарламасын әзірлеп жүзеге асыру қажет.

Жергілікті атқарушы органдардың шешімі арқылы қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныстар белгілеу. Облыс бойынша ұйымдар тізбесін, қоғамдық жұмыстардың түрлерін, көлемі мен нақты жағдайларын, қатысушылардың еңбек ақы мөлшерін, оларды қаржыландыру көздерін бекіту.

4.7. Еңбек көші-қонын ұйымдастыру шараларын қамтамасыз ету

Өндіріс күшін орналастыру сызбасына сәйкес еңбек нарығында ашылған мүмкіндіктерді ескере отырып халықтың көші-қон ұтқырлығын көтеру. Көшіп келгендер мен олардың отбасыларын тұрғын үймен және негізгі әлеуметтік қызметтермен қамту мәселесін қарастыру.

Азаматтардың ішкі көші-қонуын қоса, еңбек қорының тиімді орналасу жөніндегі шараларды әзірлеу.

4.8. Еңбек ақы жүйесін жетілдіру

Еңбек ақының өсу динамикасы жұмыс күші сапалық потенциалын көтеруге және еңбекақының төмендігіне байланысты кедейлік шегіндегі отбасыларының жартысы

үшін әлеуметтік қорғау проблемасын шешуге негіз болып табылады. Еңбек ақысын өсірмей жұмыс күші нарығын өзгерту түгел, ең бастысы - нарық жағдайында нәтижелі жұмыс істейтін әлеуметтік қамту жүйелерін құруға болмайды.

Кірістер мен еңбек ақының айырмашылығын азайтуға арналған шаралар қабылдау қажет.

#### 4.9. Әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізу

Орнықты және тұрақты сақтандыру нарығын құрудың басы әлеуметтік сақтандыру жүйесінің даму шарты болады, бұл азаматтардың өзін-өзі қамту, өзіне жеткілікті және әділеттік пен бірқалыпты тарату қағидасы негізінде әлеуметтік қамту мәселесін нәтижелі шешу жағдайлары көтеріледі.

Еңбекке жарамды халықты әлеуметтік сақтандырумен қамту еңбек нарығында қалыптасқан тәртіпте жүзеге асыру қарастырылуда. Әрі, әлеуметтік сақтандыруға жүйесіне қатысу азаматтардың өз еңбек қатынастарын жариялауға ынталандырады. Бұл , қалыптасқан тәртіптегі емес еңбек нарығында жұмыс істейтіндермен салыстырғанда жүйеге қатысушылар бағаланбас басымдылық алатындығында.

Әлеуметтік сақтандыру, жұмыс істейтін халыққа негізгі әлеуметтік қатерлерден ( өлім, мүгедектіктік, қарттық, ауру және жұмыссыздық) сақтануға мүмкіндік беретін шаралар кешенін біріктіреді. Әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу сақтандыру төлемдер мөлшерінің мерзімі мен аудару мөлшерінен тәуелділігін ескеруді алдын ала болжайды.

Жұмысшылардың денсаулығы мен өмірлеріне қатер келтіргені үшін жұмыс берушілердің жауапкершілігін міндетті сақтандыру енгізіледі.

#### 4.10. Әлеуметтік мәселелерді шешуде мемлекеттік пен жұртшылық арасындағы әріптестіктің дамуына жағдай жасау

Халықтың жұмыстылық мәселелері жөніндегі мемлекеттік саясаттың дамуында әлеуметтік әріптестікті жетілдіруге жұмыссыздарды әлеуметтік қамтудағы көптеген мәселелер негіз болуы керек.

Мемлекеттік емес еңбек биржаларын, жалдау жөніндегі әлеуметтік агентстволарын дамытуды ынталандыру тетігін енгізу және әзірлеу қажет.

Халықты әлеуметтік қорғау тиімділігінің арттыруына, әлеуметтік мәселелерді шешуде мемлекет пен жұртшылық арасындағы әріптестікті дамытудағы мемлекеттік саясатты жетілдіру және нақты аталымды әлеуметтік көмекке жету сияқты шаралар мүмкіндік туғызуы қажет.

### III бөлім

#### Өндірістік-технологиялық саясат

## 1. Өндірістік-технологиялық саясаттың мақсаты

Өндірістік-технологиялық саясаттың 2000-2010 жылдарға арналған басты саясаты болып табылады:

Кәсіпорындардың барлық топтары мен өнеркәсіп салаларының дамуы үшін

қолайлы нормативтік-құқықтық және экономикалық жағдай жасау;

Алдыңғы қатарлы технологияның, ғылымды кеңінен қажетсінетін жаңа өндірістің дамуын ынталандыру;

Өнімнің бәсекелік қабілетін арттыру жөнінде өнеркәсіптің өңдеуші салалары кәсіпорындарына барынша қолдау көрсету;

Әлемдік тауар нарығындағы өзгеріс жағдайына өнеркәсіп орнықтылығын арттыру үшін жағдай жасау;

Тоқтап тұрған кәсіпорындарды жандандыру;

Импорт алмастырушы бағдарламаларға қатысу;

Облыс кәсіпорындарында "Сапа сертификаты және менеджменті" - 9000-9005 үлгісіндегі стандарттарды енгізу;

Қаржылық жағынан әлеуетсіз кәсіпорындарды банкроттау және санациялау (сауықтыру).

## 2. Жағдайды талдау

### 2.1. Өнеркәсіп секторының жәйі.

Облыс экономикасының өнеркәсіп секторы өнеркәсіп өнімін 436,2 млрд теңге сомасында өндірді, өнеркәсіп өнімінің нақты көлемінің индексі 2000 жылғы мерзімнің 116,8% құрады.

Сектор облыстың негізгі салық төлеушісі болып табылады. Негізгі әлеуметтік бағдарламаларды осылар жүзеге асырады. Халықты жұмыспен қамтуды жүзеге асыруда да сектор ролі басымдықта болып табылады. Өнеркәсіпте еңбек ететіндер саны 2002 жылдың 1 қаңтарына 32,0 мың адам құрады, ол жалпы облыстық деңгейдің 17,5% құрайды.

Облыс экономикасының дара(моно) индустриялылығын ескеріп, өнеркәсіп секторында мұнай-газ саласына 2010 жылға дейінгі болашақта басты роль беріледі. Каспий теңізінің солтүстік жағалауы қайраңында барлау бұрғылауын жүргізу және көмірсутегі шикізатының ірі қоры болуының алдын-ала болжамы облыстың ғана емес, республиканың да бүкіләлемдік еңбек бөлінісі ауқымында мамандандырылуын айқындауға мүмкіндік береді.

Облыс өнеркәсібі, әсіресе оның мұнай өндіру және мұнай өңдеу, балық шаруашылығы салалары төлем қабілеттілігі сұранымының табыс көзі болып табылады. Бұл салаларда экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда еңбекке ақы төлеу деңгейі жоғары.

Төлем қабілеті сұранымын табыс көзіне айналдырушы неғұрлым ірі өнеркәсіп кәсіпорындары экспортқа бағытталған "Қазақойл-Ембі" ашық акционерлік қоғамының, "Тенгизшевройл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, "Қазақойл-Тельф" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, "АНАКО" акционерлік қоғамының, "Атырау мұнай өңдеу зауыты" акционерлік қоғамының, "Сазанқұрақ" біріккен кәсіпорны, "Мәтен" біріккен кәсіпорнының, "Атыраубалық" акционерлік қоғамының кәсіпорындары болып табылады.

Өнеркәсіп және экономиканың басқа салаларының қызметі мен өнімін тұтына отырып, бұл кәсіпорындар экономиканың басқа салаларын, соның ішінде тұтыну нарығын да, дамытуға жәрдемдеседі.

Соңғы 10 жылда облыс дамуының негізгі көрсеткіштері өсуінің тұрақты өсу үрдісі болды, ол көмірсутегі шикізатын өндіру және оны экспортқа шығару көлемінің ұлғаюына байланысты. 1991-2000 жылдар мерзімінде облыста 77,3 млн. тонна мұнай, 23,6 млрд. кубометр ілеспе газ өндірілді.

Жекешелендіру шетелдік инвестицияларға жол ашты, нәтижесінде мұнай өндіруші және мұнайды өңдеуші кәсіпорындар акциялары үлесінің бір бөлігін шетелдік компаниялар иеленді. Мемлекет атынан "Қазақойл" ұлттық мұнай компаниясының өзі үлесі бар, "Тенгизшевройл" - 20%, "ҚазақойлТельф" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің - 69%, "Қазақойл-Ембі" ашық акционерлік қоғамының - 100%, "Атырау мұнай өңдеу зауытын ашық акционерлік қоғамының - 86%.

Облыс бойынша өндіріс өнімінің жалпы көлемінде тамақ өнімдерінің көлемі 0,8% құрайды.

Тамақ өнеркәсібінің өнімі тек қана облыс ішінде өткізіледі.

### 2.1.1. Мықты жақтары

Шетелдік капиталдың құйылуы мұнай-газ кешенін, өндірістік және жанама инфрақұрылымдарды дамытуға, мұнай мен газ өндіруді ұлғайтып, өнімді экспорттауға, сөйтіп республикалық және облыстық бюджетке салық және басқа міндетті түсімдерді көбейтуге ықпал ететін мүмкіндік береді.

Қазақстандық мамандарды мұнай-газ кешені кәсіпорындары мен олардың мердігерлік ұйымдарында жұмысқа орналастыру, олардың кәсіби деңгейін арттыру.

Табиғатты пайдаланушылар қаражаты есебінен облыстың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту.

Жергілікті қосалқы мердігерлік ұйымдармен іс-қимыл біріктіру.

Қазіргі заманға технологияны, менеджменттің халықаралық стандарттарын енгізу.

Халықаралық өткізу нарығына шығу.

### 2.1.2. Осал жақтары.

Мемлекеттің меншіктік үлесі бар өндіруші кәсіпорындары шикізат базасы сапасының нашарлауы мен дамуының айтарлықтай кейін қалуы. Инвестициялар тапшылығы, пайдаланылып тұрған кен орындарының сарқылуы, алуы қиындаған қорлар үлесінің өсуі.

Газ өнеркәсібінің даму стратегиясының жоқтығы, көлік тасқынының жеткіліксіз дамуы.

Өткізу рыногынан алшақ орналасуы және шекаралас елдер саясатына тәуелділік.

Мұнай кенорындарында газ бен күкірт қосындысының жоғары болуы.

Газ бен күкіртті іске жарату проблемалары.

Білім деңгейін халықаралық стандарттарға дейін көтеруге қабілеті бар білікті кадрлардың, оқу орындарының жоқтығы.

Сыртқы және ішкі рыноктерде мұнай мен мұнай өнімдеріне баға саясатының үйлесімсіздігі.

Мұнай-газ кешені кәсіпорындарының қоршаған ортаға теріс әсері.

Мұнай-газ секторының, соның әсерінен облыс кірісінің әлемдік нарық жәйі мен жағдаятына өте тәуелділігі.

Жергілікті атқарушы өкімет органдарының табиғатты пайдаланушылардың көмірсутегі шикізатын барлауға және өндіруге келісім-шарт міндеттемелерін қалыптастыруға қатысу тетігінің болмауы аймақтың әлеуметтік бағдарламаларын дамыту бөлігінде табиғатты пайдаланушылар міндеттемелерінің де болмауына әкеліп соқтырады.

Мұнай өңдейтін кәсіпорындардың толық өндірістік қуатында болмауы.

Мұнай өңдеу тереңдігінің төмендігі.

Импортқа тәуелділік.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шетелдік компанияларға табиғатты пайдалануға жасалған келісім-шарттарда берілген жоғары жеңілдіктерге байланысты шетелдік компаниялар қызметіне экономикалық әдістермен әсер ету мүмкіндігінен айрылуы.

Облыста өндірілетін азық-түлік өнімі облыс халқы қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Ұн, қант, шай, өсімдік майы сияқты көпшілік өнімдер облыста өндірілмейді, сондай-ақ кондитер, макарон, сүт, арақ-шарап өнімдері және сыра мен алкогольсіз ішімдіктер және тағы басқа бізге облыстан тыс жерлерден әкелінеді.

### 2.1.3. Мүмкіндіктері

XXII - 9,10,11,12,13; XXIV - 16,17,18; XXVI - 13,14,15; XXVIII -

15,16; XXIX - 16 блоктарындағы геологиялық барлау жұмыстарды одан әрі жүргізу.

Өндірістік, көліктік инфрақұрылымды, сервистік қызметтерді дамытуға

инвестициялар тарту.

Мұнай өңдеу тереңдігі мен кешенділігін арттыру, мұнай өңдеу өнеркәсібін жаңғырту.

Теңіз, Каспий теңізі қайраңын қоса, Қазақстан кен орындарын пайдалануға беруге әзірлеу.

Мұнай өнімдерінің жоғары өнім түсімін беру технологиясын қолдану арқылы шикі мұнайды ішкі қажеттілікке пайдалануды қысқарту.

Импорттық мұнай өнімдерін пайдаланбау арқылы Қазақстан экономикасының тәуелсіздігін арттыру.

Теңіз кеме қатынасын дамыту.

Мұнай ілеспе газын еуропалық сападағы пропан және бутанға толық өңдеу үшін "Тенгизшевройл" мекемесінің жаңа қуаттарын жаңғырту.

Облыста тамақ өнеркәсібін дамытуға инвестициялар тарту.

#### 2.1.4. Қауіптер

Мұнай мен газға әлемдік бағаның құлдырауы.

Каспийді игеру есебінен экологиялық қауіптер.

Каспий теңізі деңгейінің көтерілуі және Каспий теңізінің жағалау бөлігін су басу, су басқан аумақта орналасқан кен орындарының су астында қалуы.

Қоршаған ортаның ластануы.

Техногендік зілзалалар.

### 3. Стратегиялық міндеттер

Дағдарыстық құлдыраудың зардаптарын қалыптастыру кезеңін 2004 жылға дейін облыстың құрылыс индустриясы, машина жасау және ұқсату, өңдеу кәсіпорындарын сауықтыру, импорт алмастыру бағдарламаларына қатысу, халықаралық сапа стандарттарын енгізу, жаңғырту және жаңарту, жаңа өндірістерді салу үшін екінші деңгейдегі банктердің несиелеу жолын ашуға ықпал ету жолымен қалпына келтіруді көздейді.

Қалыптастыру кезеңіне 2002-2003 жылдар мерзімінде жапондық несие тарапынан "Атырау мұнай өңдеу зауытын жаңғырту жобасы", 2002-2005 жылдар мерзімінде "Заман-Нефтемаш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің машина жасау зауытын жаңғырту және жаңарту, "Атыраубалық" ашық акционерлік қоғамының, 2005 жылға қарай 30,0 мың тонна өнім беретін "Полипропилен" зауыты жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қуатын арттыру үшін инвестициялар тарту және аймақ аумағына өндіргіш күштерді орналастыру жолы бойынша басқа жобалар кіреді.

Өнеркәсіптік-технологиялық саясатты енгізудің индустриялық және инновациялық (жаңарту) кезеңдері 2005-2010 жылдар ішінде жүзеге асырылатын болады.

Өндірістік-технологиялық саясатты облыста жүзеге асыру екі кезеңде орындауды көздейді:

2002-2005 жылдарда:

Тоқтап тұрған өңдеу, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, құрылыс индустриясы кәсіпорындарын қалпына келтіру және сауықтыру.

Кәсіпорындарда ISO-9000-9005 халықаралық сапа стандарттарын енгізу;

Өнеркәсіп пен құрылыс индустриясы жаңа объектілерін пайдалануға беру және құрылысын салу.

2006-2010 жылдарда:

Экспорт және импорт көлемін ұлғайту және құрылымын жақсарту;

Қазақстан өнімін өткізу рыногын ұлғайту, сыртқы сауда балансының тиімді инфрақұрылымын қалыптастыру;

Қазақстанның халықаралық ұйымдарға қатысуы және олармен тығыз өзара іс-қимыл жасауы негізінде халықаралық еңбек бөлісі артықшылықтарын пайдалану;

Экспорт пен импортқа бірлескен кеден және банк бақылауын енгізу негізінде сауда операцияларына бақылауды күшейту.

#### 4. Іс-қимыл стратегиясы

Өндірістік-технологиялық саясат пәрменділігінің басты шарты болып табылады:

Экспорттық және импорттық өндірістің қаржылық емес қолдау жүйесін құру.

Сыртқы сауда балансын оңтайландыру экспорттық әлеует, құрылыс және экспорттық мұнай құбырларын пайдалануды ұлғайту есебінен жүргізіледі;

Экспорттаудың дәстүрлі және өнімдер мен қызметтің жаңа түрлерін ұлғайту;

Өткізу рыноктарын ұлғайту және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы және басқа елдердің саудалас әріптестерімен байланысты нығайту;

Сыртқы экономикалық қызмет инфрақұрылымын дамыту; экспортқа бағытталған өндірісте шетел капиталын және қазіргі заманғы технологияларды тарту;

Өнімнің жеке түрлерін (халық тұтынатын тауарлар, азық-түлік өнімдері) өздерінен өндіруді ынталандыру үшін оларды қолдау (протекционистік) саясатын жүргізу;

Өндірістік аппаратты жаңарту үшін қазіргі заман технологиясы және жабдықтар импортын ынталандыру;

Қазақстанның үшінші елге импорттық тауар тасқынына қызмет көрсететін, транзиттік коммуникациялардың кепілдікте және қауіпсіз пайдаланылуына ықпал ететін жағдай жасау;

Белгілі мемлекеттік басымдықтарды ескере отырып, экспорттық әлеуеттер негізі болашақта отын-энергетикалық және химиялық кешендерде қалыптасуы керектігін айта аламыз;

Сауда қаржыландырылуы экспортты, жергілікті өнеркәсіп өнімдерінің әлемдік рыноктағы бәсекелестік қабілетін күрт ұлғайтады;

Жеткізілетін тауарлардың сапасы мен техникалық жағынан мүлтіксіз орындалуы, олардың санитарлық жағдайы мен экологиялық қауіпсіздігі жөнінде нақты және қатаң талаптар қою жолымен тарифтік емес сипаттағы жиынтықты кеңейту.

Шетелдік әріптестердің сауда тәжірибесіндегі теріс іс қимылдарына шұғыл әсер білдіру үшін бизнеспен қайыра байланыс жасау жүйесін әзірлеу;  
Отандық өнеркәсіп құрылымында оң өзгерістерге ықпал ететін импорттың тауарлық құрылымын ұтымды ету;

Импорт алмастыру бағдарламасы шеңберінде жергілікті кәсіпорындарға өндіріс мүмкіндіктерін, импортталатын өнімдер мен қызмет көрсетулерді жүзеге асыруға жәрдемдесу (көрмелер, конференциялар ұйымдастыру).

4.1. Өнеркәсіптік-технологиялық саясаттың негізгі құралдары.

Ойға алған мақсаттарға жету үшін әзірленді және әзірленуде:

Облыстық өнеркәсіптік саясат;

Импорт алмастыру бағдарламасы;

Инновациялық (жаңарту) саясатты дамыту бағдарламасы;

Өндіргіш күштерді орналастыру тұжырымдамасы.

4.1.1. Жалпы жүйелік шаралар

Табиғи монополиялар саласында:

Тұтынушылар құқықтарын қорғау, сондай-ақ ұсынылған коммуналдық қызмет көрсетулер (сумен жабдықтау, газдандыру) нақты көлемін белгілеу мақсатында жеке есепке алу құрылғыларын орнату жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және жүзеге асыру.

Стандарттау саласында

Облыс кәсіпорындарының ISO 9000-9005 халықаралық сапа стандартына көшуі.

Ғылыми-техникалық салада

Ғылыми зерттеулердің отандық Қорын құру. Кәсіпшілік ішілік және бас (магистралдық) мұнай құбырларының парафинделуін зерттеу, құбылыстардың практикалық мәнге ие факторларын анықтау, парафинді мұнайды жинау және тасымалдау тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Теңіз мұнайын тасымалдау және сақтау кезінде парафин шөгінділерінің пайда болуын болдырмауды зерттеу және оның тәсілін ойлап табу.

Қазақстан мұнайындағы ваннадийді экологиялық, технологиялық және экономикалық тұрғыдан зерттеу.

Атырау облысының мұнай сақтайтын қоймалары мен мұнай құбырларының жоғарғы қабаттарындағы асфальтсмола шөгінділерімен күресу үшін орнықты хлор көмірсутегін пайдалану технологиясын дайындау.

#### Сыртқы сауда саласында

Атырау облысының сыртқы сауда айналымы 2000 жылы 2889,4 млн Америка Құрама Штаттарының долларын құрады және ол 1999 жылмен салыстырғанда 185,4%.

2000 жылы облыстың шаруашылық жүргізуші субъектілері 2337,0 млн. Америка Құрама Штаттарының долларына тауар мен өнімді экспортқа шығарды, ол 1999 жылғы деңгейдің 191,2% құрайды. Сыртқы сауда жалпы айналымы көлеміндегі экспорт үлесі 80,8% құрады, 1999 жылы - 75,8%.

Импорт 552,4 млн Америка Құрама Штаттарының долларын құрады, ол 1999 жылғы деңгейден 42,7% жоғары, тиісінше тауар айналымының жалпы көлеміндегі импорттың үлесі 2000 жылы 19,2% құрады. Түсімдердің негізгі бөлігі - технологиялық жабдықтар, тетіктер мен көлік құралдары, азық-түлік өнімдері.

2000 жылдың басынан бері әлемнің 50-ден астам елімен сыртқы сауда операциялары жүзеге асырылды.

Экспортқа шығарудың негізгі баптары-мұнай және мұнай өнімдері, балық және балық өнімдері. Негізгі тұтынушылар - алыс шетел (Германия, Польша, Израиль, Түркия, Финляндия, Франция, Италия, Америка Құрама Штаты) және жақын шетелдер - (Ресей, Әзірбайжан, Украина, Тәжікстан).

Экспорт өнімдерін басты шығарушылар - "Тенгизшевройл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Қазақойл-Ембі" акционерлік қоғамы, "Сазанқұрақ" біріккен кәсіпорны, "Атыраубалық" акционерлік қоғамы, "Атырау мұнай өндеу зауыты" акционерлік қоғамы.

Импорттың тауарлық құрылымы мынадай ретпен көрініс тапқан: минерал өнімдері, мал және өсімдік өнімдері, химия өнеркәсібі өнімдері, дайын азық-түлік тауарлары, машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, құрылғылар, аппараттар және басқалар.

Импорттық өнімдердің негізгі жеткізушілері - Ұлыбритания, Америка Құрама Штаты, Ресей, Италия, Германия.

Сыртқы сауда айналымын талдау облыстың экспорттық бағыт алуын көрсетеді, бұл ретте экспорттың шикізат шығаруы сақталып отыр (мұнай және мұнай өнімдері). Сыртқы сауда айналымы құрылымында импорт үлесі өсіп келеді, ол аймақ экономикасының импортқа тәуелділігін күшейтіп отыр.

Талғамалы басқыншылық шаралар:

(Селективтік интервенционистік шаралар)

Шетелдік және отандық инвестицияларды мұнай-газ секторына тарту.

"Атырау мұнай өңдеу зауыты" ашық акционерлік қоғамына мұнай тасымалдауға тарифтер бойынша жеңілдіктер беру.

Жаңа генерациялық қуаттар құрылысының жобаларына салық жеңілдіктері мен преференциялар (пұрсаттылықтар) беру.

Сыртқы экономикалық қызметтегі бизнеске жәрдем беру

Несиелендіруді кеңейту және экспортты сақтандыру, мемлекеттік саясатты ақпараттық қолдау және жаңа рыноктерге қол созуға ықпал ету, әлемдік саудадағы өзгеріп отыратын жағдайларға сәйкес заңнамалық базаны жетілдіру арқылы облыстың экспорт саясатын жүзеге асыру;

Каспий су айдынын экологиялық қорғау және облыс экспортында маңызы бар балық қорын қорғау және қалпына келтіру жөнінде шаралар кешенін жүзеге асыру;

Экспорт құрылымын дайын өнімдер экспортын және дәстүрлі емес өнім мен қызмет көрсету түрлерін ұлғайту жағына әртараптандыруды ынталандыру;

Сыртқы экономикалық агенттермен жасалған келісім-шарттар мен келісім қарым-қатынастарын дамытуын қорғауды қамтамасыз ету;

Сыртқы рыноктерге мұнай тасымалдау жөніндегі шараларды жүзеге асыру. 2001-2005 ж.ж. мұнай экспортының неғұрлым көп өсімі Каспий Тұрбақұбыры Консорциумының мұнай құбырын іске қосу есебінен жүзеге асырылады.

2015 жылға дейінгі мерзімде сыртқы сауда және сауда балансы болжамының көрсеткіштері бойынша мұнай экспорты көлемінің болжамы басты мәселе болып табылады. Машина және жабдықтар импорты, сонымен бірге ВВП (жалпы өнім) құрылымындағы таза экспорт үлесі сияқты экспорттың жалпы көлемімен бірге импорттың жекелеген баптарының көрсеткіштері де соларға байланысты (тәуелді) қалыптастырылады.

Деңгейі көп жағдайда ұлттық экономика мен сыртқы сауданың параметрін белгілейтін Ресеймен сауда-экономикалық қарым-қатынастарды кеңейту;

Мемлекеттік қызмет органдары жүйесінде экспорттың дамуына ықпал етуге жауаптыларды қалыптастыру.

Болашақта экспортты дамытуға қолайлы елдерде Қазақстанның сауда өкілдіктерін құру.

Жақын және алыс шет елдерде Атырау облысының өкілдіктерін немесе сауда үйін құру.

Ресей аймақтарымен сауда-экономикалық және мәдени

ынтымақтастық жөніндегі жұмысты жандандыру

Облыс кәсіпорындары шығаратын өнімдер мен олардың өндірістік мүмкіндіктерін ұсыну арқылы шетелдік мемлекеттер рыногіне қатысуын қамтамасыз ету келісім-шарттар жасауға жәрдемдесу;

Сарапшылар қауымдастығын қалыптастыруға және олармен тиімді өзара қарым-қатынас жасауға жәрдемдесу.

Экспортты қаржыландыру және сақтандыруды қамтамасыз ететін рыноктік институттар құрылымын дамыту.

Қазақстан Эксим Банкі немесе жергілікті бюджеттен экспорттаушыларды несиелендіру (облыс, қала және аудандар әкімдерінің қатысуымен, неғұрлым перспективалық жобалар бойынша)

Экспорт, шетел рыноктарын талдау мәселелері бойынша ақпараттық- кеңесшілік қызмет көрсету үшін сауда ақпараты орталығын құру.

Сауда әріптестерін-елдерді таңдау жөніндегі ұтымды саясат: өткізу рыноктерін әртараптандыру, Азияның жақын рыноктерін толығымен пайдалану, үшінші елдер арқылы тасымалды барынша азайту, аймақтық одақтармен өзара қарым-қатынасты күшейту.

Ресей аймақтарымен шекаралық ынтымақтастықты, сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту мақсатында Қазақстан облыстарымен аймақаралық ынтымақтастықты дамыту

4.2. Өнеркәсіптік-технологиялық саясаттың салалық бағыттары болып табылады:

Мұнай-газ кешенін, Атырау аймағының инфрақұрылымын дамыту жобасын жүзеге асыру жөнінде сәйкесті мемлекеттік органдар мен ірі шетелдік инвесторлар өкілдерінен арнайы алқалы орган құру;

Газ бен күкіртті кәдеге жарату жөніндегі стратегияны дайындау;

Жергілікті қызмет көрсету, Қазақстандық мамандарды оқыту үшін жағдай жасау.

Отандық тауарлармен (жұмыспен, қызмет көрсетумен) импорт алмастыру жолымен импорт алмастыру бағдарламасын жүзеге асыру;

Экологиялық сақтандыру тетігін енгізуді әзірлеу.

"Атырау мұнай өңдеу зауыты" ашық акционерлік қоғамын және "Полипропилен" зауыты жауапкершілігі шектеулі серіктестігін шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында өнеркәсіптік шикізат қоры бар жаңадан қатарға қосылатын кен орындарын тек қана мемлекеттік компанияларға беру.

4.2.1. Экспортқа бағытталған салалар

Мұнай-газ өнеркәсібі.

Бірінші кезектегі шаралар:

Көмірсутегі шикізатын тасымалдау және экспорттау бағыттарын әртараптандыру.

Бүгінгі таңда Атырау облысынан мұнайды экспорттау негізінен Ресей Федерациясы аумағымен ілгері қарай Қара және Балтық теңіздері порттарына қолданыстағы тұрба құбыры жүйесін пайдалану жолымен шығу арқылы жүзеге асырылады. Тұрба құбыры

жобаларының мақсаты "Тенгизшевройл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде болашақта Каспий теңізі қайраңында, өндірілетін мұнайды өткізу әлемдік рыноктеріне экспорт көлемін жоспарлы өсіруді қамтамасыз ету, сонымен бірге көмірсутегі рыногының әлемдік нақты жағдаятына сәйкестендіріп экспорт тасқынын әртараптандыру.

Тұрбақұбыры жүйесінің мұнай көлемі өсуі деңгейінен кейін қалуы соңғы жылдары тұрба құбырларымен мұнайдың тек қана 60% экспорттауға мүмкіндік берді. Жеткілікті тұрба құбыры қуаттарының болмауы қымбат тұратын темір жол көлігімен тасымалдау көлемінің өсуіне әкеліп соқтырды.

Проблеманы шешу қосымша тұрба құбыры мен басқа тасымалдау қуаттарын іске қосу арқылы шешілмек. Теңіз-Новороссийск Каспий тұрбақұбыры Консорциумы бас мұнай құбыры құрылысының аяқталуы Қара теңіздегі Ресей терминалдарының мұнай экспортын бастапқы өткізу қабілеті жылына 28 млн тонна көлемінен 67 млн тоннаға дейін ілгері қарай ұлғайтуға мүмкіндік береді. Ол Каспий теңізі қайраңындағы кен орнын пайдалануға бергенге дейін облыстың осы тасымалдау түріне қажеттілігін қамтамасыз ететін болады. (2001-2008 ж.ж.).

Ұзындығы 3000 шақырым, қуаттылығы жылына 20 млн тоннадан кем емес Атырау-Кенқияқ-Құмкөл, Атасу-Алашанкоу және өткізу мүмкіндігі 25-тен 50 млн тоннаға дейін Атырау-Жаңа Өзен-Иран мұнай құбырлары сияқты мұнай тасымалдаудың баламалы жолдарының мүмкіндіктері зерделенуде.

Транскаспий тасымалдау жүйесін жүзеге асыру Каспий қайраңындағы кен орнының көлемі мен мұнай өндіру мерзіміне және мұнай өндіруші компаниялармен қатар аумағынан тұрба тартылатын елдер мүддесінің сәйкестігіне тәуелді болады.

#### 4.2.2. Ішкі бағытталу салалары.

##### 1) Тамақ өнеркәсібі.

Бірінші кезектегі міндеттер.

Бағасы мен сапасы бойынша жергілікті өнімдердің бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ететін өндірістің техникалық деңгейін арттыру, өндіріс шығындарын азайту;

Сапасы мен түрлерін жақсарту есебінен өнімнің бәсекелестік қабілетін арттыру, ішкі рынокты отандық өндіріс өнімдерімен толықтыру;

Тауар өндіретін салада шағын және орта бизнес кәсіпорындарын дамыту. "Базальт Инт" жабық акционерлік қоғамы - тұрғындарды өз сүт өнімдерімен іркіліссіз жабдықтаушы және өндірістің ырғақты жұмысының негізгі өндірушісі-жұмыс істеп тұрған жабдықтарды жаңғыртып, сүт құюдың жаңа желісін сатып алуды жүзеге асыруды ойластырып отыр.

"Прикаспий элеваторы" жауапкершілігі шектеулі серіктестік-банкротқа ұшыраған "Ақ бидай" акционерлік қоғамының жаңа құрылтайшысы - 2002 жылы Атырау

қаласындағы ұн тарту зауытын жаңғыртуды жобалап отыр, сөйтіп 2003 жылы тауарлық өнім шығаруды бастамақ.

Ол осы аймақты халықаралық стандартқа сәйкес келетін сапалы өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жалпыжүйелік шаралар:

"Базальт-Инт" жабық акционерлік қоғамы шикізат өндірісін және дайын тағам өнімдерін кешенді дамыту мақсатында жоғары өнімділігімен ерекшеленетін, сауын сиырлар табынын өсіретін өз фермасын құруға ниет артып отыр.

Талғамалы қолдаудың негізгі нысандары

Кәсіпорынның қаржылық-экономикалық жағдайын сауықтыру; Тамақ өнеркәсібі саласына инвестициялар тарту және кәсіпорындарды екінші деңгейдегі банктердің несиелендіруі үшін жағдай жасау. Жеңіл және тамақ өнеркәсібі салаларында импорт алмастыру бағдарламасы шеңберінде 2001 жылғы қарашада облыстық бюджет есебінен "Базальт-Инт" жабық акционерлік қоғамына балалар сүт тағамдарын өндіру жөнінде цех ашу үшін 20,8 млн теңге сомасында несие бөлінді.

"Прикаспий элеваторы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қажет болған жағдайда ұн тарту өндірісін жаңғырту және жаңарту үшін несие алу бөлігіне қолдау көрсету.

2) Мұнай өңдеу өнеркәсібі

Бірінші кезектегі міндеттер (2002-2005 ж.)

Түсті мұнай өнімдерін шығару үлесін арттыру мақсатында "Атырау мұнай өңдеу зауыты" акционерлік қоғамын жаңғырту. 308 млн Америка Құрама Штаттарының долларын жұмсауды талап ететін Атырау мұнай өңдеу зауытын жаңғырту жобасы өңдеудің отындық тәсілін пайдалану арқылы зауыт қуатын 4,5 млн тоннаға жеткізуді көздейді. Несие ресурстарын қайтару өндірілген өнімді сату жолымен жүзеге асырылатын болады. Бүгінгі таңда "Қазақойл" ұлттық мұнай компаниясы "Марубени" компаниясымен бірге зауытты жаңғыртудың техникалық жобасын орындауға рамалық келісім дайындады. Ол жоба мұнайды өңдеу тереңдігін 85% жеткізуге мүмкіндік береді.

Болашақта Атырау мұнай өңдеу зауытында қою май өнімдерін өңдеу мен өндіру үшін екінші кезегін салған жөн.

Жалпы жүйелік шаралар:

Электрқуатының бәсекелестікке қабілетті ашық рыногін дамыту, аймақтың электроторап компанияларын жекешелендіру.

Электрқуатын беру жөніндегі қызметке икемді баға саясатын жүргізу.

Отандық және әлемдік ғылымның алдыңғы қатарлы жетістіктері негізінде мұнай-газ шикізатын терең өңдеу жөнінде жаңа жоғары технологиялық өндірісті ұйымдастыру

Алдағы мерзімде химия кешенінің жоғалтып алынған шебін қалпына келтірілетін болады, оны дамытудың шапшаң қарқыны табиғи шикізатты өңдеу тереңдігін арттыру, жаңа перспективалық жоғары технологиялық және ғылымның қатысуын көп қажет ететін жаңа өнімдерді игеру негізінде қамтамасыз етіледі. Химия-мұнай өнеркәсібін дамытудың негізгі мақсаты қазіргі заманға технологиялық жағынан байланыстырылған өндірістер кешенін біртіндеп қалыптастыру, көмірсутегі шикізатын терең өңдеуді ұйымдастыру негізінде жоғары технологиялық өнімдер шығаруды ұлғайту (мұнай, газ конденсаты, табиғи газ), облыстың ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру, жоғары технологиялық және ғылымды көп қажет ететін өнімдерді экспортқа шығару болып табылады.

Мұнай химиясы өнеркәсібін дамыту және оның кәсіпорындарын орналастыру жөніндегі шаралар мүмкіндік береді:

Мұнай химиясы кешенінің шикізат импортына тәуелділігінен мұнай өңдеу кәсіпорындарында мұнай химиясы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіруді игеру жолымен құтылу.

Мұнай химиясының үлесін тұтынушылар рыногына жұмыс істейтіндер өндірісін дамыту есебінен ұлғайтсын.

Бәсекелестікке қабілетті экспортқа бағытталған мұнай химия өндірісін құру және ішкі рыноктың маңызды мұнай химия өніміне қажеттілігін қанағаттандырсын.

Шикізаттан өндірістік-техникалық бағыттағы түпкі өнім мен көпшілік тұтынатын тауарларға дейінгі технологиялық жағынан байланысты өндірістің дамыған мұнай-химиялық кешенін қалыптастыру.

Мұнай-химия өнімдерін өндіру және өткізудің жалпы әлемдік жүйесімен ынтымақтассын, онда бәсекелестерге қарағанда перспективалық технологияларды енгізу есебінен өз өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету жолымен орын алсын.

Жаңа прогрессивтік өндірістер құру есебінен өндірістік әлеуетті арттырсын және әртараптандырсын, жоғары технологиялық өндіріске жұмысқа орналаспаған тұрғындарды қатыстырсын.

2005 жылға дейінгі мерзімде негізгі міндет полипропилен өндірісін қайта бастау болып табылады. Ол үшін өзінің шикізат базасын құру жөніндегі жұмыстарды бастау қажет. Полипропилен өндіруді бастау және осы кәсіпорынды алғашқы кезеңде шикізатпен қамтамасыз ете алатын Ресей кәсіпорындарымен бірлесіп жүргізу арқылы ілгері қарай дамытуға, болашақта инвестициялар тартуға, өнім өткізу рыногын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Полипропилен өндірісі өндірістік-техникалық бағыттағы өнімнің кең номенклатурасын шығару жөніндегі шағын кәсіпорындардың дамуына ықпал етеді, импорттайтын шикізатты алмастыру есебінен олардың бәсекелестік қабілетін арттыруға жағдай жасайды.

"Полипропилен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде отандық шикізатпен қамтамасыз ету пропанды сусыздандыру (дегидрация) және этанды құрғақ газбен алу әдісімен пропилен өндіру жөнінде кешенді қондырғылар құруды көздейді.

Болашақта жергілікті шикізатты пайдалану арқылы синтетикалық каучук, синтетикалық талшық, пластикалық әйнектер, композиттік материалдардан тұрбалар өндірісі ұйымдастырылуы мүмкін.

б) Төмен бәсекешіл блок

1) Машина жасау.

облыс машина жасау кәсіпорындарындағы жабдықтарға және мұнай-газ секторы мен тау-кен-металлургиялық кешені жинағына тапсырыстар орналастыруды қамтамасыз ету;

"Сапа сертификаты және менеджменті" 9000-9005 үлгісіндегі халықаралық сапа стандарттарын енгізу арқылы өндірісті жаңғырту және жаңарту.

Жалпы жүйелік шаралар:

Тиімділігі төмен өндірістің кәсіби бағытын өзгерту немесе сегменттеу (бөлшектеу), олардың базасы негізінде ұсақ және жинақы бәсекеге қабілетті өндірістер құру.

Селективтік (талғамды) қолдаудың негізгі нысандары

Әскерилер мен оларға теңестірілген арнайы тұтынушылар мен әлеуметтік мекемелер үшін конкурстық негізде жеңіл және жиһаз жасау өнеркәсібінің дайын өнімдерін мемлекеттік сатып алулар.

Шағын кәсіпкерлік пен тоқыма өндірісінің импорт алмастыруын қолдау бағдарламасы шеңберінде жеңілдікпен несиелендіру.

Импорт алмастыру бағдарламасын жүзеге асыру.

Тауар өндірушілердің және мердігерлік ұйымдардың білікті жеткізушілерінің мәліметтер қоржынын жасау;

Қазақстан кәсіпорындарының мынадай бөлігіндегі рейтингілік бағамын жүргізу: олардың қаржылық орнықтылығы, шикізат көздеріне қол жеткізу мүмкіндіктері, білікті кадрлармен қамтамасыз етілуі, сапаға бақылау жасау және т.б.

Білікті мамандар мен жұмыссыздар жөнінде мәліметтердің бірінғай компьютерлік жүйесін жасау.

Импорт алмастыру бағдарламасына қатысатын және технологияларды оқытып үйретуге және беруге инвестиция жұмсайтын шетелдік компаниялар үшін салық мөлшерлемелерін төмендету, салық каникулдары түрінде жеңілдіктер белгілеу.

Мұнай-газ кешенін дамыту жобаларын жасауға отандық жобалау институттарын қатыстыру тетігін дайындау.

Импортқа бақылау енгізу және заңнама, салық салу, кеден баж салығы арқылы өз шартына көндіру.

Жобаны тұжырымдамалық жобалаудың басынан бастап, пайдалануға бергенге және өндіріс басталғанға дейін мемлекеттік деңгейде сарапшы және бақылаушы ролін орындайтын орган құру және қосалқы мердігерлік келісім-шарттарына қазақстандық кәсіпорындарды, еңбек және материалдық ресурстарды қатыстыру үшін қажетті тармақтар енгізу.

Өз өнімін жарнамалау және келісім-шарттар жасау мақсатында көрме-жәрмеңкелерді жүйелі өткізіп тұру.

Жергілікті қызмет көрсетулерді дамыту үшін, қазақстандық мамандарды оқытуға жағдайлар жасау

Жергілікті кәсіпкерлікті дамыту үшін несие ресурстарын тарту.

Жергілікті сервистік қызмет көрсетулерді дамытуға кедергі келтіретіндерді жою.

Қазақстандық мамандардың біліктілігін арттыру, дайындау және қайта дайындау жөніндегі оқу орталықтарын ашу.

Жұмыс істеп тұрған жалпы білім беретін құрылымдардың материалдық-техникалық базасын нығайту.

Оқытушылар құрамының кәсіби деңгейін арттыру.

Экологиялық қамсыздандыруды енгізу тетігін әзірлеу

Экологиялық қамсыздандыру тетігін енгізудің құқықтық негізін және қолданыстағы заңнамалық актілерге толықтыруларды әзірлеу.

Облыстық экологиялық қамсыздандыру қорын құру және міндетті экологиялық қамсыздандыру туралы ережені бекіту.

Жоғары экологиялық қауіптілік көздері-кәсіпорындар тізбесін бекіту.

Апаттық комиссарлар қызметін құру.

Қамсыздандыру пұлын (қоржынын) құру.

Энергетика

1. Мақсаты

Облыс энергетикасын дамыту болашақта, 2010 жылға дейін аймақтық электр қуатын импорттау тәуелсіздігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Аймақты және ірі қуат көздерін пайдаланатын кәсіпорындарын қуатпен қамтамасыз етуді тұрақтандырады.

## 2. Ахуалды талдау

Бүгінгі таңда облыста мынадай қуаттылықтар бар: "Жылу Электр

Орталығы" акционерлік қоғамында - 970,5 млн кВт, "Тенгизшевройл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде - 993,6 млн кВт, "Атырау мұнай өңдеу зауыты" ашық акционерлік қоғамында -68,2 млн кВт. 2001 жылы облыстың қуат балансында орташа қуаттылық 180,2 млн кВт құрады.

Мықты жақтары:

1. Орнықты дамып келе жатқан мұнай-газ секторы.
2. Арзан табиғи газдың болуы.
3. Облыс аумағында магистралдық (бас) газқұбырларының болуы.
4. Тармақталған электр тораптарының, өндірістік инфрақұрылымдардың және энергетиканың кәсіби кадрларының болуы.
5. Таратушы электр тораптарының басқарылу жағдайын сақтау.

Осал жақтары

1. Облыстың шалғай елді мекендеріне электр қуатын тасымалдау кезінде көлемді шығындардың болуы.
2. Газды кәдеге жаратудың тиімді жүйесінің болмауы және өзінің отын ресурстарын жеткіліксіз пайдаланылуы.
3. Қоршаған ортаның ластануы.
4. Жылу электр стансаларының (ЖЭО), электр тораптары жабдықтарының техникалық тозуының жоғары деңгейлігі.
5. Облыс елді мекендерін ілгері қарай газдандыру үшін көлемді инвестициялар қажеттілігі.

Мүмкіндіктер

1. Көмірсутегі шикізаттарының көлемді қорының болуы және мұнай мен газ өндірудің өскелең көлемі.
2. Жаңа газ өңдеу зауытының құрылысын салу, құрылыс индустриясының қуаттарды көп пайдаланатын жаңа кәсіпорындарын іске қосу.
3. Облыс елді мекендерін 100% газдандыру.
4. Облыстың шалғай елді мекендерін қуатпен жабдықтауды дербес көздерге көшіру.

Қауіптіліктер

1. Қуат ресурстарын қолдану көлемінің өсуіне байланысты электрге тәуелділіктің күшеюі.
2. Магистралдық газ құбырларының тозу деңгейінің артуы.
3. Тарату электр тораптарының басқарылу шығыны.
3. Стратегиялық міндеттер

3.1. Жергілікті көмірсутегі шикізаты базасында өз энергоқуаттарын дамыту және энергоресурстарды облысқа импорттау үлесін барынша азайту.

3.2. Облыстың энергетика жүйесі мен газбен жабдықталуын оңтайландыруды жалғастыру.

#### 4. Іс-қимыл стратегиясы

4.1. Жергілікті көмірсутегі шикізатының қоры базасында өзінің жеке энергия қуаттарын дамыту және облысқа энергоресурстар импортының үлесін барынша азайту.

Облыстың "Полипропилен зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, "Атырау мұнай өңдеу зауыты" ашық акционерлік қоғамы кәсіпорындарының газотурбиналық қондырғыларының жергілікті құрылысын салу.

2005 жылға қарай қуаттылығы 70 МВт "Атырау Жылу электр орталығы" ашық

акционерлік қоғамында жаңа газотурбиналық қондырғысын іске қосу.

Жабдықтарды жаңарту есебінен 2002 жылы электр қуатын өндіруді жеткізу:

"Жылу электр орталығы" акционерлік қоғамы бойынша - 1127,1 млн кВт/сағат, "Теңізшевройл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі - 1175 млн кВт/сағат, "Атырау мұнай өңдеу зауыты" ашық акционерлік қоғамы - 95,9 млн кВт/сағат.

Облыстың шалғай елді мекендерінде 2005 жылға дейін электрэнергиясын өндіру жөнінде дәстүрлі емес қондырғылар құрылысын салу.

Қуаттылығы 0,5 кВт/сағат - 6 жиынтық;

1,5 кВт/сағат дейін - 10 жиынтық;

2 кВт/сағат дейін - 3 жиынтық;

3 кВт/сағат дейін - 2 жиынтық

4.2. Облысты энергетика жүйесімен, газбен жабдықтауын оңтайландыруды жалғастыру.

2003 жылға дейін "Атыраужарық" тарату электрторабы компаниясының тораптарын жаңарту жөніндегі жұмыстарды аяқтау.

Кенорнында жаңа газ өңдейтін зауыт салу.

2001-2003 жылдары бюджеттік мекемелерде дербес жылу жүйесін орнату.

Газ есептеу құрылғыларын орнатуды аяқтау.

Облыс елді мекендеріне жоғары қысымды газқұбыры тораптарын жүргізу.

Әлеуметтік сала объектілерін газдандыру, бюджеттік мекемелер мен облыс тұрғындарын табиғи газбен жабдықтау.

#### IV-бөлім

#### Агроиндустриалдық саясат

##### 1. Аймақтың агроазық-түлік әлеуеті

Агро-азық-түлік саласын дамытудағы негізгі проблемалар мен кедергілер.

Агро-азық-түлік саласын дамытудағы негізгі проблемалар мен кедергілер топырақтың құнарлығының төмендігі және өсетін шөптің жұтақтығы болып табылды. Оған қоса, жаздың ыстық, қуаңшылығы, желді де аязды қыс ауылшаруашылығы өндірісіне қосымша қаражат жұмсауды қажет етіп, шаруашылық тиімділігін төмендетеді. Мысалы, облыс бойынша бүгінгі таңда малдың барлық түрлерінің етін өндіру рентабельділігі, жылқы етінен басқа, 10% аспайды, ал сиыр сүтін өндіру негізінен өзін-өзі ақтамайды. Егін шаруашылығы өнімдерінің рентабельділігі, бірнеше рет көтеру арқылы суландыру арналарымен берілетін суармалы судың құнының жоғарлығынан, сырттан әкелінетін тұқымның қымбаттығынан және өсімдіктердің вегетация кезеңіндегі ауа-райының қолайсыздығынан, 10-15 пайыз аралығында ғана болады.

Баға бойынша сырттан әкелінетін өнімдерге қарағанда, тіпті олардың тасымалдауға кететін шығындарын қосып есептегенде жергілікті жерде өндірілетін өнімнің өзіндік құнының жоғары болуы, бәсекелік қабілетінің төмендігін айқындайды.

Жер қатынастарының дамуы.

Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жер туралы қажетті және сенімді ақпарат негізінде Мемлекеттік жер кадастры арқылы жүргізіледі, ол өз кезегінде кезең-кезеңмен жүзеге асырылады.

2005 жылғы дейінгі мерзімде кадастр жүргізуге және оны жетілдіру жүйесін құру үшін іздестіру жұмыстарын орындау мәселелері шешілетін болады. 2005 жылдан кейін жер кадастрын жүргізу үшін іздестіру және жобалау жұмыстарын орындау қамтамасыз етіледі.

Несиелік және инвестициялық ресурстарының қажеттілігі

Облыста ауыл шаруашылығын дамытуға жеткілікті несие ресурстары бөлініп келеді, бірақ кепілдік мүліктерге қойылатын қатаң талаптарынан және жоғарыда көрсетілген себептер бойынша рынок жағдайындағы орын алған тәуекелдіктен қаралған несиелік сома толық игерілмейді. Осы себептерге байланысты инвесторлар іздестіру қиын. Бұл тұрғыдан түйе шаруашылығын және жылыжай шаруашылығын дамыту біршама үміт күттірерліктей көрінеді.

Баса назар жанар-жағар май, тыңайтқыш, тұқым материалдарын сатып алу сияқты жобаларды маусымдық несиелендіру мәселелеріне аударылуы тиіс.

Ауылдың еңбек ресурстарының болжамы

Алынып жатқан шараларға қарамастан, ауылдағы жұмыссыздар саны әлі де болса жоғары болып отыр. Олар, әрине ауылшаруашылығы қызметкерлерінің үлкен резервін білдіреді. Оған қоса, ауылшаруашылығының көпшілік мамандары жұмыс жоқтықтан өздеріне тән емес жұмыстармен еріксіз айналысуда.

Аймақты азық-түлікпен қамтамасыз ету жолдары.

Облыс халқының өзі өндірген ет-сүт өнімдерімен қамтамасыз етілуі тиісінше 52,6 және 28,2% құрайды, жұмыртқамен - 1,2%, картоп және көкөніс-бақша өнімдерімен - 30,2; 57,4 және 64,2%. Облыстың ет-сүт, ұн тарту өнімдеріне, кондитер және колбаса өнімдеріне, өсімдік майына қажеттілігі негізінен сырттан әкелінетін өнімдер есебінен қанағаттандырылады.

Облыс халқының аймақ ерекшелігін ескеру арқылы өзі өндірген тамақ өнімдерімен қамтамасыз етуді арттыру үшін құрама жем, минералдық тыңайтқыштар сатып алуға, сүт өндіруге субсидия мәселелерін шешкен жөн және қосымша құн салығын барлық ауылшаруашылығы өнімі түрлерінен алып тастау керек.

Агроөнеркәсіп инфрақұрылымдарын қалыптастыру.

Тәуекелді егіншілікпен, халқының жерге тығыз орналаспауымен және өндіріс учаскелерінің шашыраңқы, техникалық жарақтандырылуының нашарлығымен сипатталатын облыстың аймақтық ерекшелігін ескеріп, көтерме-дайындау құрылымдары тораптарын, машина-технологиялық стансалар мен сервистік-жалға алу пункттерін дамыту қажет, өндіріс мемлекеттік қаражатты қатыстыруымен қаржылық-несиелік құрылымдар құралдарына капитал шоғырлануының жоғары деңгейіндегі, жеке меншікке негізделген, ауылшаруашылығы құрылымдарының қауымдастықтарын құру.

Ауыл тауар өндірушілерін материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету жолдары және лизингілік қарым-қатынастар мен мәшине-трактор стансаларын дамыту

Ауыл шаруашылығы техникасы құнының жоғарылығынан оларды сатып алу несиесін қайтару 6-7 жыл ішінде ғана мүмкін болады. Мұндай мерзімге бір де бір әлеуетті қарыз беруші-банк келіспейді. Осы себептен 2001 жылы лизингілік негізде 22 млн. теңге сомасына ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға бөлінген несиелік ресурстар облыс ауыл шаруашылығы өндірісінің басқа басымдықтағы бағыттарына қайтадан бөлінді. Осыған байланысты республикада ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін арттыру және амортизациялық аударым мен салық төлемдерді ұлғайту есебінен несиені өтеу

лизинг бойынша шартымен ауыл шаруашылығы машиналарын жеткізу тетігін ойластыру керек.

Жергілікті бюджеттен мақсатты несиелендіру.

Ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға жыл сайын облыстық бюджеттен

"Ауылшаруашылығы тауар өндірушілерін несиелендіру" бағдарламасы бойынша

66,0 млн. теңге несиелік қаражат бөлінеді.

Үстіміздегі жылы тағы да қарыз беруші-банкті таңдау жөнінде тендер жарияланатын болады.

## 2. Аймақтың сыртқы-экономикалық саясаты (агро-азық-түлік өнімдерінің импорты мен экспортының мүмкіндіктері)

Балық өнімдерінен басқа, агро-азық-түлік өнімдерінің бір де бір түрі облыстан тысқары экспортқа шығарылмайды. Бүгінгі таңдағы басты міндет - өндіріс көлемін неғұрлым барынша ұлғайту және өндірілетін өнім сапасын халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру.

Топырақ құнарлылығын арттыру, жер суару, ветеринарлық қызмет көрсету жөніндегі іс-қимыл стратегиясы, сонымен бірге тыңайтқыш, гербицидтер, жанар-жағар майларды, ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу шығындарының бір бөлігіне өтемақы төлеу.

Атырау облысында топырақ құнарлылығын арттыру мәселесі өткір жағдайда.

Ұсақ жекелеген ауыл шаруашылығы құрылымдары өздіктерінен жер тыңайтқыштарын сатып алуға мүмкіншіліктері жоқ. Осыған байланысты көлік минералдық тыңайтқыштарын орталықтандырылған жеткізу мәселесін шығындарын Республикалық бюджеттен өтеу арқылы шешу қажет.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерге олардың су тұтыну шығындар бөлігіне шығындар бөлігіне өтемақы төлеумен үлкен көмек көрсетуге болар еді. Су құнын арзансыту мақсатында облыстық бюджеттен жыл сайын 50,0 млн.теңге шамасында қаржы бөлінеді, алайда бұл жеткіліксіз.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің мүддесі үшін топтық су құбырларын, су сораб қондырғыларын және су айдау каналдарын жөндеу және қалпына келтіруге жыл сайын республикалық бюджеттен 300 млн. теңгеге жуық болуы қажет.

Малдарға ветеринарлық қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында облыста "ЗооВет Жәрдем" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнын құру және ол арқылы ветеринарлық алдың-ала алу шараларын жүзеге асыруға қаржылық қолдау мәселесі қаралуда.

Облыстағы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жанар-жағар май жіберу фьючерлік келісім негізінде жүргізіледі.

Аталған шаралардың жүзеге асуы сала жұмысының күтілген қорытындыларына оң септігін тигізеді. Төмендегі кесте түріндегі көрсеткіштердің орындалуына қол жеткізеді

## 1. Мақсаты

Облыс Аграрлық саясатының басты мақсаты ауылдық жерлердегі жұмыссыздар санын азайту, ауыл шаруашылығы өндірістерін дамыту негізінде ауыл тұрғындарының

әл-аухатын жақсарту және облыста өндірілетін өнімдерінің бәсекеге жарамдылығы мен импортты алмастыратын қабілетін арттыру болып табылады.

Осы стратегиядағы қаралған шаралардың орындалуын екі кезеңде жүзеге асыруға болады.

### Орындаудың бірінші кезеңі (2000-2005 ж.ж.)

Бұл кезеңде, егін шаруашылығының қатерлігімен, тұрғындар тығыздығының төмендігі мен техникалық жабдықтандырылуы нашар өндіріс учаскелерінің шашыраңқылығымен сыипатталатын облыстық аумақтық ерекшелігін ескеріп, көтерме сауда құрылымдар жүйелері, машина-технологиялық стансалар және қызмет көрсету - жалға беру пункттері қарқында дамиды, ауыл тұрғындарына

әлеуметтік қызмет көрсету деңгейі жоғарылайды, ауыл шаруашылығы құрылымдарының ассоциациялары, қаржы-несиелеу құрылымдары пайда болады. Екінші кезең (2006-2010 ж.).

Аграрлық өндірісті оңтайландыру, селолық жерлерді индустрияландыру, селода сапалы өмір деңгейін орнату және қала мен село тұрғындар өмір деңгейінің айырмашылығын жою.

#### 2. Ахуалды талдау

##### 2.1 Аграрлық сектордың ролі

Облыста соңғы үш жылда ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақтандырылуы қалыптасуда, сүт, көкөніс-бақша дақылдарын өндірудің өсуі байқалуда.

Ауылдық жерлерде облыс тұрғындарының 41,9 пайызы өмір сүреді, сондықтан да агроиндустрия бұрынғыша аумақтың қауымдық-саясат, әлеуметті- экономикалық тұрақтылығының ықпалды факторы ретінде болуда.

Облыстық агроөнеркәсіп кешені ауылшаруашылығы байтақ жерге орналасқан (9830,8 мың га). Суару арналарының тарамдалған желілерінің болуы (жалпы ұзындығы 1800 шақырым) егіншілікті де, мал шаруашылығын да дамытуға үлкен мүмкіншілік береді.

##### 2.2. Облыстың аграрлық секторының жағдайы

Ауылда жалпы әлеуметтік жағдай село тұрғындарының өмір деңгейінің төмендеуімен, жұмыссыздықтың жоғары деңгейіне қатысты, медициналық қызметтің нашарлауымен, инфрақұрылымдарының мардымсыз дамуымен сипатталады.

Облыстың аграрлық секторында 2002 жылдың 1-қаңтарына есепте бар 1166 ауылшаруашылық құрылымдары, оның ішінде 7 акционерлік қоғам, 9 өндірістік кооператив, 8 жауапкершілігі шектелулі серіктестеріктер және 1142 шаруа қожалықтары.

Бүгінгі таңда ауылдық жерде меншіктің 95 пайызы жеке меншік

иелігінде, олармен ауыл шаруашылығы өнімдерінің 91 пайызына жуығы өндірілуде.

Облыста барлық шаруашылық санаттарында орта есеппен жылына 34,0 мың тонна ет, 35 мың тонна сүт өнімдері, 900,0 мың дана жұмыртқа, 10,4 мың тонна картоп, 32,0 мың тонна көкөніс-бақша дақылдары өндіріледі.

Саланың 2000-2001 жылдардағы негізгі өндірістік көрсеткіштер қозғалысы, 2002 жылды бағалауы және 2006-2010 жылдарға болжамы төменгі кестеде келтірілген:

-----  
Көрсет- 2000ж. 2001ж. 2002 ж. 2006ж. 2010ж. 2001ж. 2006ж. 2010ж.  
кіштер бағалау болжам болжам 2000ж-ға 2001ж-ға. 2001-ға  
%-пен % %  
-----

Жыл аяғындағы мал басы, мың бас.

Ірі қара

мал 101,4 107,1 107,9 109,0 110,0 105,7 101,2 102,7

Қой мен

ешкілер 362,3 378,4 380,0 428,5 500,0 104,5 113,2 132,1

Жылқылар 30,4 30,2 30,4 31,4 31,8 99,2 104,0 105,3

Түйелер 20,9 21,7 22,6 25,8 26,6 103,6 118,9 122,6

Ауылшаруашылығы өнімдері өндірісі

Ет (союға

өткізілген

тірі салмағы)34,3 33,7 34,0 35,0 36,0 98,2 103,9 106,8

Сиыр сүті

млн.т 33,3 33,6 34,5 36,5 38,5 101,0 108,6 114,6

Жұмыртқа,

мың дана 861,0 906,0 8000 11000 12000 105,2 в 11 раз в 12 раз

Жүн,тн. 766,0 711,0 860,0 900 1100 92,8 126,6 154,7

Қаракөл,

мың дана 14,4 14,0 14,0 20,0 25,0 97,2 142,9 178,6

Картоп, тн. 10,4 8,4 9,0 11,0 13,5 80,8 135,8 160,7

Көкөніс,тн. 24,3 23,0 25,1 26,5 27,8 94,6 115,2 120,9

Бақша, тн. 8,0 5,3 7,0 8,5 9,1 66,3 160,4 171,7

Жалпы өнім

Барлығы,

млн.тг 4654,4 4505,5 4685,0 5064,3 5447,9 96,8 112,4 120,9

Соның ішінде

малшаруашылығы

өнімдері 3630,0 3575,6 3640,8 3793,6 4007,0 98,5 106,1 112,1

Егін

шаруашылығы

өнімдері 1024,4 929,9 1044,2 1270,7 1440,9 90,8 136,6 155,8

### 3. Басымдылықтар

Агроөнеркәсіп кешеніндегі қалыптасқан жағдайдан шыға, өндірілген өнімді өткізу рыногінің конъюнктурасы мен нақты мүмкіндіктерін ескере отырып, облыста қаралып отырған кезеңде ауылшаруашылығы өндірісінің негізгі басымдылық бағыттары болып саналады:

1. Сүтті мал шаруашылығы мен түйе өсіруді дамыту.

2. Асыл тұқымды және жақсартылған ауылшаруашылығы малдарының өнімділік сапасын сақтап қалу және көбейту.

3. Айналысқа азық-түліктік дақылдарының қосымша егістік алаңдарын енгізу.

4. Көпжылдық жеміс ағаштарын егу және қайта өңдеу.

5. Ауылды индустрияландыру және интенсивтік ресурс үнемдейтін, экологиялық таза технологиялар енгізу.

6. Аграрлық сектормен байланыстағы ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымдарын, өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын және т.б. дамыту арқылы, жұмыстылықтың баламалық түрлерін қоса, ауыл халқын жұмыспен қамтудың барлық нысандарын дамыту.

Мал шаруашылығындағы селекциялық-асылдандыру жұмысының басым бағыттары

Ауылшаруашылығы малдарының қазіргі тектік қорын сақтап қалу және олардың өнімділік сапасын одан әрі арттыру мақсатында облыста мына жұмыстар жүргізіледі:

Құрманғазы ауданының "Сүйіндік" акционерлік қоғамында Сүйіндік зауыттық тұрпатта шығарылған еділбай қойын алға қарай жетілдіру жөнінде жұмыстар жалғастырылады.

Қызылқоға ауданының "Асыл" акционерлік қоғамында інжу-маржан түсті көк қаракөл қойының зауыттық тұрпатын одан әрі жетілдіру жұмыстары жүргізіледі.

Индер ауданының "Есбол" акционерлік қоғамында шығарылған ұзын бұйра толқынды жакетті-елтірілі қара түсті қаракөл қойларының зауыттық тұрпатын одан әрі жетілдіру жұмыстары жалғасады.

Қызылқоға ауданының "Жасқайрат" акционерлік қоғамында дүние жүзінде теңдесі жоқ, жаңа елтірілі-етті-майлы Атырау қой тұқымының басын көбейту жөніндегі жұмыстар жалғастырылады.

Қызылқоға ауданының "Тасшағыл" өндірістік кооперативінде аспан түстес көк қаракөл қойының зауыттық тұрпатын шығару жөніндегі ғылыми жұмыстар басталды.

Құрманғазы ауданының Құрманғазы өндірістік кәсіпорында жүні ағартылған етті-майлы құйрықты қойлардың отарын құру жұмыстары жүргізілуде.

Селолық округтерде сиырлар мен қашарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі шаруашылық есептегі қызметтерді құру және дамыту жұмыстары жалғасуда.

Махамбет ауданының "Бірінші Мамыр" акционерлік қоғамында жергілікті жағдайға бейімделген, сиыр малының сүт өнімділігі-жоғары жас мал өсіру есебінен сүт өнімі бағытындағы асыл тұқымды сауын сиырлар отарын қалыптастыру бағытында жұмыстарды жүргізу жалғасады.

Индер ауданының "Жарсуат" өндірістік кәсіпорында, Жылыой ауданының "Жаңа таң" акционерлік қоғамында қазақтың "Бактериан" тұқымды өнімділігі жоғары түйе малын өсіру жұмыстары жүргізілетін болады.

Облыстың барлық шаруашылық нысандарында түйе шаруашылығын одан әрі

дамыту және өнімділігі жоғары таза тұқымды аналық мал басының үлес салмағын 55-60 пайызға дейін өсіруге ықпал ету.

Облыста екі түйе малын өсіретін шаруашылықтар түйе сүті мен шұбатты ыдысқа құю технологиялық желісін іске қосу.

Облыста түйе шаруашылығын одан әрі дамыту мақсатында 2002 жылға облыстық бюджеттен 10 млн. теңге бөлу қаралып отыр, осындай мөлшерде қаражат алдағы жылдарда да бөлінетін болады.

V-бөлім

Көлік инфрақұрылымы

1. Мақсаты

Атырау облысының экономикалық өсуіне ықпалы ететін және аймақтың экономикасы мен халқына сапалы қызмет көрсету қажеттілігін қамтитын тиімді және техникалық жаңартылған көлік кешенін құру.

Автокөлік кешенінің даму стратегиясын жүзеге асыру үшін екі кезеңде - 2002 жылдан 2005 жылға дейін және 2006 жылдан 2010 жылға дейін жағдай жасау. Ол үшін қажет:

Бірінші кезеңде көлік кешені жұмысына халықаралық сапа үлгісін енгізу.

Екінші кезеңде көлік-коммуникациялық кешенін техникалық жаңарту мақсатында жеке капиталды тартуға қажетті жағдайлар жасау.

2. Ахуалды талдау

Атырау облысының 2010 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық стратегиялық жоспары тиімді және технологиялық жаңартылған, сондай-ақ жолаушыларды, жүктерді

, багаждарды және қауіпті жүктерді көліктің барлық түрімен тасымалдау қызметін бақылауды, экономиканың және тұтастай қоғамның қажетін қамтамасыз ететін көлік-коммуникациялық кешенінің құрылуына байланысты.

Атырау облысында әрі тұтастай Қазақстан бойынша қазіргі мезгілдегі ахуалды талдап, аймақтың стратегиялық жоспарының әзірленуіне сәйкес көліктің барлық түрлері бойынша жүктерді тасымалдау құрылымының әлемдік стандартқа сай болуының қажеттілігі туындап отыр.

Көлік жобалар құнының жоғарылығы бүгінгі күні стратегиялық инвестордың рөлінде қатысуға мүмкіндік бермей отыр. Соңғы бірнеше жылда сала қызметінің көрсеткіштері тұрақтанды. Алайда облыс бойынша негізгі магистралды жолдары мен тасымалдау құралдарын жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары төменгі қарқында жүргізілуде, саланың өткінші әлуеті кеміді. Нәтижесінде облыс бойынша көлік инфрақұрылымының көлік қызметін толық көлемде ұсыну, сондай-ақ шығындар мен сапа деңгейін айтпағанда пайда табу басты міндеті орындалмайды.

### 2.1. Мықты жақтары

Облыс географиялық тұрғыда қолайлы жерде орналасқан, ол арқылы Еуропа-Оңтүстік-Шығыс Азия, Ресей өткінші маршруты өтеді.

Бай энергия ресурстары (мұнай, газ, минералдық шикізат), балық өнеркәсібі саланың ұзақ мерзімді кезеңге үздіксіз жұмысына әлуетті кепілгер болады.

Көмір сутекті шикізат өндірісінің артуы және соған байланысты шетелдік инвестиция ағыны.

Қазіргі заманның байланыс құралдарының дамуы және әлемдік үлгіге сәйкес көлік кешенін ақпараттандырылуы.

### 2.2. Осал жақтары

Облыстың көлік-коммуникациялық құрылымы дағдарысқа келіп тірелді.

Өзара байланыс пен үйлестіру жұмысының жоқтығы, автожолдар сапасының төмендігі (ауданаралық қатынас жолдарын айтпағанда) ескірген көлік паркі, бәсекеге жарамсыздығы.

Жолаушылар мен жүк тасымалды кемелерінің жоқтығынан және тереңдету жұмыстарының көптен жүргізілмеуінен Жайық өзені әлуетінің пайдаланылмауы.

Жалғыз жол болып табылатын темір жол желісінің жеткіліксіз құрылуы.

Аэропорт кешенінің инженерлік-коммуникациялық желісінің қанағаттанарлықсыз жайы.

Қазіргі мезгілдегі ескірген авиатехника ұшулардың өзіндік құнына кері әсерін тигізіп авиатасымалдау тарифінің көтерілуіне әкеліп отыр.

### 2.3. Мүмкіндіктер

Өсіп келе жатырған минералды-шикізат экспортына көлік-коммуникациялық

қызмет көрсету, бірінші кезекте Теңіз кен орнынан және Каспий қайраңынан мұнай тасымалдау, сондай ақ отандық мұнай өндіруші кәсіпорындарымен мұнай өндіруді ұлғайту.

Көпірлердің құрылысы және Атырау облысын Астрахань облысымен қосатын автомобиль жолының сапасын жақсарту, аймақ арқылы өткінші автомобиль көлігін көбейтуге мүмкіндік береді.

#### 2.4. Қауіптер

Көктемгі тасқын, Каспий теңізінің көтерілуі

Көлік-коммуникациялық қызмет көрсету үшін ескі нормативтік үлгілер (нұсқалар, нормалар, ережелер) пайдаланылады.

Кеден және салық заңнамаларының тұрақсыздығы.

Шетел тасымалдаушылар тарапынан бәсекенің артуы.

#### 2.5. Әлемдік тенденциялар

Өндірісті ғаламдандыру.

Айтарлықтай капиталы және ықпалы бар темір жол компанияларының іріленуі.

Аймақтардың әртүрлі топтардағы көлік компанияларын біріктіру.

Шағын үлгідегі тасымалдауды ұйымдастыруда толассыз маршруттарды пайдалану.

### 3. Стратегиялық міндеттер

#### 3.1. Транзиттік саясат

Қазақстан Республикасының әлемдік өткізу рыноктарына мұнайды қосымша тасымалдаушы бола алатын теңіз көлігінің дамыту перспективасына байланысты өзен және теңіз флотына көп көңіл бөлу.

Облыстың көлік кешені дамуының проблемасы-тиісті сервистік қызметтің, жүк түсіретін пункттердің жоқтығы, соны шетелдік тасымалдаушы пайдалануда.

#### Транзиттік әлуат

Орта Азия-Қазақстан-Ресей магистралды желідегі Атырау облысының (1480 шақырым) темір жолы мен (4990 шақырым ) автомобиль жол торабының болуы еуроазияттық қатынастағы аймақтың транзиттік буынының рөлін алдын-ала айқындайды.

Көлік қызметі рыногіндегі бәсекелестік, тасымалдаудың дәстүрлі теңіз маршруттарының өзгеруі техникалық, ұйымдастырушылық және коммерциялық шаралардың іске асырылуын талап етеді.

Облыста Қазақстанның Орал, Ақтөбе, Ақтау облыстарымен және Ресейдің Астрахань облысымен байланыстыратын үлкен қашықтықтағы автомобиль жолдары бар. Бірақ оларды пайдалану жағдайы өте қанағаттанарлықсыз.

Атырау қаласының әуе-жайы арқылы транзиттік әуе маршруттар республика аймақтарының барлығына, сондай-ақ алыс шетелдерге де бағытталады.

### 3.1.1. Транзиттік саясатты іске асырудағы стратегиялық міндеттер

Транзиттік тасымалдаудан түсетін кірістердің өсуі, халықаралық көлік жүйесін тең құқықтық бірігу.

Облыста толыққанды транспорттық инфрақұрылымын құру және сол арқылы халықтың жұмыспен қамтылуын арттыру.

Озық ақпараттық технологияларды дамыту.

### 3.2. Ішкі қажеттіліктерді қанағаттандыру саясаты

Коммуникациялар халықтың тұрмыс деңгейін көтеруші құрал ретінде қаралуы тиіс.

Жол шаруашылығын дамытуға және жол тораптарының сапасын жақсартуға мұнай газ секторына шетел және жергілікті кәсіпорындарын тарту.

Атырау қаласындағы жасанды ұшып-қону алаңын, әуе-жайды және өзен портын қайта құру.

Күшті екі бағытта шоғырландыру: өткінші саясат және ішкі қажеттілікті қанағаттандыру.

#### 3.2.1. Ішкі қажеттілікті қанағаттандыру саясатын іске асырудағы стратегиялық міндеттер

Жаңа бағыттарға шығу, жылжымалы құрамды жаңғырту және техникалық қайта құру, жол шаруашылығын қайта құрылымдау, автожолдардың техникалық санаттарын көтеру арқылы облыстық жол жүйесінің өткізу және тасымалдау қабілетін арттыру.

Тұтынушыларды газбен қамтамасыз ету үшін газ тасымалдау жүйесін құру,

Жол қозғалысының қауіпсіздігін және жүктің сақталуын арттыру, жолаушылардың жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Көлік жұмысына және көлік жүйесіне, экологияға көлік жүктемелерін азайтып, ғылыми-техникалық прогресінің жетістіктерін енгізу.

Тасымалдау шығындарын азайту және экономикалық тиімді тарифтермен қамтамасыз ету, ұлттық көліктің бәсекелестік қабілетін арттыру.

## 4. Іс-қимыл стратегиясы

### 4.1. Өткінші саясатты жүзеге асырудағы іс-қимыл стратегиясы

Өндірістің құлдырауы, көлік-коммуникациялық жүйенің өсімін арттыру үшін облыс ресурстарын жұмылдыру, қолданыстағы желілерді сақтау, техникалық ахуалды нормативтік талаптар деңгейіне жеткізу, өткінші саясатты қалыптастыру, бақылаушы органдарымен өзара іс-қимыл жасау.

Облыстың барлық елді мекендеріне көлікке жол ашылуын қамтамасыз ету,

азаматтардың көлік қызметіне қажеттілігін тиісті халықаралық сапада қанағаттандыру.

Саланың тиімділігін, транзиттен түсетін кіріс өсімін арттыру және қарыз қаржысын қайтаруды бастау.

4.1.1. Транзиттік тасымалдау табыстарының өсуі, халықаралық көлік жүйесіне тең құқықты бірігу

Кірістерді көбейту үшін:

Көлік-коммуникациялық желілерді кеңейту, басқа мемлекеттердің қатысуымен транзиттік әлуетті дамыту.

Республикалық және жергілікті бюджеттің үлестік қатысуымен инвестициялық бағдарламаларды тарту.

Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарындағы қажеттілікті қанағаттандыратын кәсіпорындар желісін құру.

Жұмыс істейтін темір жолдары мен автомобиль жолдарын, су жолдарын, порттарды , аэронавигациялық кешендерді жаңғырту қажет.

Сонымен бірге, мұнайгаз саласындағы шикізат өндірісінің өсуіне, инвестициялық ресурстардың айтарлықтай ағынына, іскер белсенділіктің артуына, халық табысының өсуі, соған орай авиатасымалға сұраныстың көбеюі күтілуде. Ол үшін 2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік инвестициялық бағдарламаға енгізілген Атырау қаласы әуе-жайының жасанды ұшып-қону алаңын қайта құру жобасы іске асырылады. Тұрба құбыры көлігін дамытуда Каспий тұрба құбырлары консорциумын іске қосудың үлкен рөлі бар. Каспий тұрба құбырлары консорциумы іске қосылған соң жүк айналымы 232% көбейеді, яғни 14566,2 млн тонна шақырым құрайды.

Автомобиль көлігіндегі өндіріс көлемін арттыру үшін республикалық маңыздағы жолдарды күрделі жөндеуден өткізуді қамтамасыз ету қажет. Бұл жағдайда өндіріс көлемінің өсуі жол жағдайына сәйкесті өседі.

4.1.2. Толыққанды инфрақұрылым құру және жұмыспен қамтылуды арттыру

Республикалық және жергілікті маңыздағы автомобиль жолдар торабы облыстың өндірістік күштерінің дамуында және республика бойынша сауда байланыстарының кеңеюінде айтарлықтай рөл атқарады.

Атырау облысының, барлық Батыс Қазақстан сияқты, тамақ өнімдерін, халық тұтынатын тауарлар өндіретін жақсы дамыған өнеркәсібі бар республиканың орталық аймақтарымен тікелей автожол қатынасы жоқ.

Қаржыландырудың жүйелі шектелуіне байланысты қауіпті ақаулы жолдар телімінің қашықтығы 1999 жылы 45% құрап, 2000 жылы 67%-ға дейін көбейді. 2000 жылы қаражат қажеттілігі 1300 млн. теңге болды, лимит 194 млн. теңге көлемінде бөлінді. Облыстық автожолдарының өте қиын жағдайын ескеріп, қаржыландыру лимитін 500,0 млн. теңгеге дейін көбеюіне қол жеткізу қажет.

Ілеспе сервис саласында транзиттік көлік және жүргізушілер үшін тиісті жағдай жасау қажет. Бұл қонақ үйлер, мотел, кемпинг, тез тамақтандыру кәсіпорны, тұрмыстық қызмет құрылысы, икемді жылжымалы техникалық қызмет ету стансаларын ашу. Осы мәселені нәтижелі шешкен жағдайда жаңа жұмыс орындарын ашу қажеттілігі туындайды, яғни халықты жұмыспен қамту мәселесін шешуге елеулі ықпалын тигізеді.

#### 4.1.3. Ақпараттық технологияларды дамыту арқылы халықаралық тәжірибені қолдану

Аймақта байланыс құралдарын алға қарай дамыту және жаңарту үшін мына мәселелерді шешу қажет:

2005 жылға дейін аяқталуы жоспарланған, аудан орталықтарындағы ұқсас стансаларды кезең бойынша цифрлікке ауыстыру.

Қызыл-Орда-Атырау бағытында Атырау-Астрахань Ұлттық Ақпараттық супермагистралдық 3 бөлшегінің құрылысын аяқтау.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды (жер серігі, ұялық, пейджингтік байланыс) пайдалану арқылы транзиттік тасымалдаумен ере жүретін ақпараттық жүйені құру.

Облыс бойынша өтетін транзиттік дәліздер көлемдерінің, номенклатурасының, маршруттар мониторингісін жүргізіп, мәліметтер базасын құру.

#### 4.2. Ішкі қажеттілікті қанағаттандыру саясатын жүзеге асыру жөніндегі іс-қимыл стратегиясы.

##### 4.2.1. Ұлттық көлік инфрақұрылымын қалыптастыру.

Көлік-коммуникациялық кешенінің даму мақсаты - Қазақстан аумағы бойынша жүкті тиімді тасымалдау, отандық экспорт тауарларын сыртқы рынокке жеткізу және бәсекеге жарамды ұлттық-коммуникациялық кешенді құру және дамыту базасында оларды пайдаланушыларға кең көлік-коммуникациялық қызмет жиынын көрсету және біздің тауарларымыздың сыртқы және ішкі рынокте бәсекелестік қабілетінің артуына ықпал ету.

Облыстың экономикалық әлеуетінің өсуі, халықаралық рынокте іскер байланыстарды кеңейту әуе көлігін дамытуды қажет етеді.

Халықаралық Атырау аэропорты Еуропа мен Азияның арасындағы тасымалдау базасы болып табылады.

Әуежәйды дамыту тұжырымдамасы оның қазіргі заманғы лайнерлерді қабылдау үшін қуатын арттыру, авиациялық паркті қазіргі заманғы әуе кемелерімен толықтыру, тікұшақтармен қамтамасыз етуді ойластырады.

Еуропалық дамыту қайта құру банкісінен аэропортты қайта құруға 25 млн. Америка Құрама Штаттарының доллары мөлшерінде қаржы бөлінді, яғни авиатасымалының дамуына және көбеюіне елеулі қозғау салады.

Облыстың экспортқа шығатын өнімдерінің елеулі үлесі және жүк тасымалының көлемі темір жол арқылы тасымалданатын мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдауға түседі. Көлік-коммуникациялық (Шығыс-Батыс) дәліз құру жөнінде дайындық жұмыстары жүргізілуде, онда Батыс Қазақстан облыстарын еліміздің орталығындағы өнеркәсібі дамыған аймақтарымен қосатын болады.

Су көлігін дамытудың, жақын және алыс шетелдермен теңіз қатынасын жөнге салудың басым бағыты - ол Атырау өзен портын қайта құру және кеңейту, Жайық-Каспий теңізі арнасының кеме жүзуге жарамдылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Көлік инфрақұрылымын қалыптастыру үшін облыстың көлік кәсіпорындар мәліметтер базасын құру және қызметтерін жоспарлау.

Тасымалдау жұмысының сапасын және құнын жақсарту үшін тасымалдаушылар арасында бәсекелік органы дамыту.

Ауылшаруашылық және қалалық жолаушылар тасымалын қамтамасыз ету үшін лизингті көлік компанияларын құру мүмкіндігін қарастыру.

#### 4.2.2 Озық даму, мемлекеттің реттеу рөлін күшейту арқылы жалпы экономика бойынша мультипликативтік әсеріне жету стратегиясы

Көлік инфрақұрылымын дамытудың басым міндеттері облыста озық даму стратегиясын енгізу болып табылады.

Көлік қозғалысы процесін реттеу бағдарламасын әзірлеу жергілікті өкімет және бақылаушы органдар тарапынан жоспарлау және реттеу рөлінің күшеюіне мүмкіндік береді.

Жергілікті кәсіпорындар базасында Қазақстанның немесе жақын және алыс шет елдерінен әкелінетін, көлік кешені үшін қажетті өнімдер мен құралдарды шығаруды қалыптастыру. Бұл шара облыстың көлік инфрақұрылымын құру және жақсартуының шығындар құнын азайтады, жүктер мен жолаушылар тасымалының тарифін кемітеді, облыстың көлікшілерінің басқа тасымалдаушылар алдындағы бәсекелік қабілетін арттырады.

## 5. Бірінші кезектегі міндеттер

### 5.1. Жүзеге асыру міндеттері мен тетіктері.

Ұзақ мерзімді басымдықтардың бірі болып инфрақұрылымның, әсіресе көлік және коммуникациялық қызметтер рыногінің дамуы белгіленді.

Атырау облысында іс жүзінде барлық көлік түрлері бар - теміржол, әуе жолы, автомобиль, су жолы, тұрба құбырлары.

Облыстың Еуропа мен Азия арасында транзиттік орналасуы инвесторлардың тауарлар, құрастырушы бұйымдар мен шикізаттарды халықаралық тасымалдауы кезіндегі шығынын азайтуға бірден бір мүмкіншілік береді. Батыс аймақтың көлік инфрақұрылымы дамуының басымдығы орталық аймақтарға қысқа жолдар ашу болып табылады. Қазіргі уақытта дамып келе жатқан Батыс Қазақстанды республиканың Орталық және Солтүстік аймақтарымен қосу Тұжырымдамасы әзірленуде, оның шеңберінде, темір жол ғана емес, автожолдар, электр таратқыш желілері, оптикалық-талшықты кабелі және т.б. кіретін көлік-коммуникациялық дәлізінің құрылысы қаралған.

Бірыңғай дәліз құру әрбір желінің құны құрылыс кезінде ғана емес, оны ілгері пайдалануының төмендеуіне мүмкіндік береді.

Соңында, тек облыс қана емес, барлық республика ұлттық жол торабының шегінде тәуелсіз техникалық және тарифтік саясатты жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Атырау-Орал және Атырау-Астрахань республикалық маңыздағы автомобиль жолдары қайта құрылады.

Атырау-Астрахань автожолын қайта құру жобасы 2001 жылдың Жапон Үкіметінің жұмсақ несие желісі бойынша 34,0 млн. Америка Құрама Штаттарының доллары көлемінде мемлекеттік инвестициялар Бағдарламасына енгізілген.

Облыста телекоммуникациясын жаңғырту және дамыту жұмыстары жүргізілуде.

GSM стандартының цифрлық ұялы жүйесі енгізілді, ИНТЕЛСАТ спутнигі арқылы Атырау-Ақтау арасында осы учаскелердегі сапасы мен өткізу қабілетін арттыратын цифрлық телефон арнасы ұйымдастырылды.

Орнықтылығын арттыру және сапалы қабылдауын қамтамасыз ету үшін "Дама" жерсеріктік байланыс жүйесі қондырылды.

Орал және Ақтауға тармақталатын, Шымкент-Ақтөбе-Атырау-Ресей талшықты-оптикалық желісін салу жоспарлануда.

Инвестицияларды тарту ескірген стансаларды жаңа цифрлық автоматтандырылған телефон стансаларымен алмастыруды, қазіргі заманғы ұялы, пейджингтік, жерсеріктік байланысты дамытуды, ескірген телерадиотаратқыш қондырғыларды толықтай алмастыруды қажет етеді.

Мұндайда шетел капиталы және ең алдымен телекоммуникация жаңартуда

тәжірибесі бар, қазіргі заманғы технология мен валюталық қаржысы бар инвесторлармен ынтымақтасу шешуші рөл атқарады.

Арзан материалдарды және облыс аумағында өндірілетін материалдарды пайдаланып атқарылатын жұмыс көлемін арттыруға және қаржыны үнемдеуге мүмкіндік береді.

Соның ішінде автомобиль жолдары құрылысында Теңізшевройл зауытының аумағында жиналған және маңындағы елді мекендер тұрғындары үшін зиянды күкіртті пайдалану.

VI-бөлім

Қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстары

1. Мақсаты

Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру.

2. Ахуалды талдау

Халықтың негізгі тұратын жерлеріндегі қоршаған ортаның жағдайы қанағаттанарлықсыз және халықтың денсаулығына теріс ықпалын тигізетін негізгі факторлары - сапалы ауыз судың тапшылығы және ауаның ластануы болып отыр. Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың, ластанған ағындылардың үдере жинақталуы бұл факторлерді едәуір күшейте түседі.

Еліміздегі Кеңестер Одағы кезеңінде құрылған, ескірген технологияларымен қуатты өндірістер, қоршаған ортаға шығарылатын ластағыш заттар эмиссиясының азаймайтынын болжауға негіз болуда.

2.1. Мықты жақтары

Табиғатты қорғау заңнамаларының негізі әзірленді, қоршаған ортаны қорғау мәселесі жөнінде бірқатар халықаралық шарттарға қол қойылды, табиғат қорғау қызметін басқару жүйесі құрылды.

Әскери сынақ алаңдары жабылды, ядролық қаруды сынау тоқтатылды, үкіметтік емес экологиялық ұйымдардың қызметі жанданды.

Барлық ластану көздерінің Мемлекеттік кадастры және оларды орналастыру картасы жасалды.

Қоршаған ортаның ластанғаны үшін төлем жүйесі дамуда. Қоршаған ортаның ластанғаны үшін жинақталған төлем көлемі роялтиден түскен түсіммен шамалас айтарлықтай соманы құрайды.

"Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талдамалы зертхана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны құрылды.

2.2. Осал жақтары

Халықты ауыз сумен жабдықтаудың өткір проблемасы азаймай отыр. Көптеген елді мекендердегі ауыз судың сапасы стандарт талаптарына сай емес. Қалаларда және еліміздің өнеркәсіп орталықтарында атмосфералық ауаның неғұрлым жоғары ластану деңгейі сақталып отыр. Автокөлік санының көбеюі, сапасыз бензинді пайдалану

ахуалдың нашарлануына әкелді. Құмды-механикалық құрамды жер көлемінің үлкендігі, жайылымды жүйесіз пайдалану - топырақтағы жел және су эрозиясының дамуын алдын-ала анықтады.

Топырақтың және өсімдік жамылғысының құнарсыздануын қоса шөлдену процесі кеңею бағытында.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарын, соның ішінде қауіпті және радиоактивті қалдықтарды басқару жүйесі іс жүзінде жоқ. Тұрмыстық қалдықтарды жинақтау, сақтау, қайта пайдалану және өңдеу жүйесінің жетілмеуі - табиғи ортаның ластануына әкеліп соғуда.

Маңызды экологиялық проблема - мұнай өндірілетін аудандардағы қоршаған ортаның ластануы болып отыр.

Еліміздің жалпы аумағында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар үлесінің аздығы, яғни айрықша бағалы ландшафттың және еліміздің табиғи-қорығы нысандарын сақтау және қалпына келтіру мүлде жеткіліксіз.

Мемлекетаралық су ресурстарын бөлуге әсер ету тетіктерінің жоқтығы

республика мүддесіне қысым жасауда.

### 2.3. Мүмкіндіктер

Табиғи ресурстарды жасаудан түскен қаржыны қоршаған ортаны қорғауға бөлу.

Экологиялық міндеттерді шешу үшін инвесторлардың қаржысын және технологиясын тарту.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жинақталған тәжірибе және әлемдік бірлестіктің күші.

Теңіз терминалын және Жайық өзенінен кеме жүзуін дамыту.

### 2.4. Қауіп-қатерлер

Каспий теңізі қайраңындағы жұмыс өндірісі оның солтүстік бөлігіндегі қорық аумағын экологиялық апатқа ұшыратуы мүмкін.

Күкіртті пайдалану мәселесінің созылуы, мұнай-газ секторымен атмосфераға ластанғыш заттектер шығарындысы аймақтағы халықтың денсаулығына әсер етіп, тіршілік ұзақтығының кемуіне әкеліп соғуы мүмкін.

Биологиялық тазартқышпен тазарту қондырғысының құрылысы мәселесінің созылуы фекалды және теңіз суларының араласуына әкеліп соғады. Соның салдарынан бекіре тұқымды балық ұрпақтарының жойылуы және Каспий теңізі жағасында ұялаған құстардың ауыруы мүмкін.

Қазақстан экономикасының дамуымен суды пайдаланудың әлеуетті ұлғаюы, әсіресе Жайық өзеніндегі су тапшылығы проблемасын шиеленістіруі.

Пайдалы қазбаларды іздеумен ұштасатын қоршаған ортаға тигізетін әсері.

Табиғат қорғау қызметіндегі негізгі қиыншылық табиғатқа келтірілетін зиян мен осы зиянды өтеу мөлшері арасындағы қатынасты белгілеу болып табылады.

Қоршаған ортаны ластанғаны үшін төлемдер, әдеттегі салықтың бастапқы мәнін жояды және ластаушылар тарапынан қолайсыз реакция тууы мүмкін.

Браконьерлік.

Жайық өзені мен Каспий теңізінің кеме шығарындысымен және трюм суларымен ластануы.

Балықтар әлеміне, планктонға, су түбі организмдеріне, теңіз сүтқоректі жануарларға шулы және тербелмелі әсер ету.

### 3. Стратегиялық міндеттер

Таяудағы он жылда қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғау саласында мына стратегиялық міндеттерді шешу қажет:

Су ресурстарының тапшылығын қысқарту, сумен жабдықтау деңгейін көтеру.

Қолданыстағы заңнамаларды жетілдіру және халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Табиғатты пайдалану жүйесін және қоршаған ортаны қорғауды оңтайландыру.

Қатты қалдықтарды, ағындыларды пайдалану деңгейін қалдық өңдеу зауытын, биологиялық тазартумен тазарту қондырғыларын пайдаланып арттыру.

Экологиялық ағартуды қамтамасыз ету.

### 4. Іс-қимыл стратегиясы

#### 4.1. Су ресурстарының тапшылығын қысқарту, сумен жабдықтау деңгейін арттыру

Бірінші кезеңде (2002-2005 жж.)

Траншекаралық суларды оңтайлы пайдалану, оларды шешуде нақты шаралар мен санкцияларды ойластыратын жүзеге асыру қатаң тетіктерін белгілеп көп жақты негізде тетіктерін әзірлеу.

Су ресурстарының барлық түрлерін ең алдымен ластанудан неғұрлым қорғалған жер асты су көздерін қарқынды пайдалану есебінен ауыз сумен жабдықталуды жақсарту шараларын әзірлеу.

Таяу арадағы перспективада ауыз судың сапа мониторингінің мемлекеттік бірыңғай жүйесін құру керек. Халықты ауыз сумен қамту саласындағы мемлекеттің инвестициялық саясатын жоспарлау қажет.

Су жинақтау бойынша өте тапшы көл алаптарындағы су сіңіретін өндірістердің қарқынын және даму көлемін шектеу, жайылыс көлемінің құрылымын қайта қарау шараларын жүзеге асыру.

Екінші кезеңде (2006-010 жж.)

Өзен ағындысын реттеу және аймақаралық бөлу шараларын іске асыру.

Жер асты суларын пайдалануды арттыру жөніндегі шараларды іске асыру.

Ағынды суларды биологиялық тазалауды енгізу.

Булану алқабының көлемін қысқарту мақсатында айналым су жабдықтауды тиімді пайдалану қажет.

#### 4.2. Қолданыстағы заңнаманы жетілдіру және халықаралық ынтымақтастық

Экологиялық осал аудандарда және қорық аймақтарындағы өндірістік жұмысқа қатысты халықаралық және аймақтық құжаттарды бұлжытпай сақтау негізінде қоршаған ортаны қорғаудың ғаламдық және аймақтық жүйесін құруға қатысу.

Халықаралық келісімдердің міндеттерін оқып білудің сапалы жаңа тәсілін жасап, шығару, оларға қол қоюдың лайықтылығын айқындауда іс-қимылдың дұрыстығы мен ойластырылуын және алынған қаржыны мемлекет тарапынан бақылау.

Халықаралық келісім шарттарға (конвенциялармен) сәйкес қабылданған табиғи-ресурстық және басқа заңнамаларды жетілдіру.

Әлемдік тәжірибеге сәйкес экологиялық сақтандыру және бюджеттен тыс экологиялық қорларды енгізу жүйесін әзірлеу.

#### 4.3. Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жүйесін оңтайландыру Бірінші кезеңде (2002-2005 жж.)

Қоршаған ортаның және табиғат ресурстары мониторингісінің бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесін әзірлеу.

Облыс аумақтарын экологиялық аудандастыруды жүзеге асыру.

Табиғи ресурстарды алудың, экологиялық мүмкін шегін айқындау, әртүрлі аумақтарды бағалау және салыстыру есебімен қоршаған ортаның ластануын (азайту) шектеу.

Каспий аймағында биоәртүрлілікті сақтау мақсатында су және биологиялық ресурстардың жағдайын зерттеу, қоршаған ортаның ластану көздерін және биоәртүрліліктің азаю себептерін айқындау, қорық аумағына экологиялық аймақтау жүргізу.

Жағалауда және теңізде тұрақты түрде мониторинг жүргізу және судың сапасы мен биологиялық ресурстарына талдау жасау.

Ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын дамыту және орналастыру бағдарламасын әзірлеу, экологиялық туризм маршрутын дамыту.

#### Екінші кезеңде (2006-2010 жж.)

Мәліметтерді тиімді өңдеу жүйесін құрып, республиканың шаруашылық кешенін гидрометеорологиялық қамтамасыз ету жүйесін нығайту және гидрометеорологиялық болжауларды беру.

Табиғат ресурстарын тиімді пайдалану және жаңалықтар енгізу мақсатында шаруашылық субъектілер қызметіне қатаң нормалар мен стандарттар белгілеу.

Жайық өзені, Каспий теңізі және басқа балық шаруашылығы су қоймаларынан, балық пен итбалықтардың бұлшық еттері, ұлпаларын су сынамасын талдау үшін

биоресурстарды қорғау жөніндегі Солтүстік-Каспий аймақтық мекемесі жанынан талдама бақылау зертханасын ұйымдастыру.

Мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайту.

Балықтардың және Каспий итбалықтарының жойылу мүмкіндігі фактісін бақылау және айқындау мақсатында Жайық өзені атырабын және Солтүстік Каспийді тікұшақпен ұшып айналып шығу үшін қаржы бөлу.

Уылдырық шашу кезеңінде бағалы балық түрлерін қорғау шаралары ("Қақпан" акциясы).

Каспий теңізі жағалауындағы мемлекеттермен бірлесіп, халықаралық балық қорғау "Бекіре" акциясын өткізу.

Мұнай компанияларымен қоршаған ортаның ластануы нәтижесінде табиғат қорғау заңының бұзылуын айқындау жөнінде жедел рейд жүргізу.

#### 4.4. Қалдықтарды пайдалану деңгейін арттыру

Агротехникалық қанағаттанарлық мелиоративтік жағдайында топырақтың органикалық заттерінің санын көбейту және сапасын жақсарту мен жердің құнарлылығын ұдайы жақсартып, органикалық немесе экологиялық егіншілікке негізделген ауылшаруашылығы өндірісінің тұрақты жүйесіне көшу қажет.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мониторингін жүргізу, қоршаған ортаға зиян қалдықтарды көмудің әсерін бағалау.

Ресурс және энергия үнемдеуші технологияны енгізуді жандандыру,

қалдықтарды өңдеу және пайдалану қызметін ынталандыру.

#### 4.5. Экологиялық ағартуды қамтамасыз ету

Қоғамды экология және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану саласында насихаттауға және ағартуға үлкен көңіл бөлу .

Бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық-насихаттау жұмысын кеңейту.

Экологиялық білім жүйесін құру. Оқу әдебиетін әзірлеп, шығару. Маман-экологтардың біліктілігін көтеру және дайындау жүйесін құру.

Экологиялық білім және тәрбие нормативтік құқықтық базасын құру.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық және мемлекеттік органдардың өзара қатынасын күшейту.

Қоғамдық экологиялық қозғалыс, ассоциациялар, топтардың дамуына жағдай туғызу.

### VII-бөлім

#### Салық-бюджеттік саясат

##### 1. Мақсаты

Мемлекеттік бюджет кірісіне қажетті түсім көлемін қамтамасыз ету мақсатында мемлекет және салық төлеушілер мүддесін қанағаттандыратын қолайлы орта құру.

Атырау облысының стратегиялық және бюджеттік жоспарлау тұтастығы принциптеріне негізделген тұрақты бюджеттік жүйе қалыптастыру.

## 2. Ахуалды талдау

### 2.1. Мықты жақтары.

Қазақстанның салық жүйесімен бюджетті орындалуда қол жеткізілген табыстарында Атырау облысы жетекші орындардың біріне ие болып отыр. Біздің облыс ірі донор болып табылады, яғни 2000-2001 жылдардағы бюджеттік алулар жалпы сомасындағы оның үлесі 25-35% құрады.

2000 жылдың есеп мәліметіне сәйкес облыстың бюджет түсімі ішкі жалпы өнімнің 1,7% құрады, ішкі жалпы өнімге қарағанда шығындар мен несиелеу - 1,5%, ішкі жалпы өніммен салыстырғанда профицит кірістің шығыстан артылуы - 0,2%.

Салықты несие-қаржылық реттеумен байланыстыру нарықтық экономиканы басқарудың неғұрлым тиімді нысаны болып табылады. Мемлекеттің кірістер жүйесіндегі реформалау республикадағы сияқты, облыста да барлық фискалды органдарды бір ведомствоның шеңберінде шоғырландыру процесі нәтижелі жүргізілді.

2001 жылғы маусымда қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексінде салық міндеттерін орындау және салық органдарымен бақылаудың жүзеге асырылуы бөлімінде мемлекет пен салық төлеушілер арасындағы өзара байланыс заңмен бекітілген, салық бойынша барлық нұсқаулық актілердің көптеген ережелері бірыңғай заңнамалық актіге біріктірілген.

2001 жылы салық жүктемесін азайту мақсатында қосымша құн салығының мөлшерлемесі 16%-ға дейін және әлеуметтік салық 21%-ға дейін төмендеді, ол салық төлеушілердің уақтылы бюджетпен есептесуін ынталандырады. Облыста, республикадағы сияқты қазынашылық жұмысы тиісті деңгейде жолға қойылған, яғни оның жүйесі арқылы бюджеттік бағдарламаларды мақсатты қаржыландыру жүзеге асырылады.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық орнықты дамуын қамтамасыз ету және мұнайдың әлемдік бағасының ауытқуынан мемлекеттік қаржыны қорғау мақсатында Ұлттық қор құрылды, ол шоғырландыру және тұрақтандыру қызметін атқарады.

Атырау облысы 2001 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық қорға 48,3 млрд. теңге аударды.

Қазақстанның Даму Банкісін құру көкейкестілігі ұлттық экономиканың орнықты дамуын қамтамасыз ету қажеттілігінен, әсіресе, оның нақты секторының ерекшелігінен туындаған.

Банктің жарғы капиталындағы облыс үлесі - 46875 млн. теңге.

Әлемдік стандарт талабына сәйкес келетін кірістер мен шығыстардың жаңа бюджеттік сыныптама енгізілді.

Шығыстар жүйесін жетілдіру жөнінде маңызды шаралар атқарылды. Барлық деңгейдегі бюджеттер бюджеттік бағдарламалар деңгейінде бекітіледі, ал бюджеттен қаржы бөлу бюджеттік бағдарламалардың орындалуына қарай жүзеге асырылады.

1999 жылдан бастап мемлекеттік бюджет кірісін басқару процесін жетілдіру шеңберінде жалпы мемлекеттік салықтан жергілікті бюджетке аударым нормативі тұрақты болып қалып отыр.

2001 жылы 2002 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енетін мемлекеттік кірістерді басқару мәселесі бойынша бюджеттік заңнамаға өзгерістер енгізілді, ол бюджетаралық қатынастардың тұрақтылығын бекітуге көшу жүйесін аяқтауға мүмкіндік береді.

Бюджетаралық реттеуді жетілдіру республикалық және жергілікті бюджеттердің тиімді жүйесін құруға мүмкіндік береді. Бұл мақсатта бөлу нормативтері өзгерді:

Корпорациялық кіріс салығы толықтай республикалық бюджетке аударылады; Импорт тауарлары үшін өндіріп алынатыннан басқа акциз бойынша салық және қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер жергілікті бюджетке аударылады.

## 2.2. Осал жақтары

Бюджет берешегін өтеу жұмысында келеңсіз сәттер көрініс табууда. Бюджетке салық пен төлемнің барлық түрі бойынша өтелмеген сома көлемі айтарлықтай болып қалып отыр және 2002 жылға қарағанда 2001 жылы 25%-ға азайса да 2,0 млрд. теңге жуық сома құрайды.

Салық төлеушілердің құқығын қорғау жүйесі, соттардың жұмыс бастылығынан және оларда арнайы экономикалық білімнің жоқтығынан, жетілмеген күйі қалып отыр.

Облыс экономикасына кәдімгідей зиян келтіретін нәрсе Ресейдің шектес облыстарынан кеден бақылауынсыз тауарлардың әкеліну мүмкіндігі.

Бюджетаралық қатынастардың параметрін көрсететін, айқын индикаторлардың жоқтығы және қолданыстағы алулар мен жәрдемақы мөлшерінің объективтілігі, облыстағы аудандардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің айырмашылық проблемасын шешуге мүмкіндік бермей отыр.

Орталық және аймақтардағы бюджеттік мүдденің теңгерімшілік маңызды проблемасы көкейкесті болып қалып отыр. Бюджеттің теңгерімсіздігі бюджет өкілеттігінің нақты шектелуінің жеткіліксіздігінен қиындай түсуде.

Аймақтардың шаруашылық қызметінің кеңеюі республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы өзара байланыс проблемасына жаңаша қатынас жасауды талап етеді, соған орай олардың арасындағы бюджеттік құқық айқындығын айыру қажеттілігі туындайды.

Аудандық және облыстық бюджет деңгейінің дербес кіріс көздері бекітілмеген.

Жеке бөлігі республикалық бюджетке аударылатын жергілікті бюджеттің кіріс бөлігінің артық орындалуынан мемлекеттік бюджетте басы артық қаржы құралады. Жергілікті атқарушы органдар бұл көздер бойынша кіріс жоспарын көбейтуге және қаржыны қосымша шығындарға бағыттауға мүмкіндік ала алмау проблемасына кезігеді.

. Еркін қаржы айналымға пайдалануға және әлеуметтік-экономикалық қиын проблемаларды шешу бағытына мезгілінде жұмсалынбайды.

Заңмен айқындалған бюджеттік алу мен жәрдемақылардың ұзақ мерзімді көлемін белгілеу процедурасы іс жүзінде жеткіліксіз дәрежеде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік бюджет кірісіндегі бірлескен кіріс салық үлесінің күрт өсуі 1999-2001 жылдар бойы бюджет алуының өсімін көбейтті.

Жергілікті бюджет шығындары негізінен ағымдағы шығындармен топталған және капитал шығындарын бекітуде айқындылық жоқ.

Трансферттік ағымдағы тетіктері аймақ ахуалының маңызды факторларының бағасын біле алмайды, айқын емес және үнемі орталықтан түзетулерге мұқтаж. Егер кейбір аймақтарда мемлекеттік трансферттер есебінен 50%-дан жоғары кіріс құралса, біздің облыста соңғы 3-4 жылда жергілікті бюджеттің бөлігіндегі трансферттің жеке салмағы нөлдік деңгейде қалып отыр.

Қолданыстағы трансферттер жүйесінің мәні мен субвенцияны реттеу әдісімен шынында "тесік жамауды" және сонымен бірге облыс бюджетін жасанды жолмен теңгереді.

Депрессиялық экономикасымен артта қалған аудандар проблемасының шешілімі белгіленбеген мерзімге ығыстырылумен, шығыстар жоспары облыс дамуының басыматымен үнемі байланыстырылмайды.

Республикалық және жергілікті бюджет атқарылуының жеткіліксіз айқындығы мемлекеттік шығыстарды басқару тиімсіздігіне әкеліп соқтырады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімгерлері және ведомстволық мекемелер деңгейінде бюджеттік қаржыларды тиімсіз басқарудың нәтижесінде және тауарлар мен қызметтерді сатып алу конкурсының мезгілінде өткізілмеуінен пайдаланылмай қалған бюджет қаржылары көбеюде.

Аумақтық қазыналық органдармен жергілікті бюджеттің орындалуына қызмет көрсетудегі талаптары қаржының ұтымды пайдаланылуын толық қамтамасыз етпейді.

### 2.3. Мүмкіндіктер

Өндірістің өсімі мен салықты басқаруды жақсарту есебінен салық салу базасын кеңейту.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін салық салу жүйесін жеңілдету.

Жергілікті бюджет үшін тұрақты кіріс көздерін айқын белгілеу арқылы бюджетаралық қатынастар жүйесін қалыптастыру.

### 2.4 Қауіптер

Мемлекеттік және аймақтардың өндіріс құралдарына меншіктік бөлісуінен әлеуметтік-экономикалық саланың құлдырауы.

Халықтың ақшалай кірісінің елеулі айырмашылығынан әлеуметтік дамудың

аймақтық сәйкессіздігі.

Алым түрлерінің және басқа міндетті төлемдердің көптігі және оларды алу тәртібі салық жүйесі күрделілендіріп, төлеу тәртібін төмендетеді.

### 3. Стратегиялық міндеттер

2002-2010 жылдар кезеңіне салық-бюджет саясаты жүйесіндегі негізгі стратегиялық міндеттер:

Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы проблемаларына бюджеттік саясатты бейімдеу;

Бюджетаралық трансферттер жүйесін жетілдіру;

Бюджеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру;

Жергілікті бюджеттің айқындығын қамтамасыз ету.

### 4. Іс-қимыл стратегиясы

4.1. Бюджеттік саясаттың облыстық әлеуметтік-экономикалық даму проблемаларына мемлекеттік даму стратегиясымен өзара байланысына бейімделуі.

Ағымдағы бюджетке және даму бюджетіне бөлінетін жергілікті бюджеттің жаңа құрылымын құру.

Облыстың ағымдағы бюджетінен (әрі қарай-ағымдағы бюджет) функционалдық топтардың және облыстың қарыз қызметінің ағымдағы шығыстарын қаржыландыру.

Ағымдағы бюджеттің шығыс бөлігін нақты мақсатты көрсетіп, бюджеттік бағдарламаның басымдықтағы әлеуметтік салада шығыстарын анықтау.

2001 жылғы бюджеттік шығыс бөлігінің негізгі үлесі әлеуметтік-мәдени шараларды қаржыландырудан тұрды, яғни жеке салмағы облыс бюджетінің жалпы шығыстар көлемінің 40,3% құрады, немесе 9522 млн.теңге болды, соның ішінде:

2 функционалдық топ бойынша "Білім" - 4611 млн.теңге,

3 функционалдық топ бойынша "Денсаулық" - 2095 млн.теңге,

4 функционалдық топ бойынша "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамту" - 1739 млн.теңге,

8 функционалдық топ бойынша "Мәдениет, спорт және ақпараттық кеңістік" - 1077 млн.теңге.

Атырау облысының бюджет дамуы (алға қарай-бюджет дамуы) бюджеттің күрделі шығыстар құрамында қалыптасатын және инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру үшін пайдаланатын жергілікті бюджеттің құрамдас бөлігі болуы тиіс.

Бюджет дамуы мына бағдарламалар шығыстарын қаржыландыруды қамтамасыз ететін болады:

Экономиканың нақты секторын несиелеу;

Бюджеттік жүйе салалар жаңа нысандар құрылысы;

Көлік инфрақұрылымы;

Бюджеттік жүйе нысандарын техникалық жабдықтау және қазіргі заманғы құрал-жабдықтарды сатып алу;  
Ұлттық-мәдени байлықтарды жандандыру.

Бюджет дамуына жұмсалатын ақша қаражат көлемін кезекті қаржыландыру жылына жергілікті мәслихат шешіміне сәйкес белгілеу.

Бюджет дамуының орындалуы туралы есеп Қазақстан Республикасының қаржы Министрлігіне облыстық бюджеттің есепті жыл ішіндегі орындалуы туралы есебінің құрамында ұсынылады.

4.2. Бюджетаралық трансферттік жүйесін жетілдіру аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі есебінен ресми трансферттерді белгілеу әдісін жетілдіру.

Трансферттер жүйесі аймақтағы әлеуметтік қызметтердің төменгі мөлшерде қамтылуына кепілдік береді және сонымен қатар аймақтардың салық базасын кеңейтуін ынталандырады.

Аймақаралық айырмашылықты теңестіру және депрессиялық аймақтардың үнемі артта қалулығын жеңу проблемасын шешу үшін жаңа трансферттер жүйесін әзірлеу қажет.

Ағымдағы бюджет төменгі бюджеттерді қажетті трансферттермен негізгі объективті факторларды қоса (халықтың саны, оқушылардың, қарттардың саны, табиғи-климаттық жағдай, кедейшілік деңгейі, автомобиль жолдарының қашықтығы және басқа) халықтың жан басына есептегендегі аймақтарға трансферттер қорының қаржысы есебінен қамтамасыз етіледі.

4.3. Бюджеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру

Бюджеттік жоспарлау әдістемесін, соның ішінде бюджеттік бағдарламаның орындалу нәтижесінің бағалары негізінде жетілдіру.

Ресурстардың орталық және жергілікті басқару органдары арасында,

олардың тапсырмаларымен бірдей бөлінуін қамтамасыз ету.

Мемлекеттік қаржыландыру қызметінің үздіксіздігін және тиімді қаржыландыруын жоспарлауды қамтамасыз ету.

4.4. Жергілікті бюджеттің айқындығын қамтамасыз ету

Бюджеттік қаржыландыру туралы ақпараттың айқындығына және ашықтығына қол жеткізу.

Бюджеттік жоспарлаудың айқындылық принципі мыналармен жүзеге асырылады:

Заңнамалық және нормативтік құжаттарды жариялау;

Бюджеттік бағдарламалар әкімгерлерімен жылдық қаржыландыру және шұғыл баяндамалар және есептердің жариялануы;

Мемлекеттік қаржыландыру туралы толық қамтылған ақпараттарды жариялау;

Жүзеге асырылатын шығыстардың тиімділігін бағалау үшін бюджет қаржысының жұмсалуына бақылау күшейтіледі;  
Қаржы жұмсау мониторингі қатаң және жетілдірілген жүйеде жүргізіледі.

## VIII-бөлім

### Инвестициялық саясат

#### 1. Мақсаты

Тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету мақсатында басымды тәртіпте

бәсекеге жарамды, жоғарғы технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға бағытталған жоғарғы деңгейдегі ішкі және сыртқы инвестицияларға қол жеткізу.

Мұнай-газ өндіру өнеркәсібі мен сол салаға қызмет көрсетуші қосымша шағын және орта өндірістердің озық дамуы есебінен облыс халқының әл-ауқатын арттыру.

2010 жылға дейінгі кезеңде Атырау облысының инвестициялық саясатының мақсаты:

Аймақ экономикасын жаңғырту үшін тікелей инвестициялар ағынын қалыптастыру;

Өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өндірістерінің тұрақты қарқынына қол жеткізу;

Қазіргі заманғы инфрақұрылымды қалыптастыру;

Жалпы инвестициялық ахуалды жақсарту;

Тозығы жеткен және авариялық үйлерде тұратын, тұрғын үй жағдайын жақсарту тізіміндегі Атырау қаласы тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту;

Облыс елді мекендерін сумен жабдықтау;

Атырау қаласы мен облыс елді мекендерін табиғи газбен толықтай жабдықтау;

Жеке тұрған үйлерде жеке қазандық, жеке меншік секторды жылыту қазандарын орнату.

Атырау қаласы мен облыс елді мекендерінде автомобиль және жаяу жолдардың құрылысын салу мен жаңғырту.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Атырау қаласы 10 жыл бойы көптеген инвестицияны қажет етеді. Осы инвестицияларды екі кезеңге бөлу қажет. 2002-2005 жылдары - аймақтық мұнай-газ кешеніне тартылатын инвестицияларды көбейту, "Теңізшевройл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндірістік қуаттылығын кеңейту және Каспий теңізі қайраңында мұнай өндіру үшін бастапқы инфрақұрылымды тұрғызу.

2006-2010 жылдары - аймақтық мұнай-газ кешенін дамыту қарқынын әрмен қарай үдету, Каспий теңізі қайраңында мұнайды өнеркәсіптік өндіруге шығу, мұнай тасымалдау инфрақұрылымын салу. Болжамдалған стратегиялық шараларын екі

кезендік іске асыруда аймақ тұрғындарының әл-ауқатын және елді мекендер инфрақұрылымын (жол, тұрғын үй салу, сумен жабдықтау, көркейту және тағы басқалар) жақсарту қарастырылады.

## 2. Ахуалды талдау

Атырау облысының экономикалық өсу тұжырымдамасы экономиканың түрлі салаларына инвестицияны кеңінен тартуды болжамдайды.

Облыс экономикасының жетекші ролін мұнай-газ кешені алуда. Жалпы облыстық өндіріс көлемінде мұнай саласы кәсіпорындарының үлес салмағы 91,7 пайыз құрайды.

Жалпы республикалық үлесінде бюджеттік төлемдер 9 пайыз құрайды. Облыста республика мұнай көлемінің 50 пайызы, газдың 47 пайызы өндірілуде.

Болжамдық есептер және Атырау облысының даму стратегиясы негізінде 2010 жылы жылына 65 мың млн. тоннаға мұнай өндірілу тиісті.

Облыс аумағында мұнай-газ және газ конденсаты шикізатының бірегей кен орындары анықталған. Негізгі мұнай қоры - Теңіз кен орны мен Каспий теңіз қайраңы. Ол Қазақстан бойынша дәлелденген қорлар мен ресурстар сомасының шамамен жартысын құрайды.

Каспий маңы ойпаты тұз асты кешенінің мұнай газын сандық бағалауы көрсеткендей, көмірсутегі шикізаттың геологиялық ресурстары 23 млрд тоннадан астам құрайды, шығарылатын шикізат - 12 млрд тонна. газ - 4,3 трлн м<sup>3</sup> астам.

Жұмыс істеп тұрған және жұмысқа дайындалған кен орындарындағы өнеркәсіп санаттарының мұнай қоры 840 млн. тонн құрайды, оның негізгі бөлігі - Теңіз кен орнында.

Аймақта теңізде - Каспий теңізі солтүстік бөлігінде Қашаған құрылымында бұрғылау басталды.

Қайраңда сейсмикалық барлау және бұрғылау жобасын іске асыру басталған сәтінен бастап "Аджип Каспион Оператинг" акционерлерімен 439 млн Америка Құрама Штаттарының доллары сомасында инвестициялар салынды.

Қайраңдағы табыс сервистік қызмет көрсетілімінің дамуына жол ашатыны сөзсіз. Мұнай ұңғыларын бұрғылау компанияларымен қоса жабдықтарды жөндеу және тасымалдау, құрылыс, қоғамдық тамақтану қызметтері тағы басқа компаниялар тартылады.

Облыстағы басты стратегиялық міндеттердің бірі - экономикалық өсу бағдарламасын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тікелей және қоржындық инвестициялар тарту.

Экономикадағы мемлекеттік және жеке меншік инвестициялардың ағымдағы көлемі қазіргі экономиканың тез өсетін қажеттілігін қанағаттандыруға жеткіліксіз.

Құрылыс пен сәулет - қала құрылысы қызметіндегі іс жағдайын түбегейлі жақсарту мақсатында және оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру үшін бірсыпыра Бағдарламалар қабылданған.

"Муниципальдық тұрғын үй" облыстық бағдарламасы әзірленген. Онда 2001 жылы 550,0 млн теңге сомасына тұрғын үй салу қарастырылуда.

"2000-2002 жылдары облыс елді мекендерін сумен жабдықтау". Осы бағдарлама шегінде Әлемдік Банкінің "Атырау қаласын сумен жабдықтау және санитариясы" пилоттық жоба іске асырылуда. Сонымен қатар, 2001 жылы облыстың 7 елді мекенінде 2002-2005 жылдары 29 елді мекенде су тазарту қондырғыларын салу қарастырылған.

"2000-2003 жылдары Атырау облысы елді мекендерін газдандыру". Бұл ерекше мәні бар маңызды бағдарлама. Өйткені табиғи газ тұтынушыларға сұйытылған газдан арзандау түседі, сондай-ақ жылу мен ыссы су проблемаларын шешеді.

2001 жылы жергілікті бюджет қаражаты және басқа көздері есебінен облыстың елді мекендерін газдандыруға 3248,7 млн Америка Құрама Штаттарының доллары бөлінген, оның 930,0 - қарыз алу лимитінің есебінен. 2001 жылы салынған газ құбырларының ұзындығы 345,7 шақырым құраған, ол 2000 жылғы көрсеткіштен 2 есе асады.

Барлық меншік нысандағы кәсіпорындар мен ұйымдар қаражаты есебінен 2001 жылы 107 мың шаршы метр көлемінде тұрғын үй тапсырылған, ипотекалық несиелеу бойынша тұрғын үй құрылысы басталды.

Ағымдағы жылы облыстық 7 елді мекенінде су тазарту қондырғыларының құрылысы аяқталған.

Оған облыс бюджетінен 422,3 млн теңге бөлінген. 431 мың теңге сомасындағы қарыз алу лимиті есебінен облыстың тағы 7 елді мекенінде су тазарту ғимараттарының құрылысы басталды. 2002 жылы осы жұмысты облыстың 22 елді мекенінде 1 млрд теңге сомасын қарыз алу лимиті есебінен жалғастыру жоспарлануда.

"Атырау қаласын сумен жабдықтау және санитариясы" Пилоттық жобаны іске асыру жұмыстары жалғастырылуда. Өткен жыл ішінде ұзындығы 18 шақырым су құбыры, 9,37 шақырым канализация жүйесін жүргізу жұмыстары орындалған. 15 сорап агрегаттары ауыстырылды. Сонымен қатар, жертөле айырғыштарды ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

2001 жылы Атырау қаласында жер асты сулар деңгейін төмендету жөніндегі жұмыстар басталған. Бұл жұмысқа облыстық бюджеттен 26,5 млн.теңге бөлініп, жалпы жұмыс көлемінің 55 пайызы игерілген.

Атырау облысының әкімшілігі 2000 жылдың 7-шілдесінде Қазақстан Қор Биржасында алғаш рет Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісілген 10,9 пайыздан аспайтын жылдық сыйақы мөлшерімен жалпы сомасы 650,0 млн.теңге құрайтын муниципалдық облигацияларды орналастырды.

Муниципалдық облигацияларды сатудан түскен қаржының 650 мың теңгесі "Атырау қаласының автомобиль жолдарын қалпына келтіру және жөндеу" аймақтық инвестициялық бағдарламаны, 300 млн.теңгесі "Атырау қаласы құс фабрикасын салу" жобасын қаржыландыруға жұмсалды.

## 2.1. Мықты жақтары

Бүгінгі таңда жүргізілген инвестициялық саясат бірқатар оң жақтарымен сипатталады, оның ішінде шетел инвестицияларды тарту үшін жалпы қолайлы инвестициялық климатының сақталуы, аймақта бағалы қағаздар рыногінің құрылып, дамуы, жана институционалдық инвесторлардың қалыптасуы.

Қазақстан экономикасындағы мұнай өнеркәсібінің мәнділігі Атырау облысының маңызды ролі бар мол көмірсутек шикізат қорымен айқындалады.

28 млрд тонна жалпы республикалық мұнай қорының, 23 млрд.тоннасы ұзақ мерзімдік перспективаға республиканың қажеттілігін қамтамасыз ете алатын біздің аумаққа келеді, бұл жағдай еліміздің басшысы Нұрсұлтан Назарбаев белгілеген 2030 жылға дейін еліміздің даму Бағдарламасында өз көрінісін тапқан.

Экономиканың басқа бағыттарын дамытуға ықпал ете отырып, мұнай-газ саласы мультипликативтік нәтижені қамтамасыз етеді, мол мұнай мен газ көлемін өндіру, өңдеу және тасымалдау отандық мұнай-газ, энергетикалық, тасымалдау машина жасалуды, телекоммуникацияны, мұнай химияны, көліктік тасымалдауды, автожолдар мен қызмет көрсету инфрақұрылымын салуды дамытудың алғы шарттарын дайындайды. Ол өз кезеңінде сол салаларда ғылым мен жоғарғы технологиялардың дамуына күш береді.

Аймақта бірегей балық байлықтарымен танымал Жайық-Каспий балық кәсіпшілігі республиканың ішкі су тоғандары арасында жетекші орын алуда. Облыс тоғандарындағы балықтың 60 түрінің 30 кәсіпшілік мәні бар.

Балық лимитін бөлу өкілеттігі облысқа берілген. Әкімият жуық жылдары балықтың жоғарғы сапасы мен сұрыпталымын қамтамасыз ету мақсатында нақты инвестицияларды тартуды жоспарлауда.

Алдағы 15 жыл ішінде Атырау облысына едәуір инвестициялар салынады. Мұнай өндіруді ұйымдастырудың өзі 130 млрд Америка Құрама Штаттарының доллары сомасында инвестициялауды қажет етеді. Оның 30 млрд-қа жуығы шаруақұрылым мен сервистік қызмет көрсетуді дамытуға жұмсалады.

Экономиканың мұнайгаз секторын дамыту перспективалық бағыттарымен қатар облыста Индер күмбезінің тау-химия шикізатын, минералдар мен құрылыс материалдар түрлерін кешенді игеруге мүмкіндігі бар. Оларды қорының өнеркәсіптік мәні осында қазіргі заманғы құрылыс индустриясын инвестициялау мен дамытуға қолайлы жағдай туғызуда.

Гипс кеніштерінің қоры 21 млрд тонна, калий тотығы 11,5 млрд тонна, калий тұзы - 697 млн. тонна, ас тұзы -687 млн тонна құрайды.

Облыс аумағында минералдық су бұлақтары бар, оның қоры 898 млн текше метр құрайды. Құрманғазы ауданындағы доломит және кварц топырағының қоры әйнек өндірісін дамытуға жағдай туғызуда.

2.1.1. Бағалы қағаздар рыногі:

1999-2000 жылдары бағалы қағаздар рыногіндегі ахуалға елеулі өзгерістер пайда болуда.

Қазақстандық бағалы қағаздар рыногінің ең дамыған бөлшегі - мемлекеттік бағалы қағаздар рыногі. Инвесторлардың қор рыногіндегі мемлекеттік бағалы қағаздарға деген мүддесі мына факторларға байланысты:

Мемлекеттік бағалы қағаздардың салық салудан босатылуы;

Олардың өтемпаздығы.

Маңызды қадамның бірі - қазақстандық бағалы қағаздардың жаңа сипаттағы - жергілікті атқарушы органдар облигацияларының шығуы Америка Құрама Штаттарының долларымен белгіленген басқа қаржы құралдар бойынша табыстылығы күні бүгін төмендеу.

Қауіп-қатер деңгейі бойынша муниципальдық облигациялар мемлекеттік бағалы қағаздарға теңестірілген. Облигациялар борышын өтеуге қызмет көрсетумен байланысты барлық қауіпін жергілікті атқарушы органдар бюджеттері өзіне алады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 19 мамырдағы NN№752 P000752\_ " Атырау облысының жергілікті атқарушы органдардың қарызға алуы туралы" және 2000 жылғы 26 маусымдағы N 940 P000940\_ "Атырау облысы жергілікті атқарушы органдар " облигацияларын шығару, өтеу және қызмет көрсету ережелерін бекіту туралы" қаулыларына сәйкес Атырау облысының әкімияты Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің келісімі бойынша қазақстандық Қор биржасында 10,99 пайыздан артық емес жылдық сыйақы мөлшерімен 650,0 млн теңге жалпы сомасына муниципалдық облигацияларды орналастырған. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясымен Атырау облысы жергілікті атқарушы органының мемлекеттік купондық облигациялардың бірінші эмиссиясына KZ 704 1007A10 Ұлттық сәйкестендірме нөмірі берілген.

Муниципалдық облигацияларды сатудан түскен қаражат "Атырау қаласының автомобиль жолдарын қалпына келтіру және жөндеу" аймақтық инвестициялық жобаны қаржыландыруға жұмсалған.

Муниципалдық қарыз алу бағдарламасын табысты іске асыру үшін және облыстың барлық қаржы саясатын жүргізу үшін Атырау облысы әкімиятының қаржы кеңесшісін таңдауға тендер жүргізілген. "Дойчебанк" секьюритиз", "Казкоммерцисекьюритиз" және "Қазақстанның халықтық жинақ банкісі" акционерлік қоғамы жеңіп шықты.

Осы консорциум 2001 жылы Атырау облысы жергілікті атқарушы органының муниципалдық облигацияларын орналастырды. Муниципалдық облигациялар шығарудан түскен түсім есебінен аймақтық инвестициялық бағдарламаның төмендегі жобалары жүзеге асырылды:

Атырау облысының 7 елді мекендеріндегі су тазарту қондырғыларының құрылысы.

Елді-мекендерді газдандыру.

Жол құрылысы.

Металлочерепица өндіретін шағын зауыт салу.

Муниципальдық тұрғын үй құрылысы.

Облыстық баспахана құрылысы.

## 2.2. Осал жақтары

Облыс инфрақұрылымының дамуы, қала мен аудандардың құрылғысы жоғарғы өнеркәсіп дамуының деңгейіне сәйкес келмейді. Облыстың экономикалық әлеуетінің өсуі, халықаралық рыноктағы іскер байланыстардың кеңеюі, шетел инвестицияларының ағылуы дамыған инфрақұрылымның болуын талап етеді. Қазақстан Республикасының бас көлік коммуникацияларының тоғысында орналасқан облыстың ерекше жағдайы көлік байланыстарының, әсіресе аумақтық экономикалық және әлеуметтік дамуына қажет транзиттік жүктердің қарқынды ағымы өтетін және жүктің едәуір бөлігі тасымалданатын автомобиль жолдарының сенімділігіне қосымша талаптар жүктейді.

Негізінен 70 жылдары салынған жолдар жүйесі мен оның үстіне салынған ғимараттар жол құралдарының техникалық көрсеткіштері мен сындарлы элементтер бойынша көлік құралдарын қауіпсіз жүргізуін қамтамасыз ету шарттарына сәйкес келмейді. Жер қойнауын пайдалануға салынған тікелей инвестициялар аймақта қалыптасқан экологиялық жүйенің бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Өнеркәсіптің дамуымен, халықтың әл-ауқатының өсуімен, басқа аймақтардан шетел инвестициялары мен мамандардың келуімен тұрғын үй сапасына қойылатын талаптар да өсуде.

Атырау қаласы тұрғын үй қорының жайы (тозығы жеткен инженерлік коммуникациялық, авариялық үйлердің көптеген саны және тағы басқалар) бүгінгі күннің талаптарына сәйкес келмейді. Күні бүгін тұрғын үй нарығында сәйкессіздік байқалуда. Сапасы төмен тұрғын үй орындары мен оларды ұстау қызметіне шексіз жоғары баға сұрау. Жерасты сулардың жоғары деңгейіне байланысты Атырау қаласының барлық аумағы батпаққа айналып, ескі су және канализация құбырлары жүйесінде судың ағып кетуіне (60 пайыздан астам) байланысты тұрғын үйлер, ғимараттарының жер асты және жер үсті құрылымдары құлауда. Жауын-шашын болған жағдайда жер асты суларының жерге жақын жиналғандығынан қара су пайда болуда және де оған байланысты топырақ тұнбаланып, тұздалады. Ол өз кезеңінде қала аумағының ластануына әсер етеді.

Облыста тұрғындардың экологиялық денсаулығына байланысты мәселелер өте өткір тұруда.

Аймақ үшін ірі проблемалардың бірі - ауыз су сапасының төмендігі. Көптеген поселкелерде судың және су тазарту ғимараттарының жоқтығы тұрғындар денсаулығына жағымсыз әсер тигізуде.

Туберкулез, ішек аурулары, вирустық гепатит сияқты аурулар етек алуда. Облыспен Қазақстан Республикасының өнеркәсіп орталықтары арасынан, Орта Азия республикаларынан Ресейдің орталық және еуропалық бөлігіне, теңіз мұнай кеніштеріне және Ақтау теңіз портына транзиттік жүктер ағымы өтетін республикалық маңызы бар жолдар облыста ерекше орын алуда. Сол жолдар техникалық жағдайы бойынша көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысы шарттарына сәйкес келмейді.

Сонымен бірге, республикалық жолдардан елді мекендерге әкелетін кірме жолдар, жергілікті жолдар аймақтың экономикалық және әлеуметтік тіршілігіне қажет жүктердің барлығы тасымалданатын сенімді көлік байланысына деген облыстың қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Қажетті инвестициялармен қамтамасыз етілген жағдайда Атырау облысында жеткілікті еңбек ресурстары, құрылыс-монтаждау ұйымдары мен құрылыс материалдары кәсіпорындары баршылық. Облыс алдында тұрған осы проблемалар елеулі қаржы салумен қатар кідіріссіз шешімін табуын талап етеді және инвестициялардың аймаққа келуіне жағымсыз әсерін тигізеді.

### 2.2.1. Негізгі капиталға салынатын инвестициялар

Нақты қоғамдық капиталды көбейтуге бағытталған инвестициялар қаржылық және материалдық-техникалық ресурстар бола тұрып, экономиканың тиімділігін ынталандыруда ролі бар. Олардың қорлану деңгейі мен пайдалану нәтижесінің көтерілуі нақты өндірісті жандандыру негіздерін салады. Ол дағдарыс салдарын жеңу мен болашақта ұлттық байлықтың өсуінің алғы шарты.

Облыстың инвестициялық саласында соңғы жылдары кәсіпорындар мен ұйымдар белсенділігінің артылуы байқалады. 2001 жылы облыс экономикасы дамуының негізгі капиталына барлық қаржыландыру көздерінен салынатын инвестициялар 175,1 млрд теңге құрайды. Ол салыстырмалы бағада өткен жылғы сәйкес кезеңінен 46,8 пайызға көп.

Инвестицияны (2001 жылғы қаңтар-қараша кезеңінде) қаржыландырудың негізгі көздері - шаруа субъектілерінің өзіндік қаржысы (77,4%) және шетел инвестициялар (19%).

2000-2001 жылдары облыс бойынша Атырау қаласында 600 орындық мешіт, Құрманғазы, Бейбарыс, Дина Нұрпейісова атындағы алаңдар, "Қиял әлемі" ойын-сауық кешені, Дина Нұрпейісова атындағы саз колледжі, облыстық филармониясының ғимараты, Каспий Тұрбақұбыры Консорциумының ғимараты, өлкетану мұражайы мен өнер мұражайының ғимараттары, Құрманғазы ауданы Самаркин өзені үстінен көпір, Индер поселкесінде майда даналық бетондық және гипсокартон бұйымдарының цехы салынған, Дина Нұрпейісова атындағы мәдениет үйі жаңғыртылып, Успен соборы "Мұнайшы" стадионы, Махамбет ауданы Сарайшық селосындағы психикалық жүйке аурулары интернатының ғимараты қалпына келтірілді.

Халел Досмұхамедов атындағы университеттің 1200 орындық қосымша құрылысы салынып, жағалауды бекіту жұмыстары жүргізілді. Атырау қаласында жаяу жол көпірі

және 6 автожол көпірі салынып, пайдалануға берілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 19 мамырдағы 752 "Атырау облысының жергілікті атқарушы органының қарыз алуы туралы" қаулысына сәйкес Атырау қаласында жылына 11 млн. жұмыртқа шығару қуаттылығымен құс фабрикасының құрылысы аяқталған. Оған 300,0 млн теңге жұмсалған.

### 2.2.2. Мемлекеттік инвестициялар

Атырау өзен портын жаңғыртып, кеңейтуі, жақын және алыс шет елдерімен теңіз қатынас дамуының басымды бағыттары болып табылады.

Каспий қайраңы қарқынды игерілене байланысты Атырау портының маңыздылығы артуда. Шетел мұнай фирмаларының Каспий теңізі қазақстандық секторына деген ынтасы мұнай және мұнай өнімдерін тиеу-түсіру бойынша терминалдық жұмысын ұйымдастырумен сауда теңіз порты құрылысын салуды жоспарлауға, сондай-ақ мұнай өндіруші кәсіпорындар үшін порттық қызмет көрсету жұмыстарының орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Портты дамыту жоспарында үлкен көлемді кемелерді пайдалануға ерекше назар қойылады. Сондықтан, портты жаңартуда айлақтарды жаңғыртудан басқа, Жайық-Каспий теңіз арнасын қалпына келтіру қажеттігі қарастырылуда.

Облыстың экономикалық әлеуетінің, халықаралық рынокта іскер байланыстардың өсуімен және әуе көліктік қызмет көрсету нарығының кеңеюімен әуе көлігін дамытуға инвестициялар тарту, жаңа ұшу-қону алаңының құрылысын салу немесе қолданымдағы алабты жаңғырту арқылы бас желілік ұшақтарды қабылдау үшін әуе жай қуаттылығын көбейту, әуе кемелерінің авиациялық паркін дамыту, Каспий қайраңында жұмыс істейтін мұнай компанияларына авиациялық қызмет көрсетуге мамандандырылған тік ұшақпен қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды.

"Ұшу-қону алабын жаңғырту" жобасы мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына енгізілген. Жобаның жалпы құны - 20,0 млн. Америка Құрама Штаттарының доллары. Донор ретінде Еуропалық Жаңғыру және Даму Банкісі белгіленген.

Іріктелген саясат шеңберінде мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын шығарумен айналысатын машина жасау кешені дамытылады. Бірақ нарықтық экономиканың нақтылығы, экономикалық байланыстардың үзілуі, төлем қабілеттілігінің төмендігі осы кешендегі кәсіпорындарды ауыр қаржы-экономикалық жағдайға әкеліп соқтырды. Аймақ негізінен мұнай өндіру саласының дамуына бағытталғанын есептей отырып, сол кәсіпорындарды сауықтыру қажеттілігі сөзсіз.

Отандық тауар өндірушілерді қолдау жөніндегі үкімет шаралары шеңберінде өнеркәсіп саясатының мемлекеттік бағдарламасына енген облыстық машина жасау кәсіпорындарына "Заманмұнаймаш" акционерлік қоғамы және "Шельф" акционерлік қоғамы - қаржылық қолдауды жақсарту жөнінде жұмыс жүргізілуде.

Аймақты мұнай өндіру өнімдерімен қамтамасыз ету үшін 1945 жылдан бастап Атырау мұнай өңдеу зауыты жұмыс жасауда. Зауыттың берілуіне байланысты облыс

индустриялық орталық мәртебеге ие болды. Зауыт облыстың ең ірі салық төлеушісі. Оның жұмысымен аймақтық экономикасы байланысты. Бірақ бүгінгі күннің шығындығы оң болжам жасауға жол бермейді. Мұнайдың әлемдік бағасының ауытқуы, негізгі құрал-жабдықтардың моральдық және табиғи тозуы, мұнай өндірудің төменгі тереңдігі құнды мұнай химия шикізатын дұрыс дәрежеде өңдеуге мүмкіндік бермейді. Ахуалды түбегейлі өзгерту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметі үкіметтік займ , "Марубени" жапон фирмасы мен "Қазақойл" Ұлттық мұнай компаниясының займдарын қоса қаржыландырылуы есебінен 308,0 млн. Америка Құрама Штаттарының доллары сомасына Атырау мұнай өңдеу зауытын жаңғырту туралы қаулы қабылданған.

Жуық арада Атырау мұнай өңдеу зауытында жаңғырту жұмыстары басталады. Ол бәсекелестік қабілеті бар мұнай өңдеу өнімін шығарып, әлем рыногына шығаруға мүмкіндік береді.

### 3. Стратегиялық міндеттер

Барлық жыл ішінде тау-кен өндіру, өңдеу өнеркәсібі, сондай-ақ жылжымайтын мүлік және көлік операцияларына басымдық берілген.

Аймақтағы дамып келе жатқан мұнай өнеркәсібі болашақта облыс орталығының гүлденуіне Батыс Қазақстанның ірі мұнай орталығына айналуына мүмкіндік береді.

Инвестициялық саясат, ең алдымен, экономиканың нақты секторын дамытуға инвестициялық ресурстар тарату және бағыттау үрдісінде мемлекеттің ролін күшейтуді талап етеді.

Ипотекалық несиелер беру, муниципалдық тұрғын үй облигацияларын шығару, құрылыс жинағы жүйесі бойынша несиелер беру арқылы тұрғындар тарапынан болатын сұранымды ынталандыру қажет, ол өз кезегінде құрылыс көлемінің өсуіне, құрылыс индустриясында тапсырыстың артуына және онымен байланысы бар экономика салаларында салық жинауды ұлғайтуға және салық салынатын базаны кеңейтуге, ілгері қарай облыс экономикасын дамытуға және жаңадан құрылған жұмыс орындары санының ұлғаюына әкеліп соқтырады, ол Қазақстан Республикасы Президентінің жұмыссыздық және кедейшілікпен күресу жөніндегі басымдықтағы мақсаттары мен жаңа стратегиясының міндеттері болып табылады.

Бұрыннан облыста қалыптасқан құрылыс материалдары индустриясын дамыту өндіріс көлемін барынша ұлғайтуға мүмкіндік береді.

### 4. Іс-қимыл стратегиясы

Қалыптасқан инвестициялық саясатты талдау негізінде экономиканың өндірістік секторының дамуын қаржыландыру жеткілікті мөлшерде жүргізілмейді деп тұжырым жасауға болады.

Соңғы жылдардағы экономиканы реттеу тәжірибесі көрсетіп отырғандай, шетелдік жеке инвестициялар ешқашан да жоғары сапалы өнім шығаратын бәсекеге қабілетті өндіріс құруға жұмсалмайды. Шетелдік капиталдың өзінің жеке өндірісіне бәсеке ұйымдастырудың тіпті де мәні жоқ.

Энергетика және сауда Министрлігі әзірлеген импорт алмастыру бағдарламасы бойынша Атырау облысының кәсіпорындарына импорттайтын өнімдер номенклатурасы ұсынылды. Мысалы, Атырау облысының "Заманнефтемаш" және "Шельф" кәсіпорындарында өткен жылы "Қазақойл" Ұлттық мұнай компаниясының 36 млн теңге сомасында тапсырысы орналастырылды.

Егер жақын уақытта қазақстан компанияларының тек қана "Тенгизшевройл" кәсіпорнының мердігерлік жұмыстарын орындауға ең болмаса жиырма пайыздық қатысуына қол жеткізсек, ол 250-300 млн Америка Құрама Штаттарының доллары сомасында отандық экономиканың дамуына қосымша инвестиция құйылысын береді.

Шетелдік капитал болсын, отандық капитал болсын, ұзақ мерзімдік негізде экономиканың нақты секторына инвестициялар жұмсамайды.

Шетелдік инвесторлар қызметі ең алдымен сол сәтінде пайда табуға бағытталған.

Инвестициялық саясат стратегиясы, бірінші кезекте, экономиканың нақты саласын дамытуға инвестициялық ресурстарды тартуға және қатыстыру процесіне мемлекет ролін күшейтуді талап етеді.

Өзіне жүктелген құқықтарына сәйкес жергілікті атқарушы өкімет әлеуметтік-экономикалық дамуға жауапты екенін ескеріп, жергілікті атқарушы органдар ролін арттыру қажет:

Қазақстан Республикасы аумағында өз қызметін жүзеге асыратын шетелдік инвесторлардың міндеттемелерін орындауын бақылау және қамтамасыз етудің әлеуметтік, табиғат қорғау шаралары, қазақстандық мамандарды оқыту және жергілікті мердігерлік ұйымдарды тартуды орындау бөлігінде;

ҚР мұнай-газ саласын дамыту бағдарламасын жүзеге асыруда;

Импорт алмастыру Бағдарламасын орындау жөніндегі бақылауды күшейту. Ол қазақстан кәсіпорындарын, еңбек және материалдық ресурстарын ірі инвестициялық жобаларға қатысуына мүмкіндік береді;

Халықтың тұрмыс деңгейін, облыстың өнеркәсіп және әлеуметтік инфрақұрылымдарын жақсартуға бағытталған, инвестициялық жобалар аймағы үшін әлеуметтік жағынан маңызды инвесторлармен бірлесіп, жергілікті атқарушы органдардың жүзеге асыруы жолымен аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын арттыру;

Жұмыссыздық деңгейін төмендету, инвесторлар қаражаты, және кәсіпорындардағы шетелдік жұмыс күші орнына орналасу есебінен жергілікті жұмыс күшінің біліктілігін арттыру, дайындау, оқыту жолымен жұмыссыздықты, шетелдік жұмыс күшін әкелуді азайту;

Облыс аумағында жұмыс істейтін, бірлескен кәсіпорындар мен шетелдік компаниялар қызметін бақылау;

Экономикалық басымдықтағы секторларына отандық және шетелдік компаниялардың құйылуын ынталандыру;

Мемлекеттік инвестицияларды пайдалану тиімділігін арттыру және оңтайландыру, сондай-ақ ішкі жинақтарды жұмылдыру;

Отандық және шетелдік инвесторларға бірдей жағдай жасау;

Инвестициялар тарту және кәсіпорындарды қаржылық сауықтыру;

Құрылыс индустриясын дамытуды қамтамасыз ету;

Облыс елді мекендерін газдандыру;

Облыс елді мекендерін ауыз сумен жабдықтау;

Облыс тұрғындарының қазіргі заманға деңгей мен талаптарға сәйкес келетін сапалы тұрғын үймен қамтамасыз ету және қажеттілігін қанағаттандыру; олардың бағасы мен төлем нысандарын оңтайландыру.

Өндіріс саласын қаржыландыру жөнінде-басымдық аймақтың мұнай-газ саласы мен химия өнеркәсібінің қуаттарын ілгері қарай дамыту болып табылады, яғни "Тенгизшевройл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндірістік қуаттарын кеңейту, Каспий теңізі қайраңын игеру кезінде қосалқы және тікелей инфрақұрылымдар салу. Ол үшін барлық қаржы институттарының, коммерциялық және жеке құрылымдардың кредиттік қызметін жандандыру және ірі ауқымдық ұзақ мерзімдік қаражат жұмсалымын қамтамасыз ету қажет.

4.1. Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін сақтау кезінде шетел инвестицияларының құйылуын ынталандыру

Атырау облысының инвестициялық саясаты сыртқы экономикалық қызметті ілгері қарай ырықтандыру және инвестициялар құйылуын қосымша ынталандырудың бірқатар шараларын көздейді. Көрсетілген іс-шаралар сонымен бірге мемлекеттік органдардың тиісті заңнамалық және нормативтік актілерінен де көрініс табады.

Аймақта жұмыс істейтін бірқатар инвесторлар салық және кеден тарифтері бойынша мол жеңілдіктер мен пұрсаттылықтар алады, олардың мөлшері тікелей инвесторлар көлеміне байланысты.

Тікелей инвестициялар тарту тиімділігін арттыру мақсатында отандық және шетелдік компаниялардың мәліметтер қоржынын құру жөнінде жұмыстар істелуде, принциптілік және тікелей маркетинг әдістемесі негізінде әрбір бөлінген компаниямен жеке-жеке арнайы өзара қарым-қатынас әзірленуде. Жеке алғанда, осындай бағдарламалар шеңберінде инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға мүдделілік танытқан шетелдік компанияларға сапар ұйымдастыру көзделуде. Бірқатар жеке шетелдік компаниялармен тауар, жұмыс, қызмет көрсетулер жеткізу үшін жергілікті тауар өндірушілерді қатыстыру жөнінде мәселелер ойластырылуда.

Облыс экономикасы үшін жеңіл, тамақ, тұрмыстық және сервистік қызмет көрсету салалары сияқты орташа және ұсақ кәсіпорындарды құру тиімдірек.

"WEB" - сайтты ашу барлық мәселелердің жариялануын қамтитын, облыс бойынша инвестициялар тартумен байланысты "Интернет" ғалами торабын құруға мүмкіндік

берді. Сайтта ақпараттық, жарнамалық, анықтамалық және талдау материалдары үнемі қамтамасыз етіледі және жаңартылады.

#### 4.2. Көлік инфрақұрылымына мемлекеттік инвестициялар жұмсау

Ұзақ мерзімдік басымдықтар болып инфрақұрылымдарды, әсіресе көлік және коммуникациялық қызмет рыногын дамыту белгіленді.

Атырау облысында іс жүзінде көліктің барлық түрлері бар - темір жол, әуе, автомобиль, су, тұрбақұбыры.

Облыстың Еуропа мен Азия арасында транзиттік бағытта орналасуы халықаралық тауар, жинақтаушы өнімдер мен шикізат тасымалы кезінде инвесторлар шығынын қысқарту үшін бірегей мүмкіндіктер жасайды. Батыс аймағының көлік инфрақұрылымын дамыту басымдығы, Орталық аймаққа шығудың ең қысқа жолын құру болып табылады. Бүгінгі таңда дамып келе жатқан Батыс Қазақстанды республиканың Орталық және Солтүстік аймақтарымен байланыстыру тұжырымдамасы әзірленді, оның шеңберінде құрамына темір жол ғана емес, автожолдар, электрберілісі желілері, оптикалық-талшықтық кабельдер және т.б. кіруге болатын көлік-коммуникациялық дәліз құрылысын салу көзделген. Бірыңғай дәліз құру әрбір желінің құрылысы кезінде ғана емес, сонымен бірге ілгері қарай пайдалану мерзімінде құнын азайтуға мүмкіндік береді. Түпкі есепте облыс қана емес, республиканы тұтас алғанда ұлттық жол тораптары шекарасында тарифтік және тәуелсіз техникалық саясатты жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Республикалық маңыздағы Атырау-Орал және Атырау-Астрахань автомобиль жолдарын жаңғырту жоспарланып отыр. Атырау-Астрахань автожолын жаңғырту жобасы Жапония Үкіметінің 34.0 млн Америка Құрама Штаттарының доллары көлеміндегі жұмсақ несие желісі бойынша 2001 жылға арналған Мемлекеттік инвестициялар Бағдарламасына енгізілген.

Облыс телекоммуникациясын жаңарту және жаңғырту жүргізіледі. "GSM" стандартының сандық ұялық жүйесі енгізілді, "ИНТЕЛСАТ" жер серігі арқылы Атырау-Ақтау арасында сандық телефон арнасы ұйымдастырылды, бұл осы учаске жұмысының сапасы мен өткізу қабілетін арттырды. Орнықтылығы мен қабылдауды қамтамасыз етуді арттыру үшін "ДАМА" жер серігі байланысы жүйелері орнатылды. Орал мен Ақтау желісін тартумен бірге Шымкент-Ақтөбе-Атырау- Ресей оптикалық-талшықтық байланыс желісін салу жоспарланып отыр.

Инвестиция тарту жаңа сандық Автоматтандырылған телефон стансаларының ескірген стансаларын алмастыруды талап етеді. Бұлардың қатарында қазіргі заманғы ұялы, пейджингілік, жер серіктік байланыстарды дамытып, ескірген телерадиотарату қондырғыларын толық алмастыру да бар.

Бұл арада шетелдік капитал шешуші роль атқарады, бәрінен бұрын телерадиокоммуникацияларды жаңарту тәжірибесі бар, осы заманғы технологиялармен

, валюта қаражаттары мен жұмыс істей білетін инвесторлармен ынтымақтастықта болу керек.

Магистралдық "Теңіз-Новороссийск" мұнай құбырының құрылысын аяқтау үшін Каспий Тұрбақұбыры Консорциумы құрылған болатын. Ол ресей терминалдары арқылы Қара теңізбен мұнай экспорты көлемін ұлғайтуды қамтамасыз етеді. Жүйенің бастапқы жобалық қуаты жылына 28,2 млн

тонна, 4 біртіндеп кеңейту кезеңінен соң қуаты жылына 67 млн тоннаға жетеді. Атырау-Самара тұрбақұбырының өткізу мүмкіндігін жылына 12-15 млн тоннаға ұлғайту жоспарлануда. Жақын арадағы 10 жылда мұнай өндіру көлемі 100 млн тоннаға жететін болады. Бұл арада Қазақстанның ішкі рыногында қажеттілік 15-20 млн тонна аралығында болады. Осыған байланысты мұнай тасымалдаудың Қытай, Иран, Түркияға баламалық жолын іздестіру қажет болады.

IX-бөлім

Күтілетін нәтижелер

1. Экономика саласында

Ұзақ мерзімдік бағытта бәсекеге төтеп беретін экономика құру.

2010 жылға жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімдер деңгейін екі есе көтеру.

Орнықты экономикалық өсімге қол жеткізу үшін қолайлы макро-экономикалық жағдай жасау.

Салық төлеушілер мен мемлекет мүдделерін қанағаттандыратын қолайлы орта құру.

Орнықты бюджеттік жүйе мен әлеуметтік-экономикалық басымдықтарды қалыптастыру.

Орнықты экономикалық өсімді қамтамасыз ету мақсатында, бәсекеге төтеп бере алатын, жоғарғы технологиялық және ғылыми-кең өндірістердің дамуына басымдылық ретте бағыттталатын, ішкі және сыртқы инвестицияларының жоғары деңгейіне қол жеткізу.

2. Мемлекеттік басқару саласында

Экономикалық және саяси өмірдің жаңа жағдайында іс-әрекет жасай алатын, өз функцияларын толыққанды атқара алатын тиімді басқару аппаратын құру.

Қоғамның, оның әрбір азаматының сұранысын қанағаттандыра алатын жергілікті мемлекеттік органдарының тиімді аппаратын құру.

Меритократияға негізделген (жеке сіңірген еңбегі) мемлекеттік қызмет нұсқасын құру.

Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдылықтарды жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

Азаматтардың оған қатысуын кеңейту және мемлекеттік органдардың халыққа есеп беруін күшейту арқылы мемлекеттік басқару негіздерін демократияландыру.

### 3. Индустрия саласында

2010 жылы облыста қалыптасқан кешенді мұнайгаз өндіру секторы дамитын болады. Ол, дүниежүзілік сапа стандарттарына сай келетін, ішкі және сыртқы рынокта бәсекеге төтеп бере алатын облыстың индустриялы кешенін дамытуға мүмкіндік береді.

Облыс экономикасының дамыған индустриял секторы полипропилен, резина-техникалық бұйымдар, полимерлік материалдар өндіретін мұнай-химиялық өнеркәсіптің, құрылыс индустриясының, машина жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсіптерінің дамуына мультикативтік әсер етеді. Мамандандыру салаларына қызмет ететін өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдар: техника мен жабдықтар, жылу-, электр- және сумен жабдықтау жүйелері мен көлік коммуникацияларын жөндейтін кәсіпорындар, әлеуметтік инфрақұрылым объектілері дамитын болады.

Атырау мұнай өңдеу зауытын жаңғырту жүргізілгеннен кейін, қою майды қоса, жоғары сапалы мұнай өнімдерінің кең ассортименті өндірілетін болады. Бәсекеге төтеп бере алатын полиэтилендік тұрбалар шығарылады.

Облыстың машина жасау кешені ("Заман-Нефтемаш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Шельф" ашық акционерлік қоғамы) мұнай-газ секторына ғана емес, аграрлық сектор мен көлік кәсіпорындары үшін экспортқа бағытталған өнім шығарады, сондай-ақ оны жақын және алыс шетел елдерге шығаратын болады.

Аграрлық және тамақ секторлары республикадан тыс аумақтардан әкелінетін сапасыз арзан тауарларының өктемдік жүргізуінен аймақтың азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Оған импорт алмастыру шеңберінде тек қаланы ғана емес, сонымен бірге аймақтың экономика салаларын қамтитын селодағы агробизнестің орнығуы негіз болады.

Біріне-бірі байланысқан тауар және қызмет рыноктары тауар-қор биржаларының дамуы, ақпараттық техника мен технологияларды, маркетингілік аппараты мен менеджменті дамыған бизнес-орталықтарын ауқымды пайдалану арқылы өндіріледі.

### 4. Инфрақұрылым саласында

Каспий тұрба құбыры консорциумы есебінен Тенгиз-Новороссийск магистралдық мұнай құбырының құрылысы аяқталғаннан кейін Қара теңіздегі Ресей терминалдары арқылы мұнай экспорты көлемінің ұлғаюы қамтамасыз етіледі. Жүйенің алғашқы жобалық қуаты жылына 28,2 млн тонна құрайды, кеңейтудің 4 жүйелі кезеңдерінен кейін жылына 67 млн тоннаға дейін жетеді. Атырау-Самара құбырының өткізу қабілетін жылына 12-15 млн. тоннаға дейін өсіру жоспарлануда. Алдағы 10 жылда мұнай өндіру көлемі 100 млн. тоннаға дейін жетеді. Ал Қазақстанның ішкі

рыногындағы сұраныс 15-20 млн. тонна шамасында болады. Соған байланысты Қытай, Иран, Түркия бағыттарына мұнайды тасымалдаудың балама жолдарын іздестіру қажет болады.

## 5. Әлеуметтік салада

Сапалы білім бағдарламалары мен олардың халықтың қалың көпшілігіне қол жеткізуін қамтамасыз ететін, тиімді жұмыс істейтін білім жүйесін құру.

Арнайы оқуды қажет ететін балаларды қоса, орта мектеп бағдарламасы бойынша мектеп жасындағы балаларды оқумен 100% қамту.

Халықтың медициналық қызмет көрсету көлемі мен сапасына сұранысын қанағаттандыру, алдын-алу бағыттылық, қол жеткізу мен сабақтастық негізінде денсаулық сақтаудың даму жолдарын белгілеу.

Халықты толық өнімді жұмыспен қамтамасыз ету.

Жұмыссыз халықтың жұмысқа орналасу деңгейін көтеру, жаңа жұмыс орындарын ашу және жеке жұмыспен қамтуды кеңейту.

Халықтың кедейшілік деңгейін төмендетуге, қайыршылықты жоюға, өмір

сүру жағдайын жақсартуға бейімделген, әлеуметтік қорғаудың тиімді жұмыс істейтін жүйесін құру.

Көбіне мемлекет есебінен жүзеге асқан әлеуметтік қамту жүйесінен әлеуметтік сақтандыру қағидаларына көшу.

Экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша жалданатын қызметкерлердің еңбек ақы деңгейін көтеру.

Атаулы әлеуметтік көмектің тиімділігін арттыру.

(Мамандар: Ержанова К.С., Хасанов М.Х.)